

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.2.016

Қолжазба құқығында

АТАБЕКОВА БАКТЫГУЛ БОТАБЕКОВНА

**Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге
қабілеттілігін дамыту**

6D010300 - Педагогика және психология

Философия докторы (Ph.D)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
п.ғ.д., профессор
Тұрғынбаева Б.А.
Шет елдік кеңесші
Prof. Dr., Yusuf Budak
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
I БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Болашақ педагог мамандарды даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы.....	14
1.2 «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», ұғымдарының мәні, құрылымы, мазмұны, өзара ара қатынасы.....	27
1.3 Бәсекеге қабілетті педагогтар даярлаудың әдіснамалық негіздері.....	42
II ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК - БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ	
2.1 Білімдегі әлеуметтік серіктестік феномені.....	51
2.2 Әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілетті педагог даярлаудың шетелдік тәжірибесі.....	63
2.3 Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	74
III БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	
3.1 Болашақ педагогтарды даярлау мазмұны мен бәсекеге қабілеттілігін дамытудың бастапқы жағдайы.....	84
3.2 Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы әлеуметтік серіктестік технологиясының әлеуеті.....	96
3.3 Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары.....	109
ҚОРЫТЫНДЫ.....	124
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	126
ҚОСЫМШАЛАР.....	139

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы, 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487–IV ҚРЗ, Астана, Ақорда.

2. «Педагог мәртебесі туралы». Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ, Нұр - Сұлтан, Ақорда.

3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана

5. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. ҚР Президентінің 2012.27.08. № 371 жарлығымен бекітілген.

6. Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырушы ұйымдар қызметінің типтік ережелері.

7. Білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген кредиттік оқу технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі.

8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2016 ж. 1 наурыз, №205 Жарлық.

9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.)

10. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014 ж)

11. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015 ж)

12. «ҚР әлеуметтік әріптестік туралы» Заң 2000 жыл 18 желтоқсан N129 - \\\ Труд в Казахстане: проблемы, факты, комментарии.-2001.№1

13. ҚР «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ. – Алматы Жеті жарғы. 23 қаңтар,-2001ж.14. ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Педагогтің кәсіби стандарты» 2017 ж. 8 маусым № 133 бұйрығына қосымша.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Әлеуметтік белсенділік — әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы қарым-қатынасқа бағытталған, қоғамдық даму мәселелеріне сәйкес өзін және социумды өзгерту бойынша ішкі (психикалық) және сыртқы (практикалық) қызмет процесінде жүзеге асатын тұлғаның тұрақты қасиеті және әлеуметтік маңызы бар әрекеттердің жиынтығы.

Әлеуметтік серіктестік – білім жүйесінің және жұмыс беруші әртүрлі тараптармен өзара, сондай-ақ жүйенің сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуі.

Бәсеке – бәсекеге қабілеттіліктің негізгі ынталандырушы түрткісі.

Бәсекеге қабілеттілік – құндылық пен жоғары сапаның көсеткіші. Тұлғаның дамуы барысындағы мақсаттың нақтылығы мен құндылық бағдарларының жиынтығы.

Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі – білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мен нақты нәтижеге бағытталуда көрінетін, болашақ педагогтың кәсіби қызметке қызығушылығын, рухани адамгершілік қасиетін, инновациялық белсенділігін, кәсіби ұтқырлығы мен рефлексияға қабілеттілігін көрсететін кіріккен даралық және тұлғалық сапасы.

Тұлғаның кәсібилігі - бұл кәсіби маңызды және тұлғалық-іс-әрекеттік қасиеттерді дамытудың жоғары деңгейін бейнелейтін еңбек субъектісінің сапалық сипаты, ілгерушілік дамуға бағытталған креативтіліктің жоғары деңгейі, түрткілер жүйесінің және құндылықтық бағдарлардың адекватты деңгейі.

Серіктестік – кәсіпкерлік қызметке қатысушылар мен олардың әріптестерінің мақсатты түрде бірігуі. Серіктестіктің барлық жақтары ортақ қызметтің нәтижесі үшін толық жауапкершілікті көтереді.

Шеберлік - иілгіш дағдылар мен шығармашылық көзқарас негізінде қол жеткізілген, белгілі бір саладағы кәсіби біліктердің жоғарғы деңгейі ретіндегі, практика арқылы жинақталған тұлғаның сапасын сипаттайтын, акмеология мен еңбек психологиясына жататын категория.

Іс-әрекет кәсібилігі – жоғары кәсіби біліктілікті және құзыреттілікті, сонымен бірге шығармашылық шешімдерге, қазіргі алгоритмдер мен кәсіби міндеттердің шешілу тәсілдеріне негізделген тиімді кәсіби дағдылар мен біліктерді, бейнелейтін жоғары тұрақты өнімді іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еңбек субъектісінің сапалық сипаты.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР - Қазақстан Республикасы

ЖОО - Жоғары оқу орны

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

БДТІ - «бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет»

ЗІ – зерттеушілік іс-әрекет

КЕ- кешенді емтихан

МК – міндетті компонент

ТК – таңдау компоненті

ТжКББ – техникалық және кәсіптік білім беру

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

КСРО – Кеңестік социалистік республикалар Одағы

PhD – философия докторы

ҚазҰПУ – Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ҚазҰҚПУ – Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

БТ- бақылау тобы

ЭТ – эксперименттік топ

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Бүгінде Қазақстан әлемнің озық отыз елінің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы және соған сәйкес әлемдік біртұтас білім беру кеңістігіне ену жағдайына байланысты жоғары оқу орындарында нарық талаптарына сай: өндіріс әлеміне еркін ене алатын, мәртебелі әрекет етуге негіз болатын білім, білік, дағдылары қалыптасқан, ең бастысы тұлғалық сапалары дамыған бәсекеге қабілетті мамандардың жаңа типін қалыптастыру міндеттеріне басымдылық беруде.

Бұл ретте Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз алдымен сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп білім саласының алдына зор міндет жүктегендігі белгілі [1].

Сондай-ақ, «Кәсіптік білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағдарлауға тиіспіз» - деген, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жолдауында білім беру ұйымдарында, болашақ мамандарды дайындаудағы басты басымдылықтың сапаға бағытталғандығы айқын аңғарылады [2].

Мұндай жоғары міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [3], ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы [4], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [5], Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы [6], Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары [7] және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар құрайды.

Қазіргі кезде жастарға жоғары кәсіби білімі бар екендігін дәлелдейтін құжаттың мамандық бойынша мәртебелі жұмыс орнын алуға кепілдік бермейтіндігі белгілі. Жас мамандардың еңбекке орналасуындағы қиындықтарының басты себебі көп жағдайда бәсекеге қабілеттіліктің төмендігінен болып жатады.

Тәуелсіз еліміздің нарық экономикасына көшуіне байланысты жұмыс берушілер «кәсібилік» терминінің орнына көбіне «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын қолдана бастады. Өйткені есориялық дайындығы жоғары, ал практикалық дағдыларды еңбек ету барысында қалыптасуына бағытталған мамандар даярлаудың көпжылдық тәжірибесі бәсекеге қабілетті мамандарға деген мұқтаждыққа алып келді. Ал бәсекеге қабілетті маманды тек бәсекеге қабілетті педагог қана дайындай алатыны белгілі.

«Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы – экономика саласына қатысты қолданыла отырып, негізінен өндірілетін тауарлардың сұранысқа ие болуын сипаттағанымен, қазіргі кезде өнеркәсіптік өнімнің құндылық және сапалық параметрлерін көрсететін жан-жақты ұғымға айналғанын көреміз. Бұл ретте, педагогикалық жоғары оқу орындарының басты өнімі, елдің ертеңгі күнгі үміті бала тәрбиесімен айналысатын болашақ педагогтар болғандықтан, олардың бәсекеге қабілеттілігі – білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мен нәтижеге

бағыттауда көрінетін, терең білімділігін, инновациялық әрекетке дайын болуы, педагогикалық шеберлігі мен ұтқырлығын көрсететін тұлғалық сапасын көрсетеді.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау - жалпы қоғамдық іс. Сондықтан, оған деген жауапкершілік те жоғары оқу орындары және маман даярлауға қатысы бар әлеуметтік институттар арасында бірдей болуы тиіс. Бұл ретте диалог, ынтымақтастық, ұжымдық қауымдастық идеяларын практикада қолдану арқылы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамыту сияқты жаңа парадигмалық бағыттың туындауы заңдылық.

Педагогикалық лексиконда соңғы уақыттарда ғана қолданылып жүрген «Әлеуметтік серіктестік» ұғымының астарында, білімді басты құндылық ретінде қабылдайтын азаматтық қоғамның ерекше «институты» түсінігі жатыр. Білім берудегі әлеуметтік серіктестік білімге қатысы бар әртүрлі әлеуметтік институттардың (жұмыс берушілер, еңбекпен қамту орындары, кәсіподақтар, мәдениет, спорт мекемелері, ата-аналар т.б.) өзара әрекеттестігін көрсетеді. Мұндай байланыс негізінде білім беру жүйесінің практикалық бағыттылыққа қарай өзгеруі орын алады.

Осы орайда, жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес, ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдаулар қарастырғалы отырған мәселенің көпжақтылығын, алыс және жақын шетелдік, отандық: философия, психология, педагогика, әлеуметтану, экономика саласы ғалымдарының болашақ маман даярлау мәселелерінің әртүрлі астарларын бірнеше бағыттарда қарастырғанын көрсетті. Әлемдік білім беру жүйесінде өткен ғасырдың орта тұсынан басталған осы бағыттағы үдеріс нәтижесінде қазіргі кезде бұл мәселені көтеріп, оның түрлі қырларын терең зерттеуге қажетті ғылыми қор бар деп есептеуге болады.

Атап айтсақ,

- мамандарды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне В.И.Андреев, П.Ф.Каптерев, Н.В.Кузьмина, Л.А.Кандыбович, М.Ә.Перленбетов, А.Қ.Қозыбай т.б.;

- болашақ педагог мамандарын даярлаудағы біртұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы мәселесінің әртүрлі аспектілері Н.Д. Хмель, А.А.Бейсенбаева, Н.Н.Хан, К.Ш.Ахияров, И.Е.Синица, М.С.Молдабекова, О.А.Абдуллина, Г.К.Нұрғалиева т.б.;

- болашақ педагогтардың кәсіби, ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру, табыстылық идеялары шет елдік, ресейлік, отандық ғалымдар: А.А.Ангеловский, Э.Ф.Зеер, Л.М.Митина, А.А.Власова, Е.В.Евполова, О.А.Любченко, В.Н.Мезинов, С.М.Кеңесбаев, А.К.Рысбаева, К.У.Кунакова, К.С.Құдайбергенова, М.А.Абсатова, М.К.Джандильдинов және т.б.;

- болашақ мамандарды әлеуметтік серіктестік негізінде, дуальді оқыту жағдайында даярлау: Yusuф Budak, O.Oktam, B.H.Якимец, И.А.Куликова, И.П.Смирнов, Н.В.Тюкалова, А.М.Рахимова, У.М.Әбдіғапбарова, З.А.Нагайбаева, X.C.Аймамбетова, А.А.Бейсенова және т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Соңғы жылдары елімізде дуальді оқыту жүйесі аясында мамандар даярлау

мәселесіне арналған біраз зерттеулер жүргізілгенін атап өтеміз. Олардың қатарына: Ж.О.Нұржанбаева, Ж.Е.Алшынбаева, А.А.Сманова, Р.А.Мамедовтың еңбектері жатады

Жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің арнайы зерттелмегендігін көрсетіп:

- қоғамның бәсекеге қабілетті педагогтарға деген аса зәрулігі мен бұл түйткілді шешудегі әлеуметтік серіктес мекемелердің әлеуетін толық пайдалану мәселесі педагогика ғылымында жеткілікті қарастырылмауы арасындағы;

- кәсібилігі жоғары педагогтар даярлау жалпы қоғамдық мәселе ретінде танылғанымен, бұл іске жұмыс беруші ұйымдарды тікелей араластырудың нақты дидактикалық тетіктерінің жасалмауы арасындағы **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетті.

Көрсетілген қарама-қайшылықтар ғылыми ізденістің бағытын айқындап, жоғары педагогикалық оқу орнында бәсекеге қабілетті педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде даярлауды нәтижелі студент жолдарын қарастыру **мәселесін** туындатып, зерттеу тақырыбын: **Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту**» деп таңдауға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік - эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары педагогикалық оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеу пәні: кәсіби білім беру үдерісінде болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер* білім саласындағы әлеуметтік серіктестіктің мүмкіндіктерін пайдалану негізінде жасалған құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеме жоғары педагогикалық оқу орнының тәжірибесіне ендірілсе, *онда* болашақ педагогтардың кіріктірілген сапасы ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін дамытудың нәтижелілігі артады, *бұл жағдайда* кәсіби білім беруді тәжірибемен ұштастыру идеясы жүзеге асып, нарық талаптарына сай мамандар даярлау мүмкін болады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздерін айқындау.

2. «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», «әлеуметтік серіктестік» ұғымдарының мәнін, мазмұнын, өзара қатынасын анықтау.

3. Әлеуметтік серіктестік негізінде маман даярлаудың шет елдік тәжірибесіне талдау жасау.

4. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастырып, ғылыми тұрғыда негіздеу.

5. Ресурстық орталық жағдайында болашақ педагогтардың әлеуметтік

серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың әдістемесін дайындап, эксперименттен өткізу, жоғары оқу орындары оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал мен ұсыныстар дайындау.

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы – әлеуметтік серіктестік білім беру мекемесінің ресурсы ретінде, кәсіби мәселелер саласындағы мамандардың өзара әрекеттесу технологиясы ретінде және әртүрлі әлеуметтік топтар мен мемлекет мүдделі болатын қарым-қатынастың белгілі бір түрі ретінде жоғары білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді

Зерттеудің теориялық әдіснамалық негіздерін диалектикалық таным теориясы, жеке тұлғаның дамуы мен әрекет теориясы, біртұтас педагогикалық үрдіс теориясы, үздіксіз білім және кәсіби педагогикалық білім, тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы жайлы теориялар, «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», «әлеуметтік серіктестік» ұғымдарына қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі ой тұжырымдар құрайды.

Зерттеу көздері: бәсекеге қабілеттілік, бәсекеге қабілетті педагог пен әлеуметтік серіктестік жайлы философтардың, психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің, экономика мен әлеуметтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми материалдары (Заңдар мен бағдарламалар), Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары (тұжырымдамалар, бағдарламалар, стандарттар, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.), ғылыми-педагогикалық мерзімді басылымдар.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші, теориялық-жобалаушылық кезеңде (2015-2016 жж.) зерттеу мәселесі айқындалып, ғылыми аппараты құрылды, тақырып бойынша отандық, алыс және жақын шетелдік материалдар жинақталып, талданды. Диссертациялық жұмыстың түйінді ұғымдарының өзара байланысы анықталып, терминологиялық өрісі кеңейтілді.

Эксперимент жұмысының жоспары, әдістемелік бағдарлама жобасы, диагностикалық әдістемелер әзірленді және айқындаушы эксперимент базалары айқындалып, жоспарға сай сауалнамалар алынып талдаулар жасалынды. Оқу орындарының педагог-психолог мамандарын даярлау үшін жасалған құжаттары зерделенді.

Екінші, үлгілеуші кезеңде (2016-2017 жж.) Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, әлеуметтік серіктес мекемелерімен келісім-шарт жасалып, еріктілерден құралған «Кемел» ресурстық орталығының ережесі, бағдаоламасы бекітілді, жоспарға сәйкес қалыптастыру эксперименті жүргізілді, теориялық материалдар жүйеге келтірілді.

Үшінші, қорытынды кезеңде (2017-2018 жж.) Әзірленген модельдің тиімділігін тексеру үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді, алынған нәтижелер сандық және сапалық өңделді, қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеу әдістері:

- *теориялық* (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтану мен психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық-әдіснамалық, логикалық тұрғыда талдау жасау; зерттеудің ғылыми болжамын нобайлау, модельдеу, тұжырымдау);

- *эмпирикалық* (бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу, өзіндік талдау, нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау және шешу, өзіндік және шығармашылық тапсырмаларды талдау, педагогикалық эксперимент).

- *зерттеу* барысында алынған мәліметтерді *математикалық және статистикалық* тұрғыда өңдеу.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық және Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеттері. Педагогикалық эксперимент жұмысына қатысқан «5B010100-Мектепке дейінгі білім мен тәрбие», «5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «5B010300-Педагогика және психология» мамандықтарының студенттері.

Эксперименттік жұмыстар Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология кафедрасында, Алматы қаласы М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейде, Алматы қаласының №1 Педагогикалық колледжінде, Б.Момышұлы атындағы №131 лицейде, «Нұр бағдар» мемлекеттік психологиялық орталығы базаларында жүргізілді. Экспериментке барлығы 161 студент қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні

1. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері айқындалды.

2. «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», «әлеуметтік серіктестік», ұғымдары енетін зерттеудің түсініктік-терминологиялық өрісі кеңейтілді.

3. Әлеуметтік серіктестік негізінде маман даярлаудың шет елдік тәжірибесі талданды.

4. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды.

5. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуға негіз болатын еріктілерден құралған «Кемел» ресурстық орталығының Ережесі, бағдарламасы дайындалып, тәжірибеден өтті, жоғары оқу орындары оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал мен ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің практикалық мәні болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамыту моделінің жасалуында, еріктілердің «Кемел» ресурстық орталығының Ережесі, тиімді әдістерден түзілген бағдарламасы, оны жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық эксперимент жүргізіліп, қорытындылануы мен соның нәтижесінде ғылыми ЖОО оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал әзірленуінде. Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ маман дайындау үдерісінде барлық

мамандықтарға бейімдей пайдалану мүмкіндігінің мол болатындығымен сипатталады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту қазіргі заманғы білім берудің нысаналы бағдары болып табылады. Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері – бұл педагогтарды кәсіби даярлау мәселесіне арналған, маманның педагогикалық әрекетке дайындығын оның қалыптасқан кәсібилігінің құрамдас бөлігі, тұлғаның ішкі белсенділігінің біртұтас көрінісі ретінде қарастыратын философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік теориялар жүйесі.

2. Бәсекеге қабілеттілік - әлеуметтік белсенділік, жоғары сапаның көрсеткіші ретінде: нақты мақсаттар мен құндылық бағдарлар, бейімділік, талант, еңбекқорлық, кәсіби міндеттерді сәтті орындау үшін қажетті зиялылық деңгейі, маманның табысқа жетуге тұрақты ұмтылысы сияқты тұлғаның жеке және кәсіби қасиеттерінің жиынтығы.

3. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі – жоғары кәсіби білім алу барысында болашақ педагогтың табысты кәсіби әрекетке дайындығын қамтамасыз ететін тұғырларды, ұстанымдарды, өзара байланысатын компоненттерді, көрсеткіштерді, құралдар мен әдіс формаларды ашып көрсететін әдіснамалық, теориялық, әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығынан түзілген құрылым.

4. Маман даярлауда білім беру мекемелері мен әлеуметтік серіктестердің өзара бірлестігінің халықаралық тәжірибесіне жасалған талдаулар - университет білімі, озық ғылыми жетістіктер мен кәсіпкерлік ынтымақтастық дәстүрі осы үдеріске қатысушылардың барлығы үшін жоғары нәтижелі деңгейге жетуге мүмкіндік беретін бір мақсаттағы, ұйымдасқан әрекет екендігін көрсетеді.

5. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған еріктілерден құрылған «Кемел» ресурстық орталығының жасалған бағдарламаға сәйкес жұмысы, оны жүзеге асыруда қолданылған әдістер мен формалар зерттеліп отырған сапаның жетілуіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі – зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдістемелер мен әдіс-тәсілдердің қолданылуы, болашақ педагогтардың өзіндік танымдық іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық, еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен; тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижелерін өңдеумен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етіледі.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде тақырыптың көкейкестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, нысанасы, пәні, ғылыми болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негізі, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық

маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, практикаға енгізілуі баяндалады.

«Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде болашақ педагогтар дайындау мәселесінің отандық және шетелдік зерттеулерінде талдануы, сонымен бірге, бәсекеге қабілетті педагог даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары сипатталып, «бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» ұғымдарының мәні мен өзара байланысы қарастырылады.

«Әлеуметтік серіктестік - болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту құралы» атты екінші бөлімде «әлеуметтік серіктестіктің» мәні мен болашақ бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы отандық және шет елдік тәжірибелерге талдаулар мен педагогикалық жіктемесі келтірілді. Аталған сапаны дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің мақсат, міндеттері, өлшемдері мен компоненттері, көрсеткіштері, деңгейлеріне ғылыми сипаттама беріледі.

«Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуды ұйымдастыру» атты үшінші бөлімде әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы «Кемел» ресурстық орталығының Ережесі, бағдарламасы, ЖОО мен әлеуметтік серіктес мекемелерінің бірлескен әрекетінің бағыттары, мазмұны және технологиялары мен зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар және олардың қорытындылары келтіріледі.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар мен ұсыныстар сипатталады.

Қосымшада диссертациялық жұмысқа еңбеген қосымшалар және зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық және анықтамалық материалдар беріледі.

Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру: Диссертациялық жұмыс мазмұны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология институты, «Педагогика және психология» мамандығы кафедрасы отырыстарында, халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларында талқыланды.

Зерттеу жұмысының негізгі қағидалары мен нәтижелері төмендегі басылымдарда ғылыми мақалалар түрінде жарық көрді:

1. Болашақ педагогикалық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің зерттелу жайы // А.Яссауи Университеттің 25 жылдығына және п.ғ.д., профессор Ә.Ә.Усмановтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Түркістан қаласы. 22-23 сәуір 2016ж. –Б.161-165.

2. Қазақстандық зерттеушілер еңбектеріндегі «құзыреттілік» ұғымының контент-талдауы (мерзімдік басылымдар мысалында 2005-2011жж.)//«Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» Жас ғалымдарға арналған VIII

халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы қ. 8 сәуір 2016 ж. - Б. 9-11.

3.Заманауи білімдегі әлеуметтік серіктестік ұғымының мазмұны//International Scientific and Practical Conference «WORLD Science» Multidisciplinary Scientific Edition. U.A.E. №9 (13), Vol.3, September 2016. 5-9.

4.Педагогика саласындағы әлеуметтік серіктестікті жүзеге асырудың ерекшеліктері // Хабаршы «Психология» сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2016. - №3 (48). - Б 51-55.

5. Problems and Prospects of Social Partnership in the Professional Pedagogical Education // Eurasian Conference on Language & Social Sciences. Antalya, Turkey. May 22 - 24, 2017 -164

6. Білім мекемелері мен кәсіпорындардың өзара әрекетінің халықаралық практикасын талдау нәтижелеріндегі әлеуметтік серіктестік мәселесі //«Педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту: тәжірибе, амалдар, проблемалар» атты мұғалімдер мен ғалымдардың 2- Республикалық жыл сайынғы конференциясының материалдары. Алматы қ. 18-19 мамыр 2017. - б.108-111.

7.Әлеуметтік серіктестік болашақ педагогтарды даярлаудың инновациялық формасы ретінде //Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. - Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2018.- № 1(61).- б.76-81.

8. Жоғары оқу орнында болашақ педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін анықтаудағы сауалнаманың ролі. //Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. VХалықаралық Фараби оқулары. Алматы қ, 9-12 сәуір 2018ж- 499-502 бб.

9.Роль социального партнерства в системе образования//Хабаршы «Психология» сериясы. - Абай ат. ҚазҰПУ. – 2019. - №1 (58). - Б 173-177.

10. Әлеуметтік серіктестік - болашақ педагог мамандарын даярлаудың инновациялық бағыты. «Үздіксіз педагогикалық білім беру мәселелері: дәстүр және инновациялар»: Еуразиялық педагогикалық университеттер қауымдастығының Халықаралық форумының материалдары. Екі томдағы. – Бірінші том. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – 190-193 бб.

11. Determination of Social Acceptance Levels of Primary School Students towards Inclusive Students: A Mixed Method Study\\Elementary Education, Online, 2019; 18 (4):p. 1520-1538 [Online]:<http://ilkogretim-online.org.tr> doi:10.17051/ilkonline.2019.632374

12. Development of competitiveness of future teachers on the basis of social partnership. \\Opción, Año 35, Especial No.20 (2019): 1140-1154 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385

13. «Әлеуметтік серіктестік технологиясы» атты ғылыми – практикалық құрал. Алматы, - 2020 100 б

I БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ педагогтарды даярлау мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы

Бүгінде тәуелсіз еліміз - ұлттық білім берудің өзіндік жүйесі мен үлгісі және сапасын қамтамасыз ететін заманауи үдерістерді, технологияларды ескере отырып, болашақтағы даму мүмкіндіктерін айқындауда. Қазақстанның егемен мемлекет ретінде, Лиссабон декларациясына қол қоюы мен Болон үдерісіне қатысуы және т.б. әлемдік білім беру кеңістігіндегі өзіндік орнын көрсетеді. Бұл жағдай жоғары білім берудегі сапа мен технологиялық жетістіктерді анықтайтын мемлекетіміздің әлеуметтік-мәдени қызығушылықтары мен білімденудің жаһандық үдерістерін ескере отырып, жоғары білім беру жүйесін қарқынды дамытуды жолға қояда.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде еңбекке, іс-әрекеттің алуан түрлеріне адамның даяр болу феномені туралы теориялық және практикалық материалдар жинақталған. Оларда «дайындық» ұғымы тұжырымдалып, оның мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері анықталып және көрініс беруінің динамикасы, ұзақтығы мен тұрақтылығына әсер ететін шарттары айқындалды. Жалпы кәсіби іс-әрекетке даярлық іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді күйі ретінде қарастырылады; іс-әрекеттің салдары; кәсіби жағдаяттарға бағдарды анықтайтын сапа ретінде; мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғы шарты ретінде сипатталады.

Осы орайда, жоғары педагогикалық оқу орны түлектерінің тек кәсіби күзіндеттіліктерді ғана игеріп қоймай, сонымен қатар бәсекеге қабілетті болуы, яғни бақталастық жағдайында меңгерген теориялық білімдері мен білік, дағыларын жүзеге асыра алуға даяр болуы аса маңызды. Бұл ретте, «дайындық», «даярлық», «даяр болу», ұғымдарының мәнін ашу қажеттілігі туындайды.

Сөздіктерде «дайындық» сөзі әр түрлі мағынада беріледі: «жағдай», «бір нәрсеге дайындық»; «бір нәрсеге бел буу»; «бір нәрсені пайдалануға жарамды күйге әкелу»; «бір нәрсе жасауға қадам жасау» [8], т.с.с.

Жоғары өнімділік дәрежедегі іс-әрекетке «дайындық» немесе «даяр болу» ұғымын Б.Г. Ананьев «қабілеттердің көрініс беруі» деп [9], В.А.Крутецкий «іс-әрекетке дайындықты» тұлға қасиеттерінің синтезі деп таниды [10]. Профессор С.И.Архангельскийдің пікірінше, педагогтың ұстаздық әрекетке «даяр» болуы оның өз пәнін шебер жүргізе алуында, оқу ақпаратын ұғынықты жеткізе білуінде, оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын оята алуында, өзінің еңбекқорлығы, табандылығы, педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігінде көрінеді [11]. Айтылған пікірлерде педагогтың кәсіби әрекетке дайындығын көрсететін негізгі сапалар айқындалған деп санаймыз және олардың біздің жұмысымыз үшін маңызы жоғары.

Тұлғаның кәсіби іс-әрекетке даяр болуы оның кәсіппен айналысуға деген дайындығының саналы түрде ұғына бермейтін күйі, ол арқылы тұлға өзінің

қажеттілігін қанағаттандыратын бағдары да болып табылады. Бұл дегеніміз, тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы оның сол мамандыққа бағыттылығына да тікелей тәуелді екендігін білдіреді. Атап өтсек, И.А.Кучерявенко дайындықты мүмкіндіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоционалдық және ерік-жігерлік қасиеттердің жиынтығы арқылы оның жалпы психо-физиологиялық күйі ретінде; белгі бір әрекеттерді орындауға бағдарланған тұлғаның бағыттылығы деп біледі [12]. Бұған қатысты, кәсіби әрекетке даяр болудың психологиялық астарларын автор жеткілікті көрсете алған. Көрсетілген қасиеттер жиынтығы бойында қалыптаспаған педагог өз жұмысын табысты орындай алмайды деген пікірімізді де қосамыз.

Кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесін іс-әрекеттік тұрғыдан Л.А.Кандыбович тұлғаның барлық жақтарының көрініс беруіндегі оның біртұтастылығы деп есептейді [13]. А.А.Деркач кәсіби іс-әрекетке тұлғаның дайындығын зерттеу барысында оны маман тұлғасының барлық жақтарының біртұтас көрініс беруі ретінде қарастырып, оған танымдық, мотивациялық және эмоционалдық компоненттерді кіріктірген. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-құндылықтың негізгі компонент ретінде анықтайды [14]. Екі ғалым да педагогикалық әрекетке даяр болуды жеке тұлғалық сапалардың біртұтастығымен байланыстыруы көңілге қонымды. Біздің жұмысымызда да бұл басты орында болады.

О.В.Юдин өзіне дейінгі жазылған еңбектерді талдай келе «даяр болу» категориясына: - *құндылық тетік* ретінде ішкі сенімділікті;

- *мотивациялық тетік* ретінде әрекетке деген қажеттілікті;
- *субъектілік тетік* ретінде кәсіби сапалардың қалыптасқандығын;
- *еріктік тетік* ретінде кәсіпте жетілуге деген ұмтылысты;

- *операционалдық тетік* ретінде замануи құралдарды пайдалана алу деген сипаттама береді [15]. Автор ұсынып отырған «даяр болу» тетіктері болашақ педагогтың педагогикалық қызметіне қажетті сапа, білік, дағды жиынтықтары болғандықтан аса маңызды деп ойлаймыз.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылатындығын анықтадық. Сонымен бірге, бір жағынан, «дайындық» дайындау үдерісінің нәтижесі, екінші жағынан, бір нәрсеге бағдарлану ретінде түсіндірілетіндігіне көз жеткіздік.

Белгілі бір әрекетті орындауға «даяр болу» ұғымының өте кең тарағанына қарамастан, психологиялық педагогикалық интерпретациясы әралуан. Бір жағынан даяр болу әрекетті табысты орындаудың шарты, өз практикасына сүйеніп мәселені шешудегі тұлғаның белсенділігі, өзін - өзі жүзеге асыруы, әрекеттің алғышарты әрі реттеушісі ретінде, екінші жағынан – даяр болу тұлғаның сапалары мен қасиеттерінің жиынтығы, «кешенді сапасы», «жүйеленген сапалар жиынтығы» ретінде анықталады.

Л.М. Осиновская «педагогикалық әрекетке даяр болуды», төмендегі төрт компоненттен тұрады деп есептейді:

- *тұлғалық даярлық* компоненті - педагогтың өз өмірлік бейнесін ұғынуы, өзі таңдаған өмір жолына сәйкес өзінің нақты бағдарламасын құра алуы, білім беру барысындағы жағдаяттарды шеше алуы;

- *анперцептивті-аксиологиялық* компонент – педагогтың қоршаған әлемнің құндылық мағынасын айқындай алуы;

- *когнитивтік* компонент - педагогикалық, психологиялық білімдер мен біліктер жүйесінен құралған теориялық дайындығының болуы; кәсіби педагогикалық даяр болудың төртінші компоненті –

- *ұйымдастырушылық* - педагогтың білім алушыларды белсенді әрекетке тарта алу біліктерінің болуы [16]. Ғалымның пікіріндегі көрсетілген компоненттер бәсекеге қабілетті педагогтарды сипаттауда басшылыққа алатын идеялар деп санаймыз.

Барлық анықтамаларда ізделініп отырған дайындықтың мазмұнында келесі компоненттердің болуы керектігі анықталған: мұғалімдік мамандыққа оң қатынас, педагогтың алуан түрлі әрекеттеріне оң қатынас; тұрақты кәсіби қызығушылықтар; педагогикалық іс-әрекеттің тұрақты мотивтері; оның нәтижелеріне қатысты жауапкершілікті сезіну; кәсіби іс-әрекеттің адекватты талаптары, тұлғаның сапалары, мінездің сипаттары; кәсіби маңызды білімдер, біліктер, дағдылар, оларды жұмылдыруға және белсендіруге қабілеттілігі; дамытылған педагогикалық қабілеттер; кәсіби міндеттерді шешудегі өзбетінше әрекет ету; эмоциялық, еріктік, сезімдік аймақтардың дамығандығы (шабыттылық, өз жетістігіне сенім арту, өзін-өзі басқару білігі, сенімсіздікті жою, қорқыныш пен үреймен күресу және т.б.); қабылдаудың, зейіннің және ойлаудың тұрақты кәсіби маңызды ерекшеліктері. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекетке дайындық кәсіби іс-әрекетке дайындаудың нәтижесі, салдарының да алар орынын айқындаған. Дегенмен де, біздің ойымызша, «кәсіби даярлау» ұғымы үдерісті білдіреді, ал, «кәсіби дайындық» түсінігі оның нәтижесін көрсетеді. Біз қарастырып отырған бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау да өз кезегінде үдеріс және оның нәтижелі болатындығымен сипатталады деп есептейміз.

Педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың өзектілігі дамып келе жатқан еңбек нарығы мен «тұлғалар нарығы» мамандарға жоғары талап қоюымен байланысты. Қызметтің барлық салаларында әлеуметтік жауапкершілік, жаңа факторларды дұрыс қабылдау және оған ұтқырлы әрекет ете білу, дербестік пен жеделдік, оған қоса өз құқықтарын қорғай білу, әлеуметтік белсенді әрекетте болу, жаңа жағдайларға тез бейімделу, сондай-ақ тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын басқа да сапалар сияқты сипаттамалар күннен күнге үлкен маңызға ие болып отыр.

Дегенмен де, қазіргі қоғамда мектеп мұғалімі болуға деген сұраныс көңіл толтырмайтыны белгілі жайт. Педагогикалық оқу орнына келетін абитуриенттердің көп бөлігі мектеп бітірушілердің ең нашар дайындалғандары екені шындық. Олардың оқуға түскендерінің ішінде өздерінің мұғалім болуға деген ықыластарының төмендігінен, ертеңгі күнгі олардан қандай педагогтардың шығатынын болжауға болады. Сондықтан мұндай мәселелі

жағдайдың оң шешімін табуды қарастырудың қажеттілігі күн санап артуда.

Маман, оның ішінде рухы асқақ, мәдениеті жоғары, таңдаған кәсіп иесі ретінде терең білімді, оқытудың озық әдістерін, педагогикалық қарым-қатынас жасауды меңгерген мұғалімдерді даярлау мәселесі қашанда данышпан ойшылдардың, ғалымдар мен практиканың өзекті мәселесі болып келген.

Ұлттың ұлы ұстазы әл-Фараби шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты, ғалым. Оның мінсіз адамды қалыптастыру туралы идеясы жас ұрпақтың сана-сезімін жетілдірумен айналысатын педагогқа қатысты үш нәрсенің: *баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; ұстаздың шеберлігі, ар тазалығының*, сабақ үдерісінің алатын орнының ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алуы шарт екендігі туралы пікірі педагогтарды даярлау ісін жүзеге асырудың алтын діңгегі деуге болады [17].

Қазақ зиялысы, ұлы ойшыл Абай Құнанбаев адам тәрбиесіне, оның өсіп келе жатқан жас бала мен жастардың жетілуіне аса мән беру керектігін айтып, жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін қажетті қасиеттерін дамыту туралы: «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек; өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап...» дейді. Ал мұндай тұлғаларды тәрбиелеу ісімен айналысатын педагогтарға арнап «Қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты «адам» болады», - деп айтқан болатын [18]. Мұндай тұжырымды ой мен көзқарас дәл бүгінгі күні өзекті болып, тұлғаның білімділігі арқылы қалыптасқан қасиет сапалары оның мектепте, ұстаздан алатын тәрбиесінің қоғамдық мәнін айқындап тұрғандығы анық.

А. Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», деген пікірі бар [19]. Бұл мәні мен мағынасы көнермеген пікірді бүгінгі заман мұғалімдерін даярлаудағы басты қағида десек артық айтқандық емес.

«Маған жақсы мұғалім бәріненде қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай: қазіргі білім беру мекемелері алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік біліктілігінің басты шарт екені аян [20]. Келтірілген философиялық ойлардың қай-қайсысы болмасын қай заманда да болашақ педагогтарды даярлау жүйесіне деген жоғары талаптың болғандығын көрсетеді.

Негізгі қарастыратын зерттеу мәселесі адам болып табылатын психология ғылымында да болашақ педагогтарды даярлауға арқау болатын ой пікірлер айтылған. XX ғасырдың ортасына таман негізін Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, салған іс-әрекеттік тұрғы бүгінде қалыптасып болды. Осы теория аясында педагогика ғылымында болашақ мұғалімдерді даярлаудың ғылыми-теориялық негіздері де қарастырылды. Ал, Е.Д.Божовичтің әрекеттерді орындау жағдайына байланысты қызметке дайындық жетекші орын алуы мүмкін деген тұжырымы біздің зерттеуіміз үшін өте маңызды болып табылады [21].

С.Л.Рубинштейн педагогтарды даярлау міндетін ең маңызды мәселе деп қарап, оның тұлғасын дамытуға басты назар аударды. Болашақ педагогтың қалыптасуында ғалым ең алдымен табиғат оған не берді, ол өзінде нені қалыптастыруы тиіс, *екіншіден*, ғылым оған не беруі тиіс, теориялық жұмыс барысында ол нелерді меңгеруі қажет, *үшіншіден* ол өзінде нені қалыптастыруы қажет деген мәселелерді айқындап алынуы тиіс деген. Сонымен қатар, педагог өзі кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамуында, тек оған бар қабілеттерінің толық ашылуына көмектесу қажет екендігіне тоқтала келе, ол мұғалім тұлғасының құрылымын төмендегідей белгілейді:

- *әлеуметтік сипаты* (баланы сүю, оларға көмекке асығу, кәсіби борышын мойындау, өз жұмысының сапасына жауапкершілік т.б);

- *эстетикалық сипаты* педагогикалық жасампаздық белгісі ретінде көрінетін шығармашылық сипаты;

- *дербес сипаты* (өмір қуанышы, өз индивидуалдығын дамыту);

- *биологиялық* негізделген сипаты-өмір сүру әрекетінің құндылығын сезіну;

- *моральдік сипаты* (кәсіби іс-әрекеті мен өмірде өзіне өзі адал болуы, педагогикалық әдеп, объективтілік сапалары) [22]. Бұл сипаттамада біз қарастырып отырған бәсекеге қабілетті педагог бойында болуға тиісті қасиеттер де көрсетілген деп санаймыз.

Болашақ мамандарды даярлаудың психологиялық астарларын қарастырған ғалымдар Б.Г.Аминов, В.Ф.Кочуров стресске шыдамдылық, сабырлылық, эмоционалдылық қасиеттерді педагогтың ең маңызды сапаларына жатқызса [23]; Т.П.Гаврилова, С.Б.Борисенко [24] педагогикалық іс-әрекеттің тиімді болуы эмпатиялық қасиетке ие болумен байланысты деп санады; В.П.Кашенко уайымдау, есіркеу, ұнау [25] секілді қасиеттерді педагог тұлғасының маңызды құрамды бөліктері ретінде көрсетті.

Болашақ педагог тұлғасының үйлесімді, ықтималды мінездемелерін ажырата отырып, В.П.Симонов [26], педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі төмендегідей тұлғалық сапаларға: мықты, байсалды жүйке жүйесіне, көшбасшылыққа ұмтылу; өз-өзіне сенімділік, талап қоя білушілік, қайырымдылық, мейірімділік, сезім оята білушілік, көтеріңкі көңілділік, сергектік және т.б. сапаларға тікелей байланысты дейді.

Қазақстандық психология ғылымының көрнекті өкілдері: Т.Тәжібаев [27], М.Мұқанов [28], Қ.Б.Жарықбаевтар [29], этнопсихологиялық теориялар негізінде тұлғаның іс-әрекетке дайындығын оның ұлттық психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін дамыту тұрғысынан қарап, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту қажеттілігін атап көрсетеді. Ғалымдардың бұл бағыттағы ойлары саналы әрі белсенді әрекет ете алатын адам, субъект - бұл белсенді әрекет етуші адам дегенге келіп саяды. Ол - қоршаған орта әсерін сезеді, ол - танушы және танылатын адам. Осы айтылғандарға қосыла отырып, субъектінің қарым – қатынас белсенділігі, әлеммен саналы қарым-қатынас жасайтындығы әрі адамды қалыптастырушы әлемнің мәнін құрайды деген пікір білдіреміз [30].

Х.Т.Шерязданова болашақ мамандарды психологиялық тұрғыда дайындаудың жеке үрдіс ретінде ұйымдастырылуына көңіл бөліп, оқыту

мазмұны және әдістемелерінде білім алушылардың тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескеруді ұсынған. Ғалым болашақ педагог-психологтарды біртұтас жүйе тұрғысынан кәсіби даярлаудың алғаш рет психологиялық үлгісін жасаған. Бұл үлгі қарым-қатынас психологиясының теориялық және практикалық мәселелеріне негізделеді. Автордың көзқарасы бойынша, психологиялық дайындау психо-диагностикалық және психокоррекциялық бағыттағы жұмыстарды қамтиды. Осы білімнің топтастырылған сипаттағы дәрістері және білім алушыларды меңгертілген психологиялық, академиялық білімді практикада қолдана білуі - кәсіби дайындаудың басты шарты деген пікір білдіреді [31]. Айтылған пікір негізінде болашақ бәсекеге қабілетті педагог даярлығының бүгінгі қоғамға қаншалықты қажеттілігін болжауға болатынын көреміз.

Болашақ педагог мамандарды даярлауда С.М.Жақыповтың «бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет» тұжырымдамасының маңызы зор. Ғалым педагогикалық психология саласы бойынша «оқу іс-әрекеті» және «оқыту іс-әрекеті» категорияларының психологиялық мазмұнын қарастырып, арнайы ұйымдастырылған оқыту жағдайларында адамның таным іс-әрекетінің бірыңғай жүйесіне танымдық синтездеудің шарттары мен қырларын көрсетеді. Мұнда психологтың оқыту процесін ерекше психологиялық құбылыс ретінде таным процестердің өзара әрекеттесуін және бұрынғы жинақталған жүйесіне жаңа білімнің қосылуын қамтамасыз ететін субъектінің когнитивтік практикасын түрлендіру үшін қажетті жағдайларды жасайтынын тарқатып айта келе, танымдық практиканы қайта құру индивидтің бүкіл өмірін қайта қарауды және оған тиісті қатынасының өзгеруін талап етеді. Осылайша адамның тұлғалық қасиеттерінің өзгеруі іске асады, тұлғаны тек тұлға ғана қалыптастырады деген тұжырым жасайды [32]. Бұл еңбектерді болашақ бәсекеге қабілетті педагог тұлғасын қалыптастырудың ұлттық ерекшеліктерін жалпы әлемдік мәселемен ұштастыра жүргізуде басшылыққа алуға болады.

Ғалым М.Ә. Перленбетов болашақ педагогтардың академиялық болашағын болжап, психикалық процестер мен типологиялық тұлғалық қасиеттердің детерминациялық өзара байланысын зерттеу негізінде психика құрылымының асимметриялық тұжырымдамасы алғаш рет ұсынды. Зерттеу жұмысында білім алушылардың нақты психологиялық типтері кәсіби қабілеттілік қызметтің тиімділігін анықтайтын белгілі бір танымдық стратегияларға сәйкес келетіндігін тұжырымдады. [33]. Келтірілген пікірде болашақ педагог даярлаудағы тұлғалық ерекшелікке мән берудің маңыздылығы оның бәсекеге қабілетті болуына ықпал ететіні байқалады.

Болашақ педагог дайындау көптеген педагогика саласы ғалымдарының назарын аударған мәселе болып келеді және ол жалғасуда. Оның бастауында Я.А.Коменский тұрғаны белгілі. Ұлы педагог болашақ мұғалімдерді дайындауда ең бастысы олардың терең ойлауын дамыту, өз ісін сүюге тәрбиелеу қажеттігін айтады. Оның пікірінше, болашақ мұғалімнің білім, білік-дағдылары, жалпы кәсіби дайындығы мектептегі оқыту және тәрбиелеу үдерістерінің сапасын қамтамасыз етеді [34].

К.Д.Ушинский мұғалімге шексіз шыдамдылық қажет, ол оқушымен жұмыс жасағанда қабылдау сергектігі мен эмоционалдығы, шыдамдылықпен және өзін-өзі ұстай білуі үйлесім табуы тиіс екендігін тілге тиек етеді. Ұстаздың мұраларындағы мұғалімдер үшін ең құнды мәселе өз практикасын ғылыми жалпылау арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуы деген пікірі. К.Д.Ушинский: «... халық мұғалімінен ең алдымен өз іс-әрекетіне ықыласы, қабілеті, үндеуі талап етіледі, өзі дұрыс педагогикалық тәрбие алған адам ғана жақсы педагог бола алады», - дейді [35]. Сондықтан бүгінгі болашақ педагогтың өз-өзін ұдайы жетілдіруі, бала тұлғасын дамыту ғана емес, өзін тұлғалық дамытуда да ізденісте болуы аса маңызды.

А.С.Макаренко мұғалімдерді даярлаудағы кәсіби жұмыстың сапасын көтеру үшін педагогикалық жоғары оқу орындары мен техникумдардың бағдарламасын қайта қарау керектігін мәлімдеген. Педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіруші білімдердің кең ауқымын игеруге тиіс. Оның пікірінше; жоғары оқу орындарында оқу барысында студент тек арнайы білім игеріп қоймай, сонымен бірге арнайы тәрбиеленуі керек, яғни мәдениетті, зиялы, ұйымдастыру қабілеті жоғары дамыған, өзін-өзі басқара білетін және өз ісіне баға бере алатын маман болып шығуы тиіс [36].

Ал, зерттеуші ғалым П.Ф.Каптерев: "оқыту жағдайында мұғалім тұлғасы бірінші орында тұрады, оның сол немесе басқа ерекшеліктері оқытудың тәрбиелік әсерін арттырады немесе төмендетеді", - деген тұжырым жасайды. Сонымен бірге, ғалым педагогтың ең негізгі маңызды сапаларына: оның ғылыми дайындығы мен жеке мұғалімдік дарынын жатқызады. Автор болашақ педагогтың теориялық дайындығына қоса, оның объективтілігі, байқампаздығы мен сезімталдығы, жауапкершілігі және шыдамдылығы, ұстамдылығы, өз-өзіне сыни көзқарасы, балаларды шынайы жақсы көруі секілді маңызды тұлғалық сапалары болуының қажеттілігін ерекше атап көрсетеді. Педагогтың тұлғалық сапалары бір уақыттың өзінде осы мамандыққа қойылатын екі талапқа жауап беруі тиіс деп санайды. Біріншіден, маман иелерінің барлығына тиісті болып, олар қоғамның жағдайларына, қоғам формацияларына, білім беру мекемесіне, оқыту пәніне қарамай жаппай барлығына қатысты. Мұндай талаптарға осы мәселені зерттеуші ғалымдар өзін-өзі бағалаудың сәйкестігі, педагогтың ақыл-ой белсенділігін, табандылықтың, мақсатқа бағытталуын, еңбек сүйгіштігін, сыпайылығын, байқағыштығын қамтамасыз ететін уайымдаудың белгілі дәрежесі болуының қажеттілігін айтады. Әсіресе, болашақ педагог оқушының психикалық жағдайларын түсінуге дайындығы, яғни, эмпатия, әлеуметтік өзара іс-әрекетке деген қажеттілігінің болуын ең маңызды сапалар ретінде атайды [37].

Кейбір зерттеушілер педагогтың кәсіби даярлығының құрылымына тек қана білімдерді ғана емес, сонымен қоса практикалық іскерліктерді де енгізіп қарастырады. Мысалы, Н.В.Кузьмина педагогикалық іскерліктер жүйесіне: жобалау, ұйымдастыру, гностикалық, конструктивтік және коммуникативтік сияқты сапаларды жатқызады [38]. Автордың бұл іскерліктерді педагогтың кәсіби қызметтерін табысты атқаруға қажетті қасиеттері ретінде қарастыруы біз көтеріп отырған мәселе идеясына сәйкес келеді.

Болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған кейбір зерттеулерде олардың іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымын көрсететін кәсіптік графика (профессиограмма) жасаудың маңыздылығы қарастырылады. Бұл ретте В.А.Сластениннің: мұғалім профессиограммасы мамандықтың өзіндік паспортын, оның біліктілік сипатын көрсетуі керек, яғни қоғамдық-саяси, арнайы және психологиялық-педагогикалық білімдерінің ғылыми негізделген қатынасы мен көлемін, сол сияқты болашақ мұғалімге қажетті педагогикалық және әдістемелік іскерліктер мен дағдылардың бағдарламасын қамтуы керек деген пікір бар. Автор профессиограмманың құрылымына:

а) мұғалім тұлғасының қасиеттері мен сипаты: кәсіби-педагогикалық бағыттылық, танымдық бағдарлар;

ә) психологиялық- педагогикалық даярлық: білімдер, іскерліктер, дағдылар;

б) арнайы пәндік даярлықтың көлемі мен жағдайы;

в) мамандық аясындағы әдістемелік даярлықтың мазмұнын жатқызады [39].

Профессиографиялық сипаттау идеясын қолдай отырып, О.А.Абдуллина мұғалім профессиограммасына мұғалімге қойылатын талаптар, қажетті теориялық білімдер ауқымын, іскерліктер мен дағдылар тізбесін, кәсіби-тұлғалық қасиеттерді енгізуді ұсынды. Оның пікірінше, профессиограмма студентті жоғары оқу орнында даярлау моделі, педагогикалық жұмысқа дайындықты қалыптастырудың өзіндік бағдарламасы болуы керек [40].

М.И.Дьяченко мұғалімнің кәсіби даярлығы құрылымындағы мотивациялық, бағдарлық, операциялық, еріктік және бағалау компоненттерін бөліп көрсетеді. Автор олардың қалыптасқандығы кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуге дайындық жағдайын қамтамасыз етеді деген қорытынды жасайды [41]. Жоғарыда талданған еңбектердегі түйінді ойлар болашақ педагогтарды даярлауда басшылыққа алынатын құнды пікірлер деп санаймыз.

Ғалым К.Ш.Ахияров болашақ педагогтерді ұлттық және жалпы адамзатты құндылықтарға бағыттау, онда педагогикалық білім, әлеуметтік қалыпта талап пен ережелерді сақтауы, жалпы адамды қоғамда өзін жүзеге асыра алуға бағыттайтын құндылықтарды меңгеруі, оның өзін тұлға ретінде сезінуі, қоғамдық маңызға ие әрекетпен айналысуы, өз іс-әрекетіне баға бере алуы секілді қасиеттердің болашақ педагогтың кемелденуі мен жоғары мәдениетінің көрсеткіші ретінде қарастырады [42].

Мұндай көзқарасты ғалым Э.Ф.Зеер де назардан тыс қалдырмаған. Ол педагогтың қабілеттілігін құрайтын тұлғалық сапаларының төмендегі құрамды бөліктерін атап көрсетеді: оқу материалын оқушыларға түсінікті етіп беру қабілеті; жұмыстағы шығармашылық; оқушыларға педагогикалық еріктік әсер ету; оқушылар ұжымын ұйымдастыра алу қабілеті; балаларға деген қызығушылық пен махаббат; сөйлеудің мазмұндылығы мен айқындығы, оның бейнелілігі мен сенімділігі; педагогикалық әдеп; оқу пәнін өмірмен байланыстырып бере алу қабілеті; байқағыштығы; педагогикалық талап қойғыштығы [43]. Педагогтың мұндай тұлғалық сапалары кәсіби сапаларынан тыс қарастырылмайды.

Осы тұста ғалым И.П.Подласый ғылымға: қызығушылық; өзінің кәсіби

еңбегін сүю; эрудиция; оқытатын пәнін жетік білу; пәнді оқыту әдістемесін меңгеру; психологиялық дайындық; жалпы эрудиция; кең мәдени дүниетаным; педагогикалық шеберлік; педагогикалық еңбек технологияларын меңгеру; ұйымдастырушылық іскерліктері мен дағдылары; педагогикалық әдеп; шешендік өнері және т.б. қасиеттер педагог тұлғасының сапалары ретінде маман бойынан табылуы тиіс деген көзқарасты білдіреді [44].

Е.А.Панько педагогтың тұлғалық кәсіби сапаларынан тыс пәндік-кәсіби құзыреттілігін де маңызды деп көрсетіп, оларды гностикалық, конструктивтік коммуникативтік, ұйымдастырушылық және арнайы іскерліктермен байланыстырады [45].

Авторлардың пікірлерімен келісе отырып, осы аталған талаптар негізінде педагог өзін бәсекеге қабілетті ұстаз ретінде жүзеге асыра алады деген пікірімізді білдіреміз.

Педагог тұлғасын сипаттайтын негізгі кәсіби маңызды сапалары оның педагогикалық әдебінің көрсеткіші де болып табылады. Тәжірибелі педагог И.Е.Синицаның пікірінше педагогикалық әдеп әр оқытушының жас мөлшеріне, темпераментіне, мінез-құлқына байланысты келеді. Педагогикалық әдеп - мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. Автор еңбегінде ұстаздың мынандай негізгі қасиеттеріне айырықша тоқталады: айқағыштық; ілтипаттылық; сенім; әділдік; төзім және сабыр сақтау [46]. Ғалымдардың еңбектердегі жүйеленген көзқарастар, біз қарастыратын болашақ педагогтың кәсіби тұрғыда қалыптасып, бәсекеге қабілеттілігіне тұлғалық сапаларының әсері маңызды екендігін көрсетеді. Олай болса, тұлға мен оның кәсібі бір-бірінің дамуына тікелей ықпал ететіндігі анық.

Келтірілген талдауларды қорыта келе, көптеген зерттеуге арқау болған болашақ педагогтарды даярлау мәселесі, кәсіби білім беру барысында мұғалімнің бойында ұстаздық қызметті атқаруға негіз болатын сапаларды қалыптастыру олардың заман талабына сай қызмет жасауының кепілі болатындығын ашып көрсетеді.

Отандық педагогика ғылымында болашақ педагогтар дайындау мәселесі өткен XX ғасырдың орта шенінен бастап жан-жақты зерттеле бастап, үздіксіз білім беру теориясы тұрғысынан талданған. Болашақ педагогтарды дайындаудағы тұтас педагогикалық процестің теориясы мен практикасын Н.Д.Хмель, А.А.Бейсенбаева, Г.К.Нұрғалиева, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Жоғары білім беру үдерісінде педагогтарды даярлау мәселесіне қатысты еңбегінде Н.Д.Хмель педагогикалық процестегі «педагогикалық көру» деген ұғымды педагогтарға қажетті сапалардың бірі ретінде ұсынды. Мұны ол таным теориясының «жанды қабылдау» кезеңімен ұштастыра келіп «педагогикалық процесті жүйелі қабылдау және елестетуді «педагогикалық процесті көру» деп айтуға болады», - деген пікір білдіреді. Ғалымның еңбегінде болашақ педагогтың кәсіби қызметке даярлығы әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық процес қызметінің жемісті орындалуын анықтаушы қызметінің тәсілдері ретінде сипатталады [47].

Ал, Н.Д. Хмельдің ғылыми мектебін жалғастырушы Н.Н.Хан, жалпы білім беру мекемесінің педагогикалық процесіндегі мұғалімдердің оқушылармен ынтымақтастық тұжырымдамасының тәсілдері: болашақ педагог даярлаудағы инновациялық, адами құндылықтарға және т.б.негізделгені біз қарастыратын мәселені толықтырады [48].

Болашақ бәсекеге қабілетті педагог бойында болуға тиісті тұлғалық сапалардың міндетті минимумына: өзге адамды оң қабылдау; серіктесті белсенді эмпатиялық тұрғысынан қабылдау; өз сезімдері мен эмоцияларын шынайы білдіру; ар-ұят; шыншылдық; толеранттылық; шығармашылық белсенділік; азаматтылық жатады деген болар едік. Тек осындай ізгілік қасиеттері бар педагогтар басқаны төмендетпей, өз биігіне көтеріле алады, биікте тұрып басқаларға шарапатын шашады.

Бұл ретте жоғарғы оқу орнында болашақ мамандарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін қарастырған ғалым А.А.Бейсенбаеваның еңбектеріндегі білім алушылардың тұлғалық сапаларын қалыптастыру мәселесін ізгіліктілік идеясына бағындыру және гуманистік қасиеттерді білім мазмұны арқылы оқу құралдарының тәрбиелік компоненті арқылы жүзеге асыру [49] туралы түйінді ойлардың маңызы жоғары.

Педагог - бала жанын сезе білуге, түсінуге бейім, онымен үнемі бірге болудан, араласудан жалықпайтын және осындай қарым-қатынастың өзіне сүйсіне алатын адам. Мұғалімнің балаға деген сүйіспеншілігі оның бойындағы барлық қасиеттерді ауыстыра алмайды, қайта басқа қасиеттердің айқын көрінуіне негіз болады. Мұғалімнің балаға шынайы сезіммен, құрметпен қарауы балада да мұғалімге деген сыйластық сезімін тудырады. Сондықтан мұғалімнің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы, оның интеллектуалдық мүмкіндігі, ой-өрісінің кеңдігі, рухани байлығы тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды.

Г.К.Нұрғалиева өз еңбектерінде жоғары білім беруді дамытудағы маңызды мәселелердің бірі ретінде қазіргі педагогтерді даярлау сапасын арттыру мәселесін көтереді. Ғалым «даярлау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігіне және мамандарды сапалы дайындау мына төмендегі мәселелерді көздейтіндігіне тоқталады: білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту; олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру; таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білім алушылардың мотивациясын зерттеу; білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау; мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліп көрсету [50].

Бұл айтылғандарды қазіргі заманның бәсекеге қабілетті педагогтерін даярлауға негіз болатын түйінді мәселелер ретінде қабылдаймыз.

М.С.Молдабекова болашақ мұғалімді дайындаудағы университеттік білімнің іргелілігі мәселесін көтеріп, олардың кәсіптік әрекетке даярлық деңгейін жетілдіру шарттарын педагогикалық процестің жан-жақты қасиеттерін

бейнелейтін құбылыстардың бірлігі мен өзара байланыстылығы ретінде қарастырады. Бұл мәселені тиімді шешу университеттің білім беру жүйесінің іргелілік, арнайы, психология-педагогикалық және әдістемелік дайындығының негізінде жүзеге асырылып, оқу-тәрбие процесінің мазмұны, түрлері және әдістерінің бірлігімен қамтамасыз етілетіндігіне көңіл бөледі. Ғалымның еңбегінде университеттің педагогикалық процесінде болашақ мұғалімді кәсіптік әрекетке даярлау технологиясын, ондағы мазмұндық және тұлғалық-бағдарлаумен біріктіруді, ұйымдастырушылық іс әрекеттерінде жалпы және жекені айыра білуін үйретуді қалыптастыруға назар аударылады [51].

Автордың бұл пікірінде біз қарастырып отырған бәсекеге қабілетті педагог дайындаудың басты шартының бірі болып табылатын оның білімділігі туралы ой жатыр деп санаймыз. Терең білім негіздері жоғары оқу орынының оқу жоспарларында қарастырылып, оқытушылардың шығармашылық әрекеттерінде жүзеге асуы тиіс.

А.А.Фалеева өз жұмысында тұлғаға бағытталған оқыту құрылымы - оқу үдерісінің сыртқы (оқу қабілеті) және ішкі (оқыту, қызығушылық) элементінің үйлесімі студенттің оқу-танымдық қызметін басқаруға мүмкіндік береді деп есептесе [52], К.С.Ахметкаримова болашақ мұғалімдердің диагностикалық қызметі - бұл тұтас педагогикалық және оның компоненттерінің жай-күйі туралы ақпарат алу, осы мақсатқа жету үшін кейінгі түзету әрекеттерімен диагнозды белгілеу және тексеру мақсатында осы ақпаратты арнайы өңдеу деген пікір білдіреді [53].

Жоғарыда келтірілген талдаулар кәсіби білім алу барысында мұғалімдерді жан жақты даярлауды танымдық, инновациялық, әрекеттік тұрғыда қарастырғанын көреміз. Бұл еңбектердің әрқайсысын педагог дайындау мәселесіне тың идеялар қосқан жұмыстар деп айтуға болады.

А.С.Мағауова, оқушылардың оқу және оқудан тыс әрекеттер бірлігі арқылы болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындауды қалыптастырудың оқыту-дамыту кеңістігінің бірлігі негізінде қарастырып, біртұтас педагогикалық үдерістегі көрінісін айқындаған. Автор ұсынған болашақ мұғалімдерді дайындаудың құрылымдық мазмұндық моделі мотивациялық, мазмұндық, технологиялық компоненттерден тұрады [54].

Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер қатарына; болашақ маманның біліктілігі мен шығармашылық әлеуетін дамытуды қарастырған Б.А.Тұрғынбаеваның [55], Ш.К.Жантлеуованың педагогикалық практикада студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру үшін студенттің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі айқындауына әсер етуді қарастырған [56] зерттеу жұмыстарын жатқызамыз.

Ғалымдардың еңбектерінде кәсіби біліктілікті қалыптастыру – арнайы ұйымдастырылатын процесс екендігі дәлелденіп, оған ұтымды педагогикалық басшылық жасалуы тиіс екендігі аталып өтіледі.

Е.И.Бурина, өз зерттеу жұмысында интеграция және әртараптандырудың маркетингтік шарттарын үздіксіз көп деңгейлі педагогикалық білім беру жүйесіне көшіру психологиялық-педагогикалық оқытудың маңыздылығы артатындығын, оның тиімділігі педагогикалық мәселелерді шешуде шығармашылық жұмыс

жасау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілеттілігін күшейтетініне назар аударылады [57].

Заман талабына орай, болашақ педагогтардың ақпараттық технологияны меңгеруіне байланысты С.М.Кеңесбаевтың «Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері» докторлық диссертациясында біз қарастыратын әдістемелік-тәжірибелік тұрғыда дамыту мәселесі болашақ маманның біліктілігі мен кәсіби іскерлігін қалыптастырады [58].

Ұ.Ж.Қонақбаеваның бейіндік оқытуда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін педагогикалық қызметті жүзеге асыруға, мінез-құлық пен бағалау терминдерінде, қолданыстағы білім, іскерлік пен дағдыларды жүйелі түрде тереңдетуге және жаңартуға ұмтылатын болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғасын жетілдіру мақсатында және бүгінгі күн талабына сай өмірлік тәжірибені жинақтаған, әлеуметтендірілу шамасына іс-әрекет түрлерін нақты анықтауға жоғары оқу орны түлегін, яғни, болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық даярлығының біртұтастығы деп ұсынған [59].

С.К.Ксембаеваның жұмысы болашақ мұғалімнің оқу мазмұнын, әдістемелерін, сыныптан тыс жұмысының әдістерін, оны ұйымдастыру формаларын және оларды педагогикалық қызметте қолдану дағдыларын меңгеруіне арналған. Еңбекте жоғары кәсіптік ынталандыру және кәсіби маңызды және жеке қасиеттерді қалыптастыруға негізделген қызметтің осы түріне дайындығы, болашақ мұғалімнің тұлғалық сапасы ретінде қарастырылады [60].

К.Ж. Ажибеков жоғары мектептегі инновациялық қызмет арқылы болашақ мұғалімдерді дайындауды қарастыра келе, бұл қызметтің мәні мен құрылымын айқындайды [61].

Осы айтылғандарға орай, болашақ педагогтың кәсіби тұрғыдан өзін айқындауы олардың еңбек нарығында бәсекелестік қабілетін қалыптастыра білуге, кәсіби мақсатын іске асырып, өз қызметінің нәтижесін талдай білуге мүмкіндік береді деген өз ойымызды қосқымыз келеді.

Жоғары оқу орынының қызметі болашақ педагогты кәсіби әрекетке мақсатты даярлаумен қоса педагогикалық шығармашылық қызметке әзір болуға дайындаумен тікелей астасып жатуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени, әдіснамалық, әдістемелік пәндерді меңгеру арқылы қамтамасыз етіледі. Мамандықты меңгеру барысында олардың ішкі ашылмаған мүмкіндіктері іске қосылып, жаңашыл педагог болуға қажетті таланттары, қабілеттері жетіледі.

Педагогтардың кәсіби дарындылығын дамыту мәселесіне арналған Л.М.Нәрікбаеванының жұмысында, болашақ педагог бірден бәсекеге қабілеттілік деңгейге жете қоймайды, ол алдымен шеберлік, кәсібилік, құзырлылық сияқты сатылардан өтуі тиіс деген пікір білдіреді [62].

Шындығында да, дарындылық, аса қабілеттілік қай мамандықта болмасын кездеседі. Педагогикалық шеберлік - кейбіреулерге ғана берілген табиғат сыйы болып ғана қоймай, ол үздіксіз ізденудің, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген құштарлығынан туындайтын іс-әрекеттер жиынтығы. Олай болса, жоғарыдағы авторлардың құнды пікірлері біздің

зерттеуіміз үшін маңызы зор.

Жаңа тұрпаттағы педагогтарды даярлау мәселесі соңғы жылдары философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалып, қорғалып жатқан диссертациялық жұмыстарда да кеңінен қарастырылуда. Атап айтсақ, Б.Ж.Бекжанованың жұмысында болашақ ғылыми - педагогикалық мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың: жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісі мазмұнының акмеологиялық дайындықты қалыптастыруға бағыттылығы; магистранттардың акме-дайындығын тиімді ететін тренингтер мен технологиялар, белсенді әдістер қолдану; магистранттың шығармашылық іс-әрекеттегі субъектілігін дамыту; олардың акме-дайындығына әсер ететін педагогикалық орта жасау сияқты шарттар жиынтығы негізделген [63]; Б.М.Баймуханбетов зерттеуінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастырудың құрылымдық моделі және оның мазмұны, әдістемелік жолдарын ұсынылған [64]; Т.Б.Кенжебаеваның еңбегінде болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытудың моделі жасалып, өлшемдік көрсеткіштері, деңгейлері анықталған [65]; Ә.И.Булшекбаева жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың теориялық –әдіснамалық негіздерін анықтап, мәселені тиімді шешудің теориялық моделі мен әдістемесін тәжірибеден өткізген [66].

Аталған зерттеу жұмыстарын қазіргі заман педагогтарын даярлау мәселесінің теориялық және практикалық қорына қосылған тың еңбектер деп тануға болады.

Қазіргі заман бәсекеге қабілетті болашақ педагог қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі -жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматтарын, отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін болашақ педагог табиғат, қоғам, саясат, өнер, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы керек. Педагог еңбегінің нәтижелілігінің басты көрсеткіші - баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болғандықтан, болашақ педагог шәкіртінің даму, тәрбиелену заңдылықтарын жете біліп, оның ішкі жан дүниесін сезіне алуына арнайы үйренуі керек.

Зерттеу жұмысында қарастырып отырған мәселеге орай қазақстандық ғалымдардың болашақ педагогтарды дайындау мәселесіне арнаған еңбектерге талдау жасап, оларды төмендегіше (кесте-1) жүйеледік:

Кесте 1- Болашақ педагог дайындау мәселесіне арналған зерттеулер

№	Педагог мамандарды сатылар бойынша дайындау	Авторлар
1	2	3
1	Болашақ педагог мамандарды мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға даярлау	Н.В.Мирза, Р.Т.Бупебаева,

1	2	3
2	Бастауыш білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	С.К.Абильдина, А.К.Сатынская, Т.М.Казангап, А.Ж.Куракбаева, М.Б.Джаздықбаева, Г.Т.Абдуллина
3	Мектеп оқушыларына білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	И.Н.Бодыкова, Ф.Борибекова, Ж.Т.Сарыбекова, Р.Х.Канапьянова, А.К.Калимолдаева
4	Колледжде білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	Г.У.Уразамбетова, Н.Р.Шаметов, Г.Х.Буханова
5	Жоғары оқу орындарында білім беру мен тәрбиелеуге педагог мамандарын даярлау	М.С.Молдабекова, А.Ж.Утешева, А.А.Момбек, А.Е.Берикханова, Т.К.Самуратова, К.С.Ахметкаримова, А.А.Фалеева, А.Б.Абибулаева, С.С.Маусымбаев, Ш.К.Жантлеуова, С.М.Кенесбаев, Ж.К.Оналбек, Ш.Б.Оразов, А.С.Мағауова, Г.Д.Аубакиров, С.К.Ксембаева, К.Ж.Ажибеков, Л.С.Майлыбаева, Н.С.Газизова, У.Ж.Конакбаева,
6	Біліктілікті арттыру мекемелерінде педагог мамандарын даярлау оның білімдерін жетілдіру және қайта даярлау	Г.К.Ахметова, М.Г.Соколова, Б.А.Тұрғынбаева, Е.И.Бурина, А.Е.Есполова.

Аталған ғалымдар еңбектерінде болашақ педагогтардың кәсіби дағдыларын, тұлғалық қасиеттерін, әртүрлі құзыреттіліктерін, қасиет, сапаларын қалыптастыру мен дамыту мәселелері жан жақты ашылады. Ғалымдардың зерттеу еңбектерінің реттік кезеңіне қарай топтастырылуы диссертациялық жұмыс соңында тіркеледі (Қосымша А). Олар сөз жоқ біздің зерттеу жұмысымыздың теориялық базасын құрайды.

Алайда, оларда бәсекеге қабілетті педагогтарды дайындаудың теориялық негіздеріне, ерекшеліктеріне, дидактикалық астарларына арналған арнайы зерттеудің болмағандығы байқалады. Сондықтан жоғары кәсіптік білім беру деңгейінде болашақ педагогтардың тұлғалық сапасы ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін айқындаудағы негізгі ұғымдар: «бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» келесі параграфта сипатталады.

1.2 «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», ұғымдарының мәні, құрылымы, мазмұны, ара қатынасы

Зерттеу жұмысымыздың алғашқы параграфында қарастырылып кеткендей бүгінгі білім алушы - болашақ білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы, бәсекеге қабілетті педагог болып қалыптасудың баспалдақтарынан басталады. Олай болса, сол баспалдақтағы негізгі ұғымдар: «бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» терминдерінің мән-мазмұнын, ара қатынасы, құрылымы мен қызметін ашып, айқындау қажеттілігі тұр.

Сөздіктер мен зерттеу еңбектеріндегі «бәсеке» категориясын талдаулар көрсеткендей, ол бірнеше мағынада қолданылады: бір жағынан *тақас, егес*

бақастықты білдірсе [67], енді бір жағынан *ынталандандырушы құбылыс*, ұнамды нәтижеге жетудегі *күрес, іс-әрекет* ретінде де қарастырылады [68]. Яғни, *бәсеке* – бәсекеге қабілеттіліктің негізгі ынталандырушы түрткісі болып табылады және өнеркәсіпте, экономика мен кәсіпкерлікте, биологияда кең қолданылады.

Мысалы, қаржы экономикалық сөздігінде *бәсеке* – нарықтағы бәйгелестік, экономика тиімділігінің көтерілуіне тұтынушылардың аса жоғары сұранысын қанағаттандыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді деген тұжырымға сәйкес [69].

А.И.Архипов және т.б. авторлық бірлестігіндегі экономика сөздікте «*бәсеке* – белгілі-бір сирек игіліктерді қолданудың бірнеше балама бағыттары бар және осы игілікті қолдану құқығы үшін өзара күресіп жүрген бірнеше адам топтары қызығушылық танытатын жағдай» - деп сипаттайды [70].

Жаңа Оксфорд сөзігінде *бәсеке* – (competition) іс-қимыл жасайтын салада ұнамды нәтижеге жету үшін жүріп отыратын жарыс, тиімді жағдайға ие болу үшін, пайданы мол алу үшін күрес. Басқалардан асып түсуге, бәсекеде оларды жеңіп шығуға бағытталған адамның іс-әрекеті ретінде көрсетіледі [71;72].

Ал, биология ғылымындағы *бәсеке* – биологияда туыстық жағынан жақын немесе әр түрге жататын ағзалардың тірі қалуын айтады [73].

Қ.Жарықбаев пен О.С.Саңғылбаевтың жантану атаулы түсіндірме сөздігінде *бәсекеге* «Бәсекелік қасиеттер адам мінезіндегі бір-біріне қарама-қайшы үйлеспейтін қасиеттер, ондай қасиеттер бірдей жағдайларда сәйкес келмейтін қарама-қайшы формадағы қылық тудырады. Бәсекеге қатысты басқа адамдармен бәсекелестік жағдайда олардан асып түсуге, оларды орағытып жеңуге бағытталған адамның қылығы» деген түсініктеме берілген [74].

Зерттеу жұмысымыздың осы бір тірек ұғымының түп төркінін талдай отырып, «*бәсеке*» түсінігінің көптеген ғылым саласында қолданылатынын және әртүрлі мағынаға ие екендігін байқауға болады.

Отандық педагогиканың кеңес кезіндегі даму барысында «бәсекелестік» термині көбіне «жарыс» ұғымының жағымсыз коннотациясы ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар ол міндетті түрде «социалистік» деп сипатталып, ұжымда тәрбиелеудің кеңінен тараған әдісін білдірді [75]. Тәрбиедегі осы әдістің педагогикалық нәтижелілігі мен тиімділігіне қатыстылығына кезінде ешкім дауласпады, дегенмен бәсекелестік капитализмнің жағымсыз және адамгершілікке жатпайтын қалдығы деп есептелінді. Бәсекелестіктің дамытушы және уәждік әлеуеті жоққа шығарылды немесе мүлде ол туралы айтылмады.

Кеңес дәуіріндегі білім саласында да бәсекелестік мысалы, жоғары оқу орындарына тек конкурстық яғни бәсекелестік оқуға түсу сынағы кезінде студенттер үшін осындай орта құрылды. Бірақ ЖОО-на түскеннен кейін студенттердің жеке бәсекеге қабілеттілігі негізінде жұмыс орнына бөлуге дейін олардың арасында ешқандай бәсекелестік қарым-қатынас болмайтын.

Абитуриенттер жоғарғы оқуға түсу үшін бәсекелестік қарым-қатынастарға түсетін уақыт та бүгінде жоқ деуге болады, оның орнына ұпайларды

салыстырмалы талдау арқылы абитуриенттер арасында жеке бәсекелестік тудыратын ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) келді. Студенттер арасында мақсатты бағытталған ұйымдасқан бәсекелестіктің мүлде болмауы нәтижесінде түлектерді дайындаудың сапасы айтарлықтай төмендеуі орын алғаны белгілі.

Бәсекеге төтеп беру үшін тұлғада арнайы қабілет болуы тиіс. Олай болса, бәсекеге қабілеттіліктіңтегі «қабілет» терминіне тоқталу қажеттілігі туындайды. Қабілет ұғымына берілген психологиялық анықтамалардың саны өте көп. Мысалы, «қабілет деп - әрекеттің талаптарын қанағаттандыратын және үлкен жетістіктерге жеткізетін адамның қасиеттерінің синтезін айтады» [76].

Т.Тәжібаев «іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті» деп санайды [77]. К.К.Платонов алғаш рет ғылымға қабілеттілік туралы ұғымды, «жеке адам туралы ілімнің құрамдас бір бөлігі... - адам бойындағы бір нәрсеге деген бейімділік қасиет, іскерлік деп енгізген [78]. А.Н.Леонтьев, мақсатқа бағытталған, тәлім-тәрбие жұмысына байланысты адамның бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуі және оны нәтижелі етіп атқаруы [79]. А.В.Петровский бойынша, «білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері» [80].

Бұл келтірілген анықтамаларда қабілет - адамның даралық психологиялық ерекшелігі, белгілі бір жұмысқа байланысты адамның бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуі және оны нәтижелі етіп атқаруы деген ой жатыр. Оларды қорыта келе, қабілетті әрбір адамның іс-әрекетті, орындау тәсілі сол адамдардың психикалық таным процестерінің даму ерекшеліктеріне, жүйке жүйесі талдағыштарының жұмысына, сезім мүшелерінің сыртқы тітіргендіргіштеріне әсерленіп, қабылдау жылдамдығына және адамның даралық қасиетіне байланысты деп тұжырымдаймыз.

Бұдан шығатыны, қабілеттілік – адамдағы жеке-дара өзіндік ерекшелік, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығын көрсететін психологиялық сипат, адамның белгілі бір іс-әрекет түріне бейімділігі. Десекте, қабілетті жеке даралықтың бір деңгейінде орналастыруға болмайды; басқа сапалармен әсерлесе отырып, олар тұлғаның барлық деңгейлері арқылы дамиды. Яғни, *қабілеттілік белгілі бір іс-әрекетте өнімді, табысты орындаудың шарты болатын тұлғаның даралық-психологиялық ерекшеліктері* екенін аңғарамыз.

«Бәсекеге қабілеттілік» түсінігі ХХ ғасырдың 70 жылдарында Батыс мемлекеттерінде пайда болды. Шамамен сол уақытта өнімнің бәсеке қабілеттілігі мәселесімен КСРО да айналыса бастады. ХХ ғасырдың басында-ақ «бәсекелестік» термині ғылымға – экономикалық теориялардың негізгі ұғымдар шеңберіне кеңінен енген болатын. Ол еңбектерде «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы экономикалық категория немесе сипат, көрсеткіш, құрал, т.б. ретінде түсіндіріледі [81].

Бәсекеге қабілеттілік адамның еңбекке деген әлеуеттік қабілетін сипаттайтын және қабілеттің үш деңгейімен берілген әлеуметтік-экономикалық категория:

- *бірінші деңгей* – еңбекке қабілеттілікті сипаттайтын қасиеттер жинағы;
- *екінші деңгей* – жұмыс іздеу дағдыларын меңгеру, жұмыс берушіні өзінің

артықшылықтарын көрсетіп көзін жеткізе білу;

- үшінші деңгей –жұмыс күші сипатының жұмыс орны талаптарына сәйкестігі [82]. Бұл деңгейлер бәсекеге қабілеттіліктің практикалық, бейімдік, аксиологиялық және құрылымдық компоненттеріне сәйкес келеді.

Осы айтылғандарға сүйене келе - бәсекеге қабілеттілік «бәсеке» сөзімен төркіндес болғанымен «бақталас», «тартыс», «бақас», «егес» деген түсінік бермейді деген тұжырым жасалады. *«Бәсеке»* ұғымын талдаулар көрсеткендей, *адамдар мен тірі ағзалар арасындағы өзара тартыс, бақталастық, ізгілікке негізделмеген болса, бәсекелестік - бәсекеге қабілет іс-әрекетіне ұласып, бейімділік, іскерлік, талант пен кәсіптік міндетін табысты орындауға қажетті зиялылық деңгейінің маңыздылығына тәуелді болашақ маманның әлеуметтік белсенділігінің нәтижесі* ретінде қарастырылады. Демек, бұл **бәсеке қабілеттілік** – *құндылық пен жоғары сапаның көрсеткіші. Атап айтсақ, тұлғаның дамуы барысындағы мақсаттың нақтылығы мен құндылық бағдарларының жиынтығы.* Өйткені осы тұлғалық сапаның арқасында еңбек сүйгіштікті, жұмысқа шығармашылықпен қатынасушылығы, тәуекелшілдікке қабілеттілігі басты назарда болып, мұнда мәселені шешуде тәуелсіздік, лидерлікке қабілеттілік, күйгелек болмау, күйзеліске қарсы тұра алу, үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылыс, кәсіби өсу, өз кәсіби іс-әрекетінің жоғары сапалы нәтижесіне ұмтылысы көрініс табады.

Осыған байланысты диссертациялық зерттеуде, біз бәсекеге қабілеттілікті тұлғаның әлеуетті қасиеті – оның тікелей қызмет барысында басқалардан артықшылығын көрінетін тұлғалық сапасы ретінде қарастырамыз. Нарық экономикасының заманауи талаптарына төтеп бере алатын кәсіби білімді болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі, жұмыс берушілермен стратегиялық серіктестік орнаған жағдайда нақты бәсекелестік нарық қатынастары бар кәсіпорындарда қалыптастырылуы мүмкін. Осындай ынтымақтастықтың формалары өте сан алуан болады: оқу жоспарлары мен бағдарламаларын келістіру, бизнес-қауымның өкілдерін білім процесіне тарту, ЖОО мен кәсіпорындардың әлеуметтік ынтымақтастығының барлық мүмкін түрлері және т.б.

Келесі қарастырылатын болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі - «іс-әрекет», «мамандық», «бағдар» сияқты кәсіби бағыттылықтың негізгі құрылымдарымен байланысты. Философиялық сөздікте бұл жердегі «іс-әрекетке» - мақсатты түрде адамның өзін және қоршаған ортасын өзгертумен байланысты тұрмыс-тіршілігінің маңыздылығы ретінде қарастырылады деген анықтама беріледі [83]. Ал, «іс-әрекет» «кәсіби бағыттылық» ұғымымен байланыстырылса, онда тек практикамен ғана емес теориялық іс-әрекет ретінде де яғни, болашақ педагогтың белгілі бір білім дәрежесін ғана емес сол білімді меңгерудегі іс-әрекет реттілігінің ғылыми бағытын айқындаушы міндетін атқарады.

Бәсекеге қабілетті маманды сипаттай отырып, көптеген зерттеушілер (В.И.Андреев, А.А.Власова, Н.В.Тамарская, Е.А.Тенилова, Е.В.Максимова және т.б.) келесі тұлғалық қасиеттерді бөліп көрсетеді: кәсіби құзіреттілік; теориялық

және практикалық дайындықтың жоғары деңгейі; ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері мен заманауи технологияларды жоғары деңгейде меңгеру; өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіру мен кәсіби өсуге ұмтылу; табысқа жетуге тырысу; шығармашылық пен инновациялық қызметке қабілеті; перспективаны, өзінің дамуын болжап, таңдай білу және мәселені жүйелі көре білу; мақсаттылық, құндылық бағдарлану, мақсаттарға жетудегі қажырлылық және кедергілерді жеңе білу; өндірістің заманауи технологияларына бейімделу қабілеті, еңбектің бір түрінен екіншісіне жеңіл ауысу, сондай-ақ мамандықтардың көпшілік түріне қажетті білім, білік және қабілеттерді меңгеру; ой икемділігі; өзін-өзі бағалай білу қабілеті; жауапты шешімдер қабылдау қабілеті; еңбекқорлық, тиімділік пен сапаға бағдарлану; тәуекелге бас тігу қабілеті; коммуникативтілік. Алайда бәсекеге қабілетті маманда болуы тиіс тұлғалық қасиеттер барлық зерттеушілерде бірдей емес.

Ғалым В.И. Андреев бәсекеге қабілеттілікті тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуымен байланыстырады. Оның пікірі бойынша, «әртүрлі өмір жағдайларында өз бетімен қиындықтан шығуға, бәсеке күресіне дайын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру қажет». Сонымен қатар ол: «бізге жалпы бәсекеге қабілетті тұлға емес, бәсекеге қабілеттілікке өркениетті әдістер және құралдар арқылы қол жеткізген тұлға қажет», деп дұрыс атап өтеді [84, 165-б.,]. Біздің ойымызша, тұлғаның бұл қасиеттері барлық қызметкерлер үшін бәсекеге қабілетті дамытуға қажет қасиеттер, бірақ біздің зерттеуіміз үшін кәсіби білімді педагогтар үшін маңызды болып табылатын ерекше қасиеттер қажет болып табылады.

Зерттеуші А.А.Власованың бәсекеге қабілеттіліктің мәні деп субъектінің, (студенттің) - (болашақ педагогтың) кіріктірілген жеке және тұлғалық сипаттамасы деп қарастырып, оған нақты мақсаттарды қоюды, құндылық бағдарларды анықтау біліктілігін, тәуелсіздігін, тәуекелге бас тігуін, көшбасшы болу қабілетін, толеранттылығын, еңбекқорлығын, үздіксіз өз білімін жетілдіруге ұмтылуын, стресске төзімділігін енгізеді, ал олар болашақ педагогтың зияткерлік, уәждік, эмоционалдық, қайсарлық, заттық-практикалық, экзистенциалдық саласы мен дербестігін өзі реттеу саласы компоненттері есебінен қалыптасады деген пікірін келтіруді орынды деп есептедік [85].

Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қарастыра отырып, Н.В.Тамарская, ол тек кәсіби компоненттермен емес, негізінен тұлғалық-дербес компоненттермен, яғни қабілеттерден, мінез-құлқынан, қажеттіліктер мен педагогтық қызмет пен педагогикалық қарым-қатынастардың өнімді болуына мүмкіндік беретін жағдайлардан тұратын дербес тұрақты қасиеттер жинағы арқылы анықталады, деп санайды [86]. Зерттеушінің пікірі бойынша, тұлғаның кіріктірілген құраушысы ретінде бәсекеге қабілеттілік келесі белгілермен сипатталады: олар қабілеттер – мақсаттар мен құндылық бағдарлардың нақтылығы, іске шығармашылық көзқарас, психологиялық икемділік, тәуелсіздік, тәуекелге қабілеттілік, көшбасшы болу қабілеті, толеранттық; мінез-құлық белгілері – еңбекқорлық, үздіксіз өзін-өзі дамытуға және тұрақты кәсіби өсуге ұмтылу жағдайы, стресске төзімділік.

Келесі зерттеуші, ғалым Е.А.Тенилов, болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін, егер ол ЖОО-да оқыған кезде келесі шарттар орындалған жағдайда қалыптастыру мүмкін деп санаған:

а) ЖОО-ның оқу-тәрбие жұмысы жүйесінде әлеуметтік және кәсіби маңызды құндылық бағдарлардың қалыптасуы;

ә) студенттердің кәсіби-тұлғалық қажеттіліктері өзектеліп, дамуы (студенттердің өзін-өзі жүзеге асырғанда, қызметте, қарым-қатынаста және т.б.);

б) студенттердің кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту және өз бетімен білім алу – бәсекеге қабілеттілік негізі деген мақсаттың қалыптасуы [87].

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуда әлеуметтік және кәсіби құндылық бағдары, қарым-қатынас және өзін-өзі жүзеге асыруы маңызды рөл атқаратыны анық.

Е.В.Максимова педагогикалық ЖОО түлегіндегі «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын осы тұлғаның социумда табысты әрекет етуіне мүмкіндік беретін негізгі құзіреттіліктердің, құндылық бағдарлардың жиынтығын білдіретін тұлғаның кіріктірілген қасиеті деп қарастырады [88]. Бұл орайда біз автордың пікірімен келісе отырып, бәсекеге қабілеттілік сияқты тұлғалық сапамен қатынаста болатын, оның құрамындағы - тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі және құзіреттілігі сияқты қасиеттерін мақұлдаймыз.

С.Д.Резник пен А.А.Сочилова бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру процесінің өте маңызды сипаттамасын береді, ол бойынша студенттер екі бірдей нарықта: білім беру нарығы мен еңбек нарығында әрекет етеді. Бәсекеге қабілетті мамандар дайындаудың көптеген формалары болса да, дайындықтың ЖОО жүйесі негізгі болып табылады, деп есептей отырып, зерттеушілер студенттің оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін субъектілерімен: жұмыс берушілермен, ЖОО-мен, мемлекет және билік органдарымен өзара әрекетін нығайту маңыздылығын атап өтеді [89].

Аталған ғалымдар ЖОО студентінің еңбек нарығында күн сайын өсіп келе жатқан бәсекелестік жағдайындағы студенттің ЖОО аяқтау мезетінде өзінің мүмкіншіліктері мен әлеуетін барынша пайдалана отырып, білім, білік және дағдысының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету бойынша жеке бәсекеге қабілеттілігін бөліп көрсетеді, бірақ, өкінішке орай, еңбек ұжымының басқа мүшелерімен ынтымақтастағы өзара әрекетке негізделген кооперативтік бәсекеге қабілеттілікті бөліп көрсетпеген.

Ғалым, С.Н.Ярошенко студенттердің бәсекеге қабілеттілігін, негізгі құзіреттіліктер мен жеке-тұлғалық қасиеттер ресурстарын жұмылдыру негізіндегі бәсекелестік жағдайындағы кәсіби қызметте табысқа жету қабілеті ретінде нақтылайды. Осы зерттеуші әртүрлі қызмет түрлерінде табысқа жету қабілеті ретінде анықтайтын жеке бәсекеге қабілеттілікті бөліп көрсетеді. Табыстылық, когнитивтік, тұлғалық және әрекеттік компоненттер кіретін негізгі тұлғалық қасиеттердің болуымен анықталады [90]. Автордың, тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі, ол жұмысқа орналасу кезінде бос орынға, қызметтік өсу барысында ұйымдағы лауазымдық қызметке бәсекеге түсу кезінде және т.б., яғни кәсіби ортада көрінуі керек деген пікірімен толық келісеміз.

А.А.Ангеловский, студенттердің ЖОО-да бәсекеге қабілеттілігінің қалыптастырылу процесін қарастыра келе, оның негізгі компоненттері ретінде мақсатты, мазмұнды, ұйымдастыру формаларын, әдістері мен нәтижелерін бөліп көрсетеді. ЖОО студенттерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін ғалым өзара байланысқан блоктар: білім беру және ұйымдастыру қызметі, сондай-ақ бәсекеге қабілетті маманның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және дамыту қызметі кіретін тұтас және көп деңгейлі динамикалық жүйе ретінде қарастырады [91].

Е.В.Астапенко, бәсекеге қабілеттілік әлеуметтік-педагогикалық феномен ретінде жауапкершілік шешімдерді қабылдау үшін шығармашылық тәсіл, өзін-өзі бағалай білу, өзін-өзі көрсете алуы, өз білімін көтеру қызметіне мұқтаждық, өзара әрекет ете білу сияқты сапалық мінездемелер кіретін тұлғаның кіріктірілген қасиеті деп дәлелдейді [92].

Т.А.Жданко, студент тұлғасының бәсекеге қабілеттілігі деп, қызметті табысты орындауға негіз болатын тиімді танымдық белсенділік, мақсаттылық, еңбекқорлық, креативтік, сынилық, тәуекелдік, стресске төзімділік, көшбасшылық сияқты кіріктірілген тұрақты сапалар жиынтығы ретінде түсіндіреді. Автор, ЖОО-ның білім беру-кәсіби кеңістігі – ол көп функционалдықпен сипатталатын студент тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бойынша өзара байланысқан білім беру және кәсіби құрылымдардың арнайы ұйымдастырылған жиынтығы деп қарастыра келе, осы процестің келесі компоненттерін: білім, кәсіби, практикалық, зерттеушілік, басқару, қаржы-экономикалық процестерін бөліп көрсетеді және көп бейінділік - ЖОО, мекемелер мен кәсіпорындар аясындағы қызмет қажет, деп дәлелдейді. [93]. Ғалымның бәсекеге қабілетті педагог даярлауда университет ортасының алатын орны жайындағы көзқарасы көңілге қонымды

Т.В. Валежанинаның еңбегінде шағын инновациялық өндірістер мен жоғарғы оқу орындарының әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруда біздің мәселемізге сәйкестігі байқалады. Зерттеу жұмысында болашақ педагогтардың ЖОО мен шағын инновациялық өндірістердің әлеуметтік серіктестігінде бәсекеге қабілеттілік сапасы нәтижелі болатынына сенім білдіретінін айтады [94]. Қарастырылған мәселе бәсекеге қабілетті болашақ педагогты даярлауда негізге алуға болатындығымен ерекшеленеді

Отандық ғалым А.Қ.Қозыбай инженер-педагогтың кәсіби даярлығын ЖОО жүйесінде қалыптастырудың тұжырымдамасын жасаған. Онда инженер-педагогтің кәсібилігін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие процесінің тұтастығы мен реттілігін арттыру, оқу материалын игеру қарқынының өзгермелілігін және инженерлік-педагогикалық қызмет тәсілдерін, болашақ инженер-педагогтің кәсіби дамуының жеке бағдарламасын құру шарты ретінде кәсіби даму деңгейіне қарамастан барлық студенттердің танымдық қызығушылықтарын толық қанағаттандыру, білімді игеру процестерін және инженерлік-педагогикалық қызметті орындау тәсілдерін оңтайландыру жүйесін негіздеген [95]. Болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті болуына танымдық

қызығушылығы мен жеке өзіндік ұстанымының болуы шарт екені зерттеу жұмысы бағыттылығының ортақ екенін аңғартады.

Ал, А.К. Рысбаева өз зерттеу жұмыстарында: табыс, табыстылық мәселелерінің әртүрлі аспектіде бірнеше бағыттарда қарастырғанын көреміз. Табысты студент – ол табысты маман. Табысты маман – еліміздің жарқын болашағы. Автор ғылым салаларындағы «оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығы» ұғымына берілген анықтамаларды саралай келе, оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын– студенттердің білімі мен дағдылары, негізінен танымдық іс-әрекеттері арқылы қалыптасады, яғни оқу әрекетін табысты ету ол тікелей таным әрекетіне байланысты деп тұжырымдайды [96]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, педагогикалық ЖОО студенттерінің оқу-танымдық іс-әрекет табыстылығын дамыту бәсекеге қабілетті сапалы маман даярлаудың негізі деген пікірімізді білдіреміз.

Біздің қарастырғанымыз болашақ бәсекеге қабілетті педагог дайындау мәселесі болғандықтан сол бағыттағы жұмыстарды басымдылықпен зерделедік. Олардың ішінде Ресей ғалымдарының еңбектері де бар. Төмендегі 2-кестеде талданған ғылыми-педагогикалық зерттеулер бойынша жинақталған мәліметтердің кейбірінің қысқаша талдамалары келтіріледі.

Кесте-2. Педагогика-психологиялық диссертациялық зерттеулердегі болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы мен дамуын қарастырған еңбектер тізімі

№	Авторы, қорғалған жылы	Диссертациясының тақырыбы	Түйінді идея
1	2	3	3
1	Широбоков Сергей Николаевич 2000 Омск	Педагогикалық жоғарғы оқу орнында маманның бәсекеге қабілеттілігін дайындау сапасын бағалау	Заманауи жоғарғы мектеп бәсекеге қабілетті, құзыретті, маман дайындауға міндетті, ғалым, шет елдік бағалау және маман дайындау практикасына бейімдеуге әрекет етеді.
2	Власова Арина Алексеевна 2002 Калининград	Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қызметтегі өз орнын сақтауға деген бәсекелік қабілет ретінде қарастырады.
3	Оганесов Владимир Армаисович 2003Ставрополь	Маманның бәсекеге қабілеттілігін жоғары оқу жағдайында дайындау	Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін дамыту немесе қалыптастыруда өзін-өзі жетілдіру мәселелері кеңінен таратыла талданған.
4	Чупрова Ольга Федоровна 2004 Иркутск	Сараптамалық іс-әрекет процесінде болашақ мұғалім тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Болашақ мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды мақсатты түрде сараптамалық іс-әрекетке негіздеу және жалпы білім беру практикасына сұранысты жоғарылататынын негіздеген.
5	Ангеловский Алексей Анатольевич 2004Магнитог	ЖОО кәсіби дайындау процесінде студенттердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Тұлғаның немесе маманның емес тек қана студенттің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды педагогикалық тәжірибе негізінде мәселе етіп қояды.

1	2	3	4
6	Соловьева Юлия Влади- мировна 2005 Оренбург	Білім беру процесінде студенттің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Маманның ғана емес білім беру мекемелеріндегі студенттердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық мәселелерін қарастырады.
7	Максимова Елена Валерьевна 2005 Оренбург	Университеттің білім беру процесінде студенттің бәсекеге қабілеттілігін дамыту	Тұлғаның немесе маманның емес тек қана студенттің бәсекеге қабілеттілігін педагогикалық практикаға қалыптастыруды немесе дамытуды мәселе етіп қояды.
8	Туктаров Фархад Рубин- дарович 2007 Ростов-на-Дону	Заманауи трансқұрылымдық қоғамдағы тұлғаның бәсекеге қабілеттілігіне әлеуметтік-философиялық талдау.	Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе дамыту мәселесіне әлеуметтік-философиялық талдаулар жасаған.
9	Токарева Елена Влади мировна 2007 Москва	Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі дамуының жеке-психологиялық ерекшелігі	Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы немесе дамуының психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді.
10	Шевченко Инна Ивановна 2007 Махачкала	Студенттердің тұлғалық бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы құндылық бағдарға әсері	Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы немесе дамуы мәселесінің құндылық бағдарға әсерін қарастырған.
11	Архипенко Марина Алек сандровна 2007 Елец	Жоғары мектепте білім алу жағдайында педагогикалық интеграция болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін көтерудің факторы ретінде	Болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе дамытуда педагогикалық (біріктіруді) интеграцияны фактор ретінде қарастырған.
12	Шуткина Жанна Александровна Нижний 2008 Новгород	Мемлекеттік емес жоғарғы оқу орнында бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін, ұйымдастырушылық - педагогикалық шарттары.	Студенттің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе дамытуда педагогикалық-ұйымдастырушылық жағдайында қарастырған.
13	Астапенко Елена Васильевна 2008 Красноярск	Жоғарғы оқу орнының білім беру процесінде студент тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптас-тыруды педагогикалық қамтамасыз ету	Тұлғаның жоғарғы оқу орны білім беру процесінде педагогикалық қамтамасыз етудегі бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе дамыту
14	Сливина Татьяна Анатольевна 2008 Красноярск	Жоғарғы оқу орнының білім беру процесінде болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін жоғары оқу орнында қосымша білім алу процесінде қалыптастыру немесе дамыту мәселесін қарастырған.
15	Плугарева Анастасия Владимировна 2008 Пятигорск	Студент тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін дамытуға психологиялық қолдау көрсету.	Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру немесе дамытудағы психологиялық қолдауға талдаулар жасаған

1	2	3	4
16	Мезинов Владимир Николаевич 2009 Елец	Университеттің білім беру процесінде болашақ мұғалімнің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Бәсекеге қабілеттілікті болашақ педагогтың бәсекелестік қабілеті ретінде тұлғалық сапаларын педагогикалық процес арқылы дамытудың әдіснамалық негіздерін теориялық талдай отырып қарастырған.
17	Котикова Дарья Александровна Нижний 2010 Новгород	Жоғарғы оқу орнының білім беру процесінде студент тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Студенттің бәсекеге қабілеттілігін жоғары оқу орнында білім беру барысында электив курстар арқылы қалыптастыру немесе дамытулы қарастырған.
18	Бибиқ Инна Анатольевна 2010 Комсомольск-на Амуре	Жоғарғы оқу орны оқытушысының бәсекеге қабілеттігін қалыптастырудың ұйымдастырушылық - педагогикалық шарттары	Құзыретті, ұтқыр, бәсекеге қабілетті маман дайындауда оқытушының қосымша білімдермен қарулануын басты назарға алады.
19	Гришин Алексей Владимирович 2010 Челябинск	Кәсіби орта мектеп мамандарының бәсекеге қабілеттілігін дамытудың әлеуметтік-педагогикалық тұжырымдамасы	Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі бәсекеге төзімділік қабілет ретінде ақпараттық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекетте т.с.с. көрініс беруіне тоқталған.
20	Любченко Ольга Андре- евна 2010 Москва	Нарықтық еңбектегі бәсекеге қабілеттілік болашақ педагогтың экономикалық мәдениетін қалыптастыру оның мәнді элементі ретінде	Болашақ педагогтың экономикалық мәдениетін қалыптастыруда бәсекеге қабілеттілікті оның белгілі бір элементтері ретінде көрсетеді.
21	Файзрахманов Ирек Магсумович 2011 Йошкар Ола	Коммуникативтік іс-әрекет процесінде болашақ мұғалімнің бәсекелестік қатынасқа дайындығын қалыптастыру	Ақпараттық іс-әрекет процесінде болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырған
22	Евполова Екатерина Викторовна 2012 Челябинск	Болашақ кәсіби білім беру педагогтарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Кәсіби педагогикалық арнайы білім арқылы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін заман талабына сай қалыптастыру мәселесін зерттеген.
23	Валежанина Татьяна Владимировна 2014 Екатеринбург	Болашақ кәсіби білім беру педагогтарының ЖОО мен шағын инновациялық өндірістердің әлеуметтік серіктестігінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру	Шағын инновациялық өндірістер мен жоғарғы оқу орындарының әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың нәтижелі болатынына сенім білдіріп, келешегінен үлкен үміт күтеді.

Жоғарыдағы еңбектерді талдау барысында біз қарастырған мәселенің бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселе екендігіне күмән жоқ екендігіне көз жеткіздік. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен болашақ педагогқа қойылатын

заман талаптарының өсуі болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі дамуының түйткілдерін шешудің жолдарын бұдан әрі-қарай тереңірек зерттеуді жалғастыруды талап ететіндігін байқадық.

Бұл ретте ғалым Ұ.М. Әбдіғапбарованың соңғы жылдардағы еңбектерінде ҚР болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру жайлы [97] ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруі дуальді оқыту мәселесі бойынша шәкірт даярлап, зерттеулер жүргізуі құптарлық іс деп санаймыз. Себебі дуальді оқыту әлеуметтік серіктестік арқылы жүзеге асады. Басқаша айтсақ, әлеуметтік серіктестік дуальді оқытудың негізі болып табылады.

Колледж студенттерінің бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыру мәселесін Ж.О.Нұржанбаева қарастыра келе, білімгерлер бойында еңбек етуге, еңбекке көзқарастарын қалыптастырудағы кәсіптік білім беру және тәрбие үдерісіндегі мүдделері ортақ екенін тұжырымдайды [98]. Ж.Е.Алшынбаеваның зерттеуі агротехникалық және техникалық жоғары оқу орындарында кәсіптік білім беру педагогтарын даярлауда дуальді оқытуды іске асыруға даярлау мәселесіне арналады [99]. А.А. Сманованың еңбегінде кәсіби білім беру жүйесінде мамандар даярлауда дуальді оқытудың дамуын Германия және Қазақстан тәжірибесін салыстырса, [100] Р.А.Мамедов дуальді білім беру жағдайында болашақ мамандарды кәсіби бейімдеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін қарастырған [101]. Бұл еңбектерді еліміздің кәсіби білім беру саласын практикаға бағыттауға бағдар беретін зерттеулер қатарына жатқызамыз.

Осы талданған еңбектерді тұжырымдай келе, бәсекеге қабілетті педагог әлеуметтік тұрғыда белсенді, мақсатқа жету үшін қызығушылық танытып, жаңалықтарды іске асыра алатын, басқа адаммен салыстырғанда артықшылығымен басым жеке тұлға болуы тиіс деген қорытынды жасалады [102].

Қарастырылған мәселеге қатысты ғылыми еңбектерді саралау нәтижесінде өз тарапымыздан төмендегідей анықтама береміз: ***болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі*** – білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру мен нақты нәтижеге бағытталуда көрінетін, болашақ педагогтың кәсіби қызметке қызығушылығы, рухани адамгершілік қасиетін, инновациялық белсенділігін, кәсіби ұтқырлығы мен рефлексияға қабілеттілігін көрсететін даралық және тұлғалық сапаларының интеграциясы.

Параграфта талданған диссертациялық жұмыстың тірек ұғымдарының мәнін ашатын бейнелік көрінісі 1-суретте көрсетіледі.

«Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» негізгі тірек ұғымдарының мәнін, қызметін, ара қатынасын біз *мотивациялық, аксиологиялық, акмеологиялық, праксиологиялық және бағалаушылық* бағыттар бойынша айқындадық. Бұдан төмендегідей *болашақ бәсекеге қабілетті педагогтың* тұлғалық сапаларының сипаттамасы анықталады.



Сурет-1. Негізгі «бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» ұғымдарының өзара байланысы

Болашақ педагогтың кәсіби қызметке қызығушылығы (мотивациялық) - тұлғаның күрделі психикалық сапасы болып табылады. Қызығушылық – бір нәрсе туралы білуге құмарлық, дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып-білуге бағытталған адамның жеке қажетсінуінің бір көрінісі. Адамның іс-әрекетіне, көзқарасы мен талғамына, мұрат-мүддесіне байланысты қызығушылықтары әр түрлі болады. Қызығушылық тұрақты қасиетке айналғанда ғана адам өз іс-әрекетінен жақсы нәтиже шығара алады.

Болашақ педагогтың кәсіби қызметке деген қызығушылығының негізі мамандықты жүрек қалауымен саналы таңдауында. Сондықтан да оның құрылымында: педагогикалық мамандыққа бағыттылық, пәнге деген қызығушылық, балалармен жұмыс жасауға деген бейімділік, педагогикалық шығармашылыққа деген ұмтылыс, мамандыққа деген тұрақты эмоционалдық қатынас категориялары енеді. Осылардың әрқайсысы бәсекеге қабілетті болудың алғышарттары десек қателеспейміз.

Педагогикалық оқу орындары студенттерінің мамандыққа қызығушылықтары білімдік процестің барлық субъектілерінің қызметтерін біріктіру, мүмкіндіктерін толық пайдаланып, нәтижеге бағыттау арқылы жүзеге асады. ЖОО теориялық білімді аудиториядан тыс практикалық жұмыстармен бекіту, жұмыс берушілермен тұрақты байланыста болып, білім алудың барлық кезеңдерінде бірлесе әрекет ету арқылы жүзеге асады.

Рухани адамгершілік қасиет (аксиологиялық). Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрып, мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

И.В.Бестужев-Лада рухани адамгершілік қасиетті басқалармен (ең алдымен білім алушылармен): толық сенімі; шынайы таңдануы; руханилыққа деген қызығушылығы; болашақ педагогтың іліміне; шынайы сеніміне; үмітке; сүйіспеншілікке ұмтылуға дайын екендігімен ерекшелендіретін; шабытты талант ретінде сипаттайды [103].

Ең жоғарғы кәсіби дайындықтың өзі егер де жоғары кәсіби этикаға, еңбексүйгіштік дәстүрлеріне, жауапкершілікке, ынталылыққа негізделген адамгершілік құндылықтарды тірек етпесе қажетті нәтижеге жетпейді. Қоғамдағы рухани бағдарлардың бұзылуы ұстаздың жеке басының маңыздылығын, оның адамгершілік және эстетикалық позициясын, қоршаған ортаға, адамдарға, әлеуметтік идеяларға, өзінің рухани әлеуетін іске асыруға қатынасын арттыра түседі. Ұстаз ғана қоғам үшін өзінің адамгершілік тазалығымен, бекзаттығымен, кәсіби борышына берілгендігімен, дүниені жетілдіре беруге талпынуымен үлгі бола алады. Бұл айтылғандар бәсекеге қабілеттіліктің басты белгісі деп білеміз.

Инновациялық белсенділік (акмеологиялық) Инновация («новация» – жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, құбылыс, оқиға, т.с.с. білдіретін жұрнақ) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Инновация теориясының алғашқы ұғымдарының негізін қалаушылардың бірі австриялық экономист Й.Шумпетер оны кәсіпкерлік рухпен шыңдалған өндірістік факторлардың ғылыми-ұйымдастырылған құрамасы ретінде тұжырымдайды [104]. Бұл тұжырымның астарынан аталмыш ұғымның сапалы өнім алуға бағытталған жаңашылдық процесс, оның техникалық қамтамасыз етілуі, нарықтың негізгі шарты ретінде сипатталғандығын байқауға болады.

П.И.Третьяковтың пайымдауынша инновация – жаңа мазмұн және оны ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу – тек сол жаңалықты ұйымдастыру. Ғалым: «инновациялық процесс–жаңа мазмұнды қалыптастыру, дамыту, ұйымдастыруда көрінеді және бұл жағдайда тұлғалардың өзін-өзі анықтап, көрсетуінің белсенді процесі жүреді», – деген ой түйеді [105]. Бұл тұжырымның біздің жұмысымыз үшін маңыздылығы, бәсекеге қабілетті педагогтың инновацияға жақын болып, жаңашылдықты меңгерген болуымен түсіндіріледі.

М.В.Кларин бойынша, «инновация» – жаңалықтарды жасау мен тарату ғана емес, іс-әрекет бейнесіндегі маңызды сипатқа ие ойлау стилі деп тұжырымдай келе, инновацияны педагогикалық категория ретінде анықтау, білім беру мен тәрбие жұмысына жаңару, өзгеру, жаңаны енгізу түсінігін алып келеді», – деп, тұжырым жасап, білім берудегі инновациялық амал-тәсілдерді:

- *оқу процесін жаңғыртатын инновациялар;*

- *дәстүрлі оқу үдерісін түрлендіретін инновациялар,* - деп, екіге бөліп көрсетеді: [106]. Біздің ойымызша бәсекеге қабілетті педагог үшін бұл екеуі де аса маңызды.

Жоғарыдағы тұжырымдарды түйіндей келе, болашақ педагог шәкірттерді өзгермелі өмірде өзін еркін бағдарлап, өзін-өзі бақылап, жетілдіріп, бағалай алатындай және өзіндік ойы, пікірі бар тұлға етіп тәрбиелеуі үшін

педагогикалық инновацияға, оқыту мен тәрбиелеу процесіне жаңалықты енгізуге әзір болуы тиіс. Сонда ғана оның бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейде болады.

Бәсекеге қабілетті болашақ педагогтың **кәсіби ұтқырлығы (праксиологиялық)** - оның басты сапасы. Ұтқырлық (ағылшынша mobility; нем. mobilität) – бір жағдайдан, екінші жағдайға (күйге, әрекетке) жылдам ауыса алу дегенді білдіреді. Қазіргі заман адамының ұтқырлығы оның қозғалыста бола алу шапшаңдығын, әрекеттің қарқындылығын көрсететін қасиеті болып табылады.

«Қазақ педагогикалық энциклопедиялық сөздігінде» кәсіби ұтқырлық біріншіден, индивид қызметтің ауысуына байланысты әрекет түрін жылдам өзгерте алуы, екіншіден, тұлғаның білім алу процесінде қалыптасатын жаңа жағдайларды шұғыл игере алу сапасы ретінде түсіндіріледі [107].

Кәсіби ұтқырлықтың ерекшеліктеріне жататындар: мамандық, қызметтің ауысуындағы оралымдылық, техника мен технологияны меңгерудегі жылдамдық, кәсіби әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауыса алу біліктері, өз білімі мен біліктілігін арттыруға деген тұрақты қажеттілік (А.И.Архангельский); кәсіби әрекетте біртекті және әртекті қызметтерді бірдей атқара алу (А.А. Кирсанов); әлеуметке ене алу, әлеуметтік бейімділік (Ю.И.Калиновский); кәсіби мінез құлықты басқара алу (Ю.Ю. Дворецкая); кәсіби білімдер. Жалпы айтқанда кәсіби ұтқырлық кәсіби тәсілдердің жинақталған жүйесі және оны кәсіби әрекетте сәйкесінше қолдана алуға қабілеттілік деп тұжырымдауға болады.


Кәсіби ұтқырлық ішкі (кәсіби тұлғалық дамумен байланысты, жаңа технологияларды, әдіс тәсілдерді меңгеру) және сыртқы (қызметтің, мамандықтың жұмыс орынының ауысуымен байланысты) болып бөлінеді. Алғашқысы негізінен кәсіби білім алу барысында қалыптастырылып, кәсіби әрекет барысында дамып отырса, екіншісі, еңбек түрінің ауысуының нақты жағдайында көрініс береді. Кәсіби ұтқырлық болашақ педагогтың оқу - тәрбие үрдісін өзгермелі жағдайға бейімдей алу қабілеттілігін көрсететін кіріккен сапасы деген қорытынды жасаймыз. Болашақ педагогтың бұл сапасы оның бәсекеге қабілетті болуының негізі деп есептейміз.

Рефлексияға қабілеттілік (бағалаушылық). «Рефлексия» – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы. Философиялық сөздікте: рефлексия (лат. reflexio – кейінге оралу) – бейнелеуді, сондай-ақ таным актісін зерттеуді білдіретін термин. Ал одан шығатын «рефлексиялау» ұғымына сананы өз-өзіне үңілдіруді, өз психикалық күйіне ой жүгіртушілікті сипаттайды, – деп, анықтама берілген [108].

XVII ғасырда ағылшын философы Джон Локк, алғаш рефлексияның – белгілі бір процестегі және практика барысының қорытынды есебін жинақтау және жаңа идеялар алу мүмкіндігі бар деп қарастырған [109].

Бұл, шығармашылықтың, ақыл-ой іс-әрекетіндегі көріністің ролі ретінде, субъектінің өзіндік ерекшелігі негізінде өзін-өзі анықтайтын талаптарды белгілеу және реттеу болып табылады. Болашақ педагог бәсекеге қабілетті болуы үшін өз

іс-әрекетіне үнемі талдау қорытындыларын жасап отыруы маңызды. Жоғарыда айтылғандарды 2-сурет түрінде бейнеледік.



Сурет-2. Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің құрылымы

Сонымен, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі қазіргі заманғы қоғамның жаңа талаптары мен динамикалық өзгерістерден туындап отырған әлеуметтік қажеттілік деп санаймыз. Бәсекеге қабілеттілік – кәсібиліктің шыңына ұмтылуды қамтамасыз ететіндіктен бұл сапаны қалыптастыру жоғары оқу орны жағдайында оқу және оқудан тыс әрекеттерде жүзеге асырылуы орынды. Келесі параграфта әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау мәселесін зерттеуге қажетті әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарға сипаттама береміз.

1.3 Бәсекеге қабілетті педагогтар даярлаудың әдіснамалық негіздері

Біз қарастырып отырған мәселені шешу үшін қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарына бағдарлау, болашақ педагогтарды білімдендіре әлеуметтендіру саласындағы жетекші тенденциялар көрініс табатын әдіснамалық *тұғырлар*, *қағидалар*, *ұстанымдар мен тәсілдерді* анықтау қажеттілігі туындады.

Энциклопедиялық сөздікте *Әдіснама* (грек сөзінен алғанда *methodos* – жол, тәсіл + *logos* – түсінік) – негізді ғылыми тұрғыдан анықтау, түсініктердің маңыздарын айқындау. *Ғылым әдіснамасы* дегеніміз ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін зерттейтін ғылым бөлшегі және объективті ақиқат пен түрлі ғылыми міндеттерді әртүрлі тұрғыдан қарастыру қағидасы. Әдіснама зерттеулердің жалпы даму бағытын, олардың мақсаттарын, шекараларын, қағидаларын анықтайтын ғылыми таным әдісі туралы ілім [110].

Педагогиканың әдіснамасы жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу мен дамыту заңдылықтарын пайдалану және оны танып білудің жолдарын анықтауды мазмұндайды.

Түсіндірме сөздікте «*тұғыр*» тәсілдер мен амалдардың жиынтығы ретінде анықталады. Бүгінде танымдық практикалық іс-әрекеттің ерекше формасы, педагогикалық құбылысты көзқарастар тұрғысынан анықтау, зерттелінетін процестің стратегиясы, базалық құндылық бағдар, педагогтың ұстанымын айқындайтын идея, зерттелінетін объектіні құрылымдау әдісі, т.б. тұрғыдан кеңінен түсіндіріледі [111].

Ш.Таубаеваның пікірінше, *тұғыр* – қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы, ол осы шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады. Сонымен қатар, педагогикадағы әдіснамалық тұғырларды жіктеп, оларға жеке сипаттама береді. Тұғыр педагогикалық іс-әрекет тәсілдерін және өзара байланысты идеялар мен ұғымдардың сапалық жиынтығын пайдалануға мүмкіндік тудыратын әдіснамалық бағдар болып табылады [112].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырларын төмендегідей іріктеліп, оларға мазмұндық сипаттама береміз:

- **жүйелілік** тұғыр (Блауберг В.Н. Садовский Э.Г. Юдин, Е.Н.Степанов, Ш.Таубаева және т.б.);

- **құзыреттілік** тұғыр (А.А.Вербицкийдің, Е.А.Гнатышинаның, И.А.Зимняяның, А.В.Хуторской және отандық ғалымдардан: А.А.Бейсембаева, Ү.Б. Жексенбаева, М.Ж. Жадрин, К.Н.Нарибаев, К.У.Кунакова, Қ.Ж.Аганина, М.А.Абсатова, М.К.Джандильдинов т.б.)

- **аксиологиялық** тұғыр (Н.Д.Никандров, Е.А.Климов, А.Г.Асмолов, Ш.А.Амонашвили, Г.К.Нұрғалиева, және т.б.);

- **акмеологиялық** тұғыр (А.А.Бодалев А.К. Маркова; А.А.Деркач, М.Ә.Құдайқұлов, Б.А.Тұрғынбаева және т.б.);

- **синергетикалық** тұғыр (М.С. Каган, Е.Н.Князева мен С.П.Курдюмов М.Р. Молдабекова, З.Ж.Жаңабаев, С.Б.Тарасов, Б.А.Мукушев, К.К.Кусаинов т.б.)

Осы тұғырлардың мәнін қысқаша қарастырып, алдымызда тұрған мәселені шешу үшін олардың маңызын анықтауға тырыстық.

Блауберг, В.Н. Садовский, Э.Г. Юдин және т.б. ғалымдардың еңбегі арналған **жүйелілік тұғыр** тікелей «жүйе» ұғымымен байланысты. Бұл тұғыр кез келген зерттеудің жалпы ғылыми негізі болып табылады. Ол мәселені дұрыс қойып, ғылыми ізденістің жалпы бағытын анықтауды қамтамасыз етеді. Міне сондықтан ғылыми танымда тұғырға жетекші рөл беріледі. Е.Н. Степанов, «педагогикалық ғылым мен практикада жүйелі тұғырды пайдалану қажеттілігі анық, өйткені педагогтар жүйелер әлемінде тұрақты болады және сонда әрекет етеді», - деп дұрыс айтқан [113, 86-б.].

Жүйелілік тұғыр біздің алдымызда тұрған мәселені зерттеу және шешу үшін келесі негізгі ережелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

1) жүйелілік тұғыр болашақ бәсекеге қабілетті педагогтерді даярлаудың барлық кезеңдерінде кешенді зерттеуді қамтамасыз етеді;

2) болашақ педагогтардың тұлғалық бәсекеге қабілеттілігі барлық компоненттері өзара байланысқан тұтас педагогикалық процесте қалыптастырылады;

3) болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру тиімділігі мақсатты бағытталған жүйелі әсер етуді ұйымдастыруға тәуелді болады.

Алайда, күшті әдіснамалық маңыздылығына қарамастан, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін жүйелілік тұғыр жеке толық шеше алмайды. Сондықтан педагогикалық теорияда кеңінен пайдаланыла бастаған құзіреттілік тәсілімен бірлікте қарастырамыз.

Құзіреттілік тұғыр «құзіреттілік» «құзірет» ұғымымен тікелей байланысты. Педагогикалық зерттеулерде құзірет-құзіреттілікті қалыптастыру және құзіреттілік тұғырды пайдалану өзектілігінің бірнеше себептері бар, соның ішінде жоғары білімдегі стандарттар, оқыту мазмұны білім алушылардың нақты құзіреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, «құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту процесінде білімді қолданудың соңғы нәтижесі ретінде қарастырылуда [114]. Білім беру үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы болашақ маманның білімі мен практикасын, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы болып табылады.

Құзіреттілік тұғырдың педагогикалық түсіндірмесі А.А. Вербицкийдің, И.А. Зимняяның, Ж.А. Шуткинаның, А.В. Хуторскойдың және т.б. еңбектерінде келтіріледі. Мысалы, Ж.А. Шуткинаның құзіреттілік тұғырды педагогикалық құбылысты құзіреттердің жүйеленген түрі, сондай-ақ оларды қалыптастыру жолдарын анықтау түрінде білім үдерісінің нәтижесі ретінде сипаттайды [115]. Ал, К.С. Құдайбергенова «құзыреттілікті» педагогиканың категориясы тұрғысынан жан-жақты зерделеп, мұғалімнің құзыреттік – нені білуін, нені түсінуін, меңгеруін немесе неге қабілетті екендігін көрсетуі, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығаруы [116] деп қарастырса, М.К. Джандильдинов ЖОО студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың педагогикалық шарттары мен бағалауды өлшеу мәселесінің өзектілігін келтіреді. Мұнда білім алушылардың білігі мен дағдылары сыртқы бағалауға тиісті деңгейдегі талаптарды іске асырылатынын дәйектейді [117].

Бұдан болашақ педагогтардың өмірдегі мәселелер мен жағдайларды іс әрекетінің сапалы, болуын қамтамасыз ететін жеке тұлғалық практикаға енген білім, білік, дағды, қабілеттердің жинағы немесе әмбебап жүйесі екені аңғарылады.

Құзіреттілікті қалыптастыруда үш кезеңді бөліп көрсетуге болады: *дәрежелік*, болашақ педагогтардың кәсіби рефлексиясын дамытудың дәрежелік-позициялық заңдылықтарын ескере отырып белгілеген *позициялық* кезең және білім алушылар мен оқытушылардың құзіреттілігінің қалыптасуын бақылау мен бағалауға қажетті *қорытынды* кезең. Аталған кезеңдердің ерекшелігі құзіреттілікті қалыптастырудың көрсетілген мазмұнынан және кәсіби оқытудың әдістемелік әдістерін, оны жүзеге асыруды таңдау талаптарынан көрінеді [118].

Оқытуды ұйымдастырудың әмбебап формасы ретінде блокты-модульдік технология болуы мүмкін, онда құзіреттілік амалды іске асырудың объективті мүмкіндігі бар [119].

Демек, болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін зерттеу және шешу барысында ескерілетін құзіреттілік тұғырдың ережелеріне біз келесілерді жатқызамыз:

1) құзіреттілік тұғыр болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың мақсаты және нәтижесі ретінде негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді;

2) оқу үрдісін ұйымдастыру болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігі құрамына кіретін құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады;

3) білім нәтижелерін бағалау болашақ педагогтар қол жеткізген құзіреттілікті меңгеру деңгейін талдауға негізделеді.

Сонымен, құзіреттілік тұғыр кәсіби-педагогикалық білімнің мақсаты және нәтижесі және осы құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған оқу үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әдіснаманың жүйелік және құзіреттілік тұғырлары отандық педагогиканың іргетасын құрайтыны және болашақ педагогтың тұлғалық бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселесінің негізгі шешімі екені сөзсіз. Осы тәсілдер педагогикалық теорияда да, практикада да жоғары деңгейде бағаланған, олар қосымша бағалауды қажет етпейді.

Біз қарастырып отырған мәселені шешуде **аксиологиялық тұғырды** тірек ету зерттеуіміздегі бәсекеге қабілеті педагогтың түрткісі болып табылатын «бәсеке» ұғымы аксиологияның ғылыми аймағындағы «құндылық», «құндылық бағдарлар» контекстінде қарастырылуымен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәндік күші, оның дүниетанымдық және адамгершілік сапаларының қалыптасуы, тұлғаның рухани дамуы, әлемге және адамға эмоционалдық құндылық қатынастың қалыптасуы және т.б. білім берудің мәдени гуманистік қызметтерін негіз етіп алатын педагогикалық аксиология аясында шешіледі.

Аксиологиялық тұғыр болашақ педагогтардың әлеуметтік-мәдени құндылықтарға деген бағдарынан байқалады, адамды рухани және әлеуметтік құндылықтарды жасауға қабілетті ең жоғарғы құндылық деп мойындау және

оның тұлғалық және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру; әлеуметтік-мәдени құндылықтардың тұлғаның білімі мен дамуының өзегін құрайтынын мойындау. Олардың іс-әрекет, қарым-қатынас үдерісінде ол үшін өмірлік қажетке, тұлғалық мәнге ие құндылықтарды өзектендіреді.

Аксиологиялық тұғырдың теориялық негізі А.Г.Асмолов [120], Ш.А.Амонашвили [121], т.б. зерттеулерінде қаланған. Ғалымдар педагогика ғылымында қазіргі заманғы білім берудің жаңа парадигмасы практикада аксиология тұғыры бойынша адамның ішкі әлеміне бағдарланып, оның құндылығына, еркіне, әсерленуіне көңіл бөлуді қажет етеді деп есептейді. Жалпы құндылықтардың пайда болуы, бір жағынан, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті іс-әрекетіне, заттар мен құбылыстарға, оның сапаларына, екінші жағынан, құндылық адамның, қоғамның зат немесе құбылысты бағалауына байланысты пайымдауы болып табылады. Сондықтан әрбір адамға дара иерархиялық тұлғалық құндылықтар тән, ол қоғамның рухани мәдениеті мен тұлғаның рухани дүниесі арасын байланыстыратын ара буын рөлін атқарады. Құндылықтар индивидтің өмірлік практикасын шоғырландыратын тұлғаның ішкі құрылымының маңызды элементі ретінде қарастырылады. Құндылық - мәнді бағдарлар бәсекеге қабілеттілікті және жеке практиканы реттеп отыратын қатынастар жүйесін айқындайды.

Р.К.Төлеубекова [122], А.А.Калюжный [123], және т.б зерттеулерінде білім алушылардың адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекетіндегі адамгершілік сана-сезімі, дағдысы, өзіндік «Мен» бейнесі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерімен ықпалдасып, субъекті ретінде танылуға, құндылық бағдарының қалыптасуына ықпал ететіндігіне назар аударылған.

Демек, аксиологиялық тұғыр аясында кәсіби білім беру - болашақ педагогтардың кәсіби өзін-өзі жетілдіру құралын таңдауда гуманизм мен шығармашылық еркіндікті ұстануға, шығармашылық дербестігі мен өзін-өзі дамытуға, рухани қабілеттерін ашуға бағытталған ішкі әлеуетін белсендіре отырып, құндылықтарды меңгерту процесінде жүзеге асырылады.

Жұмысымыздың әдіснамалық негізі ретінде басшылыққа алынатын **тұлғалық-бағдарлық тұғырды** И.С.Якиманская негіздеп, оқу әрекетінде болашақ педагогтың субъектілі практикасына сүйену керек деп есептейді. Оның тұжырымдамасында тұлғалық-бағдарлық педагогиканың білім берудегі мақсаты – болашақ педагогтың жеке тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде анықтап, дамыту үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) тудыру, ол қасиеттерді «мәдениеттендіру», әлеуметтік мәнді іс-әрекеттерге айналдыру негізделеді.

Әдіснамалық негіз ретінде *тұлғалық - бағдарлық тұғыр іс-әрекетпен* бірлікте қарастырылады, ол педагогикалық процесте болашақ педагогтың тұлғалық аспектісін, оның жеке, жас ерекшеліктерін ескеруге; тұлғаның табиғи, интеллектуальды, шығармашылық әлеуетіне сүйену және оның ашылуы мен іс жүзінде жүзеге асырылуына жағдай жасауға; болашақ педагогтардың тұлғалық тұтастығының компоненті ретінде адамгершілік санасы мен мінез-құлқын, интеллектінің бірлігін ескеруге; интеллектуалдық әлеуетті дамыту тұлғаны іс-әрекеттің алуан түріне, алдымен танымдық іс-әрекетке қатыстыру үдерісінде

жүзеге асыруға бағдарлайды [124].

Әлеуметтік мәнді адам ретінде тұлға биіктерден көрінуге ұмтылуы керек, оның бәсекеге қабілеттілігі өзіндік бағалаумен қатар оның жетістігінің әлеуметтік іс-әрекеттің жеке саласын немесе адамзаттық қарым-қатынасты ғана емес, олардың тұтас кешенін қамтиды. Тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетінің көп түрлерінің ішінде кәсіби іс-әрекет ерекше орын алады. Себебі, адам іс-әрекет субъектісі ретінде өмірінің басым бөлігін өзінің тұлға болып қалыптасуының негізгі бағыты кәсіби еңбек түріне арнайтыны белгілі.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері адамның іс-әрекеттері саласындағы ғалымдардың еңбектері болып табылады. Оларда тұлға адамның әлеуметтік рөлді қаншалықты игеруіне, әлеуметтік іс-әрекетке қаншалықты қосылуына байланысты өмір бойына қалыптасып дамиды деп есептеледі. Іс-әрекеттің әлеуметтік саласы болашақ педагогтарына қойылатын талаптардың жоғарылауына байланысты көптеген мамандықтарда тұлғаға өзіндік «қажетті» сипаттамалары және оның құрылымдық компоненттері тән. Соның бірі кез келген кәсіби іс-әрекетте бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады. Бірақ болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейде қалыптасуы белсенділіксіз мүмкін емес, сондықтан әлеуметтік-мәдениет тұрғысынан қарастыру маңызды.

К.А.Абульханова-Славская іс-әрекеттің шынайы өмірді қайта құрудағы, заттық әлемді жасау мен өзгертудегі рөлін атап көрсетеді. Алайда, әрбір субъект үшін қоғамдағы іс-әрекетке баулу маңызды болып саналады. Тұлға үшін іс-әрекет және оның бәсекеге қабілеттілігі өзін-өзі таныту мүмкіндігімен тікелей байланысты [125].

Білім беру саласын *іс-әрекеттік тұрғыдан* қарау теориясы сана мен іс-әрекеттің бірлігі деген психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теория бойынша әрбір болашақ педагог оқу-танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, кәсіби өзін-өзі анықтауы тиіс. Сонда ғана оның бәсекеге қабілеттілігі дамиды.

А.Н.Леонтьевтің пікірінше, мақсат кез келген іс-әрекеттің жүйе құрастырушы компоненті болып табылады. Шынымен, мақсатсыз іс әрекет болуы екіталай. Әр адамның алдына қойған жақын және алыс мақсаттары болады. Мотив деген компоненттің ішіне адам үшін маңызды рухани, материалдық, әлеуметтік, табиғи-биологиялық қажеттіліктер кіреді [126].

Біздің зерттеуімізге тірек болатын **акмеологиялық тұғыр** бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлауда басты рөл атқарады. Болашақ педагогтарының интеллектуалдық, эмоциялық, ерік-жігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және нобайлауға әрі ішкі әлеуетін дамытуға, бәсекеге қабілеттілікке даярлауға бағытталған. Бұл тұғыр педагогикалық процесте болашақ педагогтарға білім беру мен болашақта кәсібиліктің шыңына шығу, өзін іс жүзінде көрсетуге ұмтылу, жетістікке сұраныс сияқты факторларды ескере отырып, ұйымдастыруды құрылымдайды.

А.А.Деркач, А.Н.Сухов педагогикалық акмеология адамды тұлға, іс-әрекет субъектісі, индивид ретінде зерттеп, жалпы ақыл-ой әлеуеті қалыптасқан көпқырлы біртұтас адам ретінде оның жеке ерекшеліктерін анықтайды. Сонымен бірге адамның қол жеткізген нәтижелерін зерттеу негізінде оның әлеуетінің заңдылықтарын қарастырады [127,17-196.].

Б.А.Тұрғынбаева акмеологиялық тұғырға сүйену арқылы сапасы жағынан жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге болады деп есептейді. Сонымен бірге акмеологияның мән-мағынасын тұлғаның дамуымен байланысты тұрақты байланыстарды бейнелейді деп түсіндіреді. [128,134б.].

Болашақ бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлауда олардың акмеологиялық бағыттылығын қалыптастыру аса маңызды деп санаймыз. Өз жеткен жетістігінде тоқтамай, үнемі ізденісте жүретін, заман көшінен қалмай биіктерді бағындыра алатын мұғалім ғана кез келген деңгейдегі әріптесінен артық болып, жоғарыда бола алады деп санаймыз. Олай болса, акмеологиялық тұғырдың бәсекеге қабілетті педагогикалық маман даярлаудағы орны ерекше.

Синергетикалық тұғыр. *Синергетика* («синергейя» – бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады. *Синергетикалық тұғыр* немесе білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарды.

Синергетикалық ойлар мен пікірлер өткен ғасырдың 70- жылдарында басталып, ал «синергетика» термині Герман Хакеннің еңбектері арқылы ғылыми әдебиетке енген. Педагогика сияқты синергетиканың да негізгі мақсаты тұлғаның даму үрдісін басқару. Адамда тосыннан пайда болатын белсенділік, шығармашылық қабілеттер бар болғандықтан, қазіргі уақытта синергетика идеясы педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылу үстінде.

Бұл саланың дамуына үлес қазақстандық ғалым З.Ж.Жаңабаев, Б.А.Мукушев [129] т.б. Олар күрделі, ашық жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі дамытумен байланысты болғандықтан, қазіргі философияның жаңа кезеңін ашуға серпін беретіндігін негіздейді.

Біздің зерттеуіміз үшін синергетиканың өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретіндегі маңызы зор. Себебі, қазіргі талаптарға білім алушылар білімді интерактивті түрде игере отырып, қойылған міндеттер мен талқыланатын өзекті мәселелерді түсінуге, өздігінен шешім іздеуге, қорытынды жасауға, жалпылауға ұмтылулары тиіс. Бұл кезде оларда жинақтаған ақпараттар, білімдер бейберекеттіліктен (хаостан) реттілікке өтеді. Осылайша болашақ педагогтарда жүйелі қызмет өрісі пайда болады, танымдық және шығармашылық белсенділіктері артады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру барысындағы ұжымдық таным үрдісін синергетикалық бағытта ұйымдастыру оның қатысушыларының ынтымақтаса жұмыс жасаудағы келісімділік және ұжымның әр мүшесінің

жауапкершілікті өз мойындарына ала білуі; басқалардың құқықтарын аяқ асты етпеу, басқа индивидтердің құндылықтарын мойындау арқылы бірлесе білім алуда демократиялық үрдісті қалыптастыру болып табылады. Оны басшылыққа алу болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Біздің жағдайымызда да бәсекеге қабілетті маман болу студенттің «өзі» философиясына негізделіп, олардың бірлескен әрекетін тиімді ұйымдастырғанда нәтижелі болады деп есепетейміз.

Талданған әдіснамалық тұғырлардың жалпы идеялары мен көрнекті өкілдерін төмендегі 3-кестеде келтіріп отырмыз.

Кесте - 3. Болашақ педагогтардың даярлау мәселесіне қажетті әдіснамалық тұғырлар мен оларды зерттеушілер

Тұғырлар	Авторлар	Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету қызметінің сипаттамасы
1	2	3
Жүйелілік	В.Н.Блауберг Э.Г.Садовский Е.Н.Юдин Е.Н.Степанов Ш. Таубаева және т.б	Зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтайды.
Құзыреттілік	А.В.Хуторский, И.А.Зимняя А.А.Вербицкийдің, Е.А.Гнатышинаның, И.А.Зимняяның,А.В.Хуторской А.А.Бейсембаева, Ү.Б. Жексенбаева М.Ж. Жадрин, К.Н.Нарибаев, Қ.Ж.Аганина, М.А.Абсатова және т.б	Болашақ педагогтарды өмірдің әртүрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге қабілеттілікті және қоғамда табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игерудің жолдарын көрсетеді.
Ақмеологиялық	С.Д.Пожарский Н.А.Рыбников А.А.Деркач А.К.Маркова Б.А.Тұрғынбаева М.Ә.Құдайқұлов және т.б	Болашақ педагогтардың интеллектуалдық, эмоциялық, ерік-жігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және нобайлауға әрі тұлғаның ішкі әлеуетін дамытуға, жоғары жетістікке жетуге бағытталған тұжырымдар жасайды.
Іс-әрекеттік	А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн К.А.Абульханова-Славская С.Н.Жиенбаева, О.Нұсқабаев және т.б	Іс-әрекет теориясын әрбір білім алушы оқу-танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, табысқа жетуі, кәсіби өзін-өзі анықтау құралы тұрғысынан қарастырады.
Аксиологиялық	Н.Д.Никандров, Е.А.Климов, А.Г.Асмолов, Б.С.Гершунский А.Г.Асмолов Ш.А.Амонашвили Р.К., Төлеубекова, А.А.Калюжный А.А.Бейсенбаева Г.К.Нұрғалиева және т.б	Адамды рухани және әлеуметтік құндылықтарды жасауға қабілетті ең жоғарғы құндылық ретінде қарау, болашақ педагогтың әлеуметтік-мәдени бағдары болуы қажеттілігіне назар аударады.

1	2	3
Синергети калық	М.С.Каган, .В.Бондаревская, П.К.Анохин, М.Р. Молдабекова, З.Ж.Жаңабаев, С.Б.Тарасов, Б.А.Мукушев, К.К.Кусаинов және т.б	Болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыра білуі, ынтымақтаса алуы, оның маман ретінде қалыптасуының кепілі деген пікір білдіреді.

Біз қарастырып отырған мәселені шешу үшін болашақ педагогтарды даярлау саласындағы жетекші тенденциялар көрініс табатын алғашқы ереже, басшылыққа алынатын нұсқау әдіснамалық, *ұстанымдар (қағидалар)*, қажет. Оларды төмендегіше айқындадық.

Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы педагогикалық зерттеулерде үлкен роль атқарады. Практика танымдық әрекеттің негізі, сондай-ақ қайсы бір теориялық ереженің ақиқаттығының өлшемі. Дегенмен де практикаға негізделмеген теория өнімсіз болады. Сондай-ақ теорияны басшылыққа алмаған практикада стихийялылық, тиімсіздік орын алады. Теория практикаға жол ашады. Осыған орай болашақ педагогтарды даярлауда практика теорияның мәнін ұғып, оны практикаға қолданып көру, өз әрекетін жетілдіруге ықпал етеді. Біздің зерттеуіміздің басты мәселесін дұрыс шешу үшін де дәл осы ұстанымды басшылыққа алу тиімді деп есептейміз және ол практикалық жұмыс барысында дәлелденетін болады.

Субъектілік ұстанымы. «Субъект» ұғымы (латынша – subiectum – бастаушы) – болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; белсенді жеткізуші деп аударылады. Бұл - философия, психология және педагогика ғылымдарында бірдей қолданылатын ұғым. Философияда адам әлемдегі үнемі қайта жаңару жағдайында болатын жан, ал сол жаңару адамның өзінің ұмтылысы нәтижесінде, өз ойларын ұмтылыстарына бағындыру нәтижесінде іске асады деген мағынада қолданылады.

Субъект - өзін-өзі ұйымдастырудың белгілі бір сапалы тәсілі, тұлғаның өзін-өзі реттеуінің, ішкі және сыртқы жағдайлардың келісуінің тәсілі, барлық психикалық процестердің, күйлердің, қасиеттердің реттеу орталығы, сонымен бірге қабілеттердің, объективті және субъективті мақсаттарға қатысты іс-әрекеттің міндеттеріне сәйкес тұлғаның мүмкіндіктері мен шектеулерінің формасы. Субъектінің тұтастылығы, бірлігі және кіріктірілуі оның психикалық қасиеттері жүйелілігінің негізі болады.

Ғылымда субъектілікті белсенділіктің көрініс беруі деп түсіндіреді. «Білім субъектісі» деген сөз тіркесі ішкі әлемді өзгерте алушы мағынасында, ал «субъектінің пайда болуы» оның өзгеруі сыртқы әлемнің әсерінен болғанда қолданылады. Бұл екеуінде де ішкі және сыртқы жағдайлардың түйісуі, іс-қимыл, әрекет, ересектік ұғымдарының қатысы бар. Осыдан барып «әрекеттің субъектісі», «субъектінің әрекеті» тіркестері туындайды. Бұл турасында – ішкі әлемді (сананы) өзгертуге бағытталған, сыртқы әсерден (нақты жағдаят) болатын әрекет деген пікірімізді білдіреміз. Біз қарастырып отырған бәсекеге қабілеттілік сияқты сапа болашақ педагогтың өз белсенділігі арқылы қалыптасады. Ал әлеуметтік серіктес мекемелер білім субъектісінің кәсібилікке қатысты

қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Практикаға бағыттылық ұстанымы болашақ педагогтардың қазіргі заманғы білім берудің негізгі идеяларын практикалық іске айналдыруда қажет болатын әдістемелік ептілік пен дағдылардың дамуына негіз болады.

Қорыта келгенде, аталған тарауда әдіснамалық тұғырларды жіктеу зерттеу мәселесін шешудің стратегиясы мен тактикасын айқындауға, практикалық жұмыстың нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді. Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың әдіснамалық негіздері:

- қоғам сұранысы мен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық көріністер болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді;

- болашақ педагогтардың кәсіби тұлғалық дамуына әсерін тигізетін жағдайларды анықтауға, азамат әрі маман ретінде жетілудің жоғары деңгейіне қол жеткізу кезеңдерін жобалауға бағытталады;

- бәсекеге қабілеттіліктің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуіне бағдарланады;

- білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі жоғары бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытуға мүмкіндік жасайды.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының жетістігі тікелей педагогикалық мамандарды дайындауға байланысты. Сондықтан қоғам мен мемлекет кәсіби білімді бәсекеге қабілетті педагогтарды дайындауға тапсырыс береді. Бұл тапсырысты орындауда әлеуметтік серіктестік құру қоғам тапсырысына, заман талабына сай бәсекеге қабілетті педагог дайындауға жағдай жасайды. Жұмысымыздың келесі тарауы болашақ педагогтарды бәсекеге қабілетті етіп даярлауда әлеуметтік серіктестіктің мүмкіндіктерін пайдалану мәселесіне арналатын болады.

II ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК - БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ

2.1 Білімдегі әлеуметтік серіктестік феномені

Әлеуметтік құбылыс ретінде танылатын білім – ең алдымен шынайы қоғамдық құндылық. Әрқандай қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, ғылыми – техникалық, рухани - мәдени және экономикалық мүмкіндіктер білім беру саласының даму деңгейіне тәуелді. Алайда білім қоғамдық - тарихи сипатта бола тұрып, өз кезегінде, әлеуметтің білімдену қызметін іске асырушы қоғамның тарихи типіне байланысты. Әр дәуір білімі сол кезеңдегі әлеуметтік даму міндеттерін, қоғамдағы экономика мен мәдениет деңгейі, саяси және идеологиялық талаптар сипатын аңдатады. Себебі, аталған факторлардың арасында қоғамдық қатынастар субъектісі болған педагогтар мен білім алушылар тұр.

Білім, әлеуметтік – қажеттілік болуымен бірге біршама **қызметтер атқарады**. Ғалымдардың пайымдауына (А.А. Реан, Н.В.Берковский) білім қызметтері төмендегідей:

- *адамның ғылым және мәдениет әлеміне енуінің ең оңтайлы да жедел жолы*. Бүкіл дүние қазіргі таңда әлем және барша планета азаматын тәрбиелеуге ұмтылыс жасап, білім аймағында барлық күш – қуатын топтастыруда. Дүниежүзілік білім кеңістігі жедел дамуда. Сондықтан да әлем қауымдастығы адамның жасайтын орны не елі, білім игеру типі деңгейіне тәуелсіз жаһандық білім стратегиясын қалыптастыру талаптарын алға шығарып отыр;

- *тұлғаның әлеуметтенуі мен ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз ету тәсілі*. Адамдардың идеологиялық көзқарасы мен талғамдарының, әлеуметтік танымдары, мұраттары мен тіршілік жағдайлары түбегейлі өзгеріске түсіп жатқан заманда білім қайта жаңғырту мен тарихи және әлеуметтік тәжірибені әулеттен әулетке өткізу процесін қалыпты жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа саяси және экономикалық жағдайларды, қоғам және мәдениет дамуының жаңа бағыттарын жас ұрпақ санасына ендіріп, бекітуге көмектеседі. Тек білімнің ғана үйлестіру, тұрақтандыру қызметі арқылы адам жаңа өмір салттары мен тіршілік шарттарына икемделіп, бейімделеді.

- *адамның қоғамдық және рухани өмірін, сонымен бірге жалпы халықтық рухани санасын қалыптастыру тетіктері*. Білім беру және тәрбиелеу мекемелері белгілі дәуір адамының әлеуметтік – мәдени іс - әрекеттерінің ең жоғарғы өрнек – үлгілерін шоғырландырады. Осыдан білімнің әлеуметтік құндылығы білімді де ізгілікті қоғам адамының маңыздылығымен өлшенеді. Білімнің адамилық (гуманистік) құндылығы әрбір жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттерінің даму мүмкіндіктерінен көрінеді. Біртұтас білім жүйесінің барша түрлері мен деңгейлерінде елдің интеллектуалды және рухани – инабаттық мүмкіндіктері жинақталып, даму жолына түседі.

- *мәдени қалыпқа енген жеке мінез-құлық және қимыл - әрекет үлгілері мен қоғамдық өмірдің бекіген формаларының ауысып (трансляцияға) баруы*. Оқу және тәрбие барысында адам өркениет дамуына қажет әрі мәдени – тарихи

маңызы бар әлеуметтік – мәдени нормаларды игереді, атап айтсақ, олар: адамның әлеуметтік топтар мен өндірістегі, отбасы мен қоғамдық орындардағы, сонымен бірге ортақтасу, жеке тұлғалық және іскерлік қатынастардағы моралдық және ізгілік талап өлшемдері.

- *аймақтық жүйелер мен ұлттық салт-дәстүрлердің даму әдісі.* Кейбір аудан тұрғындарының ерекшелігі педагогикалық міндеттерге өзіндік өң береді. Жастардың қала не ауылдың рухани өміріне енуі осы білімнің арасында өтіп жатады. Аймақтық білім жүйесінде бұқара халық арасындағы әр қилы әлеуметтік топтардың сұраныстары ескеріледі.

- *тұғырлы мәдени құндылықтар мен қоғамның даму мақсаттарын бірден-бірге өткізіп тұрушы және іске асырушы әлеуметтік институт (ресми құрылым, мекеме).* Әлеуметтік институттар жас ұрпақты бүгінгі қоғамда дербес өмір сүруге, мақсатты бағдарлы тіршілік етуге дайындау жұмыстарын іске асырады.

- *жеке адам мен қоғамдық өмірдегі мәдени ауысулар мен қайта түрленудің белсенді үдеткіш күші* [130].

Осындай жағдайда білім беру ісіне жалпы қоғам болып араласу қажеттігі туындап, ондағы әлеуметтік серіктестіктің алатын орыны айшықталады. Білім беру саласында әлеуметтік серіктестікті қалыптастыру процесі Евроодақ мемлекеттерінде өткен ғасырдың 50 - жылдарының ортасы мен 90 - жылдардың басына дейін белсенді түрде дамыды. Бұл мәселеде жалпы танымалдылыққа ие көшбасшы мемлекет Германия болып саналып, олардағы практикалық бағыттылық арқылы маман даярлау жылдар бойы практикадан өткен, барлық мемлекеттер үшін үлгі аларлық жүйе ретінде танылды. Ерекшелігі - оқу орнында алған теориялық білімдерді өндірісте бекіту, кәсіби дайындық барысында еңбекке араласып, болашақ мамандығының қыр-сырын меңгеру [131]. Мұндай дайындық жүйесінен өткен болашақ маманның бәсекеге қабілетті болуы заңдылық.

Әлеуметтік серіктестік - халықтың ірі топтары мен қабаттары, атап айтқанда, кәсіпорындар, жалдамалы қызметкерлер және мемлекет арасындағы қоғамдық, әлеуметтік - еңбектік қатынастарды реттеудің тәсілдеріне негізделеді. Енді соларға тоқталайық.

Философиялық тәсіл әлеуметтік серіктестікті «прогресс», «қоғамдық қатынастар», «ынтымақтастық», «объективті қажеттіліктер» және т.с.с. санаттарындағы қоғамдық және мемлекеттік қатынас призмасы арқылы қарастырады. Оған мына анықтама мысал бола алады: әлеуметтік серіктестік – «әлеуметтік топтар, таптар, қауымдастықтар арасындағы қоғамдық қатынастардың ерекше типі. Ол бірыңғай социомәдениет кеңістік құру процесі, онда мүдделер айырмашылығына қарамастан, жалпы «ойын ережелерін», серіктестік нормаларын сақтауға келісетін әртүрлі субъектілер өмір сүреді [132].

Социологиялық тәсіл дегеніміз талдау болып табылады, бірінші кезекте, әлеуметтік-құрылымдық компонентті, қарастырылып отырған феноменнің функционалдық және социомәдени ерекшеліктерін талдау. Әлеуметтік серіктестіктің социологиялық дефинициясының бірі деп, В.А. Михеев ұсынған

анықтаманы айтуға болады: «әлеуметтік серіктестік — ол әртүрлі әлеуметтік-кәсіби топтар, қауымдастықтар, таптар қызметінің ережелеріне, жағдайларына, мазмұны мен формасына қатысты оның негізгі субъектілері мен институттарының қарым-қатынас жүйесі» [133].

Азаматтық қоғамды қалыптастыру туралы пікірлерде — әлеуметтік серіктестікті «адами ынтымақтастық сезімі мен мәселе үшін бөліп жауапкершілік алуға негізделген әлеуметтік әрекет» ретінде түсіндіріледі [134].

Осылайша, әлеуметтік серіктестікті анықтаудың жалпы тәсілдерін нақтылай отырып, енді қысқаша осы феноменнің генезисін, әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасының теориялық кезеңін қарастырайық. Бұл ретте әдіснамалық құрал ретінде әлеуметтік серіктестіктің нақты тарихи жағдайының модельдерінен абстракциялануға мүмкіндік беретін идеалдық-типті вебер тәсілін пайдаланып, осы феноменнің тек теориялық өрнегін ғана қарастыруды жөн көрдік.

Әлеуметтік серіктестік идеяларының **бірінші кезеңі** антикалық дәуірге жатады және Платон мен Аристотель есімдерімен байланысты. Афина полисінің қалыптасуы бірінші құрылымдық ұйымдасқан қауымдастықтың пайда болғанын білдірді. Платон, осы полиске бағдарлана және «мінсіз мемлекет» моделін жасай отырып, оның күшке табынуға қарсы күрес өктемдік етіп отырған қоғамның табиғи жағдайының негізгі айырмашылығын атап көрсетті. Осы айырмашылық тең және ерікті азаматтардың қарым-қатынасы, мәселелерді бірлесіп ашық және тиімді талқылау мен шешу мінсідігі болған жаңа қоғамдық тәртіпте болды [135].

Аристотель одан да тереңірек деңгейде, «тұтастық, егер оның барлық бөліктері өзін бақытты сезінсе ғана, бақытты болады» және «адамдардың ортақ өмір мақсаты өмір сүру емес, қайырымдылықты, сұлулық пен даналықты арттыра отырып бақытты болуы үшін өмір сүруі» деп, назар аударған [136].

Міне осы антикалық азаматтардың тең және ерікті индивидтер ретіндегі ынтымақтастық идеялары әлеуметтік серіктестіктің бірінші синтезін құраған. Оның негізінде «сөзсіз табиғи жағдайы» моделінің орнына келген «қоғамның сөзсіз азаматтық жағдайы» идеялары жатыр.

Әлеуметтік серіктестік идеялары синтезінің **екінші кезеңі** XVI–XVII ғғ. және XVIII ғ. бірінші жартысына келеді. Осы кезеңде қоғам мен мемлекет синкретизмінің күшейгені, қоғамдық формация ретінде феодализмнің ішкі қарама-қайшылығының өскені белгіленеді. Әлеуметтік серіктестік француз Ағарту дәуірінің ойшылдары, содан кейін неміс социологиясы өкілдері дамытқан «қоғамдық шарт» идеясының квинтэссенциясына айналады.

Әлеуметтік серіктестіктің әлеуметтік ортақ өмірдің белгілі ережелерін, яғни *қоғамдық шартты* орнату түріндегі қажеттіліктің бірінші теориялық негіздемесін философ-материалист Т. Гоббс жасады. Ол адамдар табиғатының өзі оларды үнемі билікке, артықшылыққа, өмір игіліктеріне тырысуға негіздейді деп көрсеткен [137]. Сондықтан, бейберекеттікті, қазіргі тілмен айтқанда, әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін, адамдар ұстануға келісетін «қоғамдық шарт» бекітуі, ережелер қабылдауы керек болуы. «Қоғамдық шарт» идеясы сондай-ақ Дж. Локк, Ж-Ж. Руссо, П. Гольбах, Д. Дидро, Ш. Монтескье және

француз ағарту дәуірінің басқа ойшылдарының еңбектерінде дамытылды. Мысалы, Жан-Жак Руссо, «қоғамдық шарт» идеясының теоретигі, осындай шарт адамдар арасындағы қарым-қатынасты ортақ келісім мен бейбітшілікке бағыттай алады деп санаған [138].

Неміс классикалық философиясында әлеуметтік серіктестік идеясын Лейбниц қорғаған, ол адамдар арасындағы бейбітшілік пен келісім жағдайына шарт пен әлеуметтік компромисс негізінде қол жеткізуі керек деп санаған [139].

Сонымен, әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасының екінші синтезі қоғамның табиғи-құқықтық моделінің теориялық конструктілерінің қалыптасуы мен дамуы аясында жүрген.

Әлеуметтік серіктестік идеялары синтезінің **үшінші кезеңі** XVIII ғ. соңында басталып, шамамен XX ғ. басында аяқталады. Қоғамдық практикада ол қоғамдық процестерді реттеуде мемлекет рөлінің өсу, қоғамның сертификатталған құрылымының қиындаған кезеңі болып табылады. Теориялық тұрғыдан ол кезеңнің негізгі назары әлеуметтік өзара әрекет мәселелері болып табылатын рационалистік идеялар мен тұжырымдамалардың қалыптасуымен және күшеюімен сипатталады.

Әлеуметтік серіктестік идеялары синтезінің осы кезеңі А. Смит, И. Кант, Г.Гегель, О.Кон ал кейіннен К. Маркс, Э. Дюркгейм, М. Вебер аттарымен байланысты. Теориялық тәсілдері мен идеялық-саяси парадигмаларының қарама-қайшылығына қарамастан, олардың барлығы, әрқайсысы өз ұстанымы тұрғысынан, әлеуметтік серіктестіктің рационалдық құрылымдануына айтарлықтай үлес қосты. Осы кезеңде әлеуметтік топтардың мүдделерін келістіру мәселелері Р. Оуэннің, А.Сен-Симонның, Ш.Фурьенің, Л. Бланкидің еңбектерінде белсенді дамытылды. Мінсіз қоғамды құрастыра отырып, олар қоғамдық қатынастарда келісім қажеттілігін дәлелдеді [140].

Әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасын дамытуға О.Кон пен Э.Дюркгейм маңызды үлес қосқан. Өзінің «Еңбекті қоғамдық бөлу» еңбегінде Дюркгейм, мүдделері қарама-қайшы, бірақ еңбекті қоғамдық бөлуге байланысты өзара бір біріне тәуелі жағдайдағы әлеуметтік таптарды қандай материалдық факторлар мен идеялар жақындата алатындығын көрсеткен. Таптар арасындағы түсіністіктің болмауын, соның ішінде және кәсіби корпоративтіліктің болмауын да Э.Дюркгейм нормадан ауытқу, әлеуметтік патология деп санаған [141].

Әлеуметтік серіктестік феноменін рационалистік түсіну үшін М.Вебердің жұмыстары өте маңызды болды. Оларда заманауи социологияның негізгі бағыттарының бірі – құрылымдық функционализмнің дамуына негіз қаланды. Идеяларды, әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды экономикалық факторлар көрінісі ретінде талдай отырып, М.Вебер олардан экономикаға да, жалпы қоғам дамуына да қатты әсер етуге қабілетті күштерді көрген [142]. Осы кезеңде Ресейде еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестік идеяларын В.В. Берви-Флеровский, Н.Х. Бунге, П.Б. Струве, В.П. Литвинов-Фалинский, М.И.Туган-Барановский және т.б. дамытты [143].

Жалпы, әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасы синтезінің үшінші кезеңі мазмұнында әлеуметтік өзара әрекеттің осы моделін мінсіз конструкциялар

қатарынан әлеуметтік шынайылық саласына ауыстыру болды. Әлеуметтік серіктестік мәселелері жаңа дүниетанымдық доктриналар жасау, қоғамның даму заңдары туралы идеялық-саяси парадигмалар қақтығысының басты мәнінің біріне айналды.

Әлеуметтік серіктестік идеялары синтезінің **төртінші кезеңі** XX ғасырдың ортасынан бастап, «индустриалдық қоғам», «постиндустриалды қоғам», «өркениеттік тәсіл», «постмодернизм» және т.б. жаңа қоғамдық даму идеяларының пайдалануымен кеңінен тарай басталуымен жалғасады. Бұл кезеңде әлеуметтік серіктестік мемлекетті қалыптастыруды негіздейтін өркениетті қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ретінде азаматтық қоғамды қалыптастыру құралы ретінде қарастырыла бастады және Д. Белл, А. Турен, У. Бек, Ю. Хабермас, П.Андерсон, А. Селигман, Р. Инглхарт және басқа, азаматтық қоғамның әртүрлі идеялары мен заманауи өркениет трансформациясын ұсынған зерттеушілер идеяларымен толықтырылды.

Қандай да деңгейде болмасын әлеуметтік серіктестік идеяларына негізделетін заманауи қоғамдар дамуының жаңа идеяларының пайда болуын айта келе, олардың көпшілігінің негізінде Т. Парсонс керемет дамытқан әлеуметтік әрекет теориясының концептісі жатқанын айтпай кетуге болмайды [144]. Консенсус, теңдік, келісім парсонстік теориясында жүйенің қалыпты жағдайының өте маңызды белгілері болып табылады. Міне нақ осы санаттар әлеуметтік шиеленістер мен күйзелістерден қоғамды қорғау тәсілі ретіндегі әлеуметтік серіктестік үшін де жүйе құраушы болып табылады.

Әлеуметтік серіктестік табиғатын, әсіресе коммуникативтік және әрекеттік феномен ретінде оны түсінуге заманауи теоретиктері: П.Бурдьё, Э. Гидденс, Н. Луман, Ю. Хабермас пен басқалар өте маңызды үлес қосады. Мысалы Ю.Хабермасын «коммуникативтік тиімділік» терминдерінде [145], Э.Гидденстің «интерсубъективтік дискурсында» [146], П.Бурдьенің әлеуметтік өрістер теориясы тұрғысынан [147], Н.Луманның жалпы әлеуметтік жүйелер теориясында талдау [148] әлеуметтік серіктестік туралы ұғымды белгілі бір деңгейде тек әлеуметтік байланыстар мен өзара әрекетті ғана емес, сонымен қатар, қоғамның өзінің әлеуметтік құрылымын түсіндіретін кіріктірілген феномені ретіндегі ұғымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы мәселе бойынша зерттеулер жүргізудің алғышарты болды.

Болашақ мамандарды әлеуметтік серіктестік негізінде даярлау мәселесіне арналған зерттеулер алыс, жақын шетелдік және отандық еңбектерде ішінара кездеседі. Олардың қатарына шет елдік ғалымдар: В.Н.Якимец [149], И.А.Куликова [150], Н.В. Тюкалова [151], және т.б.

Қазақстанда бұл мәселе: А.М.Рахимова саясаттану бойынша [152], Ж.А.Нурбекова әлеуметтану ғылымынан [153], А.А.Бейсенова философиядан [154] және тағы басқа еңбектерінде қарастырылады.

Зерттеулер бойынша, XX ғ. 80 жж. соңынан бастап, әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасы біздің елде де белсенді әзірлене бастады. Басында еңбек дауларын шешу тетігі ретінде, ал соңғы жылдары – сектораралық өзара әрекет

технологиясы ретінде кеңінен пайдаланылған. Осы тұжырымдама ғылыми зерттеулер мен қоғамдық пікірдің жетекші тақырыптарының біріне айналды.

Біздің елімізде әлеуметтік серіктестік құру жүйесі тәуелсіздік алған жылдары қолға алынып, оның құқықтық негізі болып табылатын 2000 жылы қабылданған «ҚР әлеуметтік әріптестік туралы» Заңға байланысты жан-жақты дамыды [155]. Аталған заң актісіне сәйкес, республикада екі жақты, үш жақты, салалық және аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) келісімшарттар негізінде әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жүзеге асырыла бастады. Еңбек ұжымдарымен біріге отырып жасалған мұндай келісімшарттар еңбек және әлеуметтік қатынастарды реттеудің белгілі бір қалыптасқан нақты жүйесін құрады. Одан басқа еңбек нарығы мәселелерін өзара келісім арқылы реттеудің жан-жақты мүмкіндіктері «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңда қарастырылды [156]. Осы арқылы республикада еңбекпен қамту және еңбек нарығын реттеуге қатысты әлеуметтік диалогты дамытудың қажетті заңнамалық базасы бар деп айтуға негіз бар. Сонымен бірге «Атамекен» ҚР - ның Ұлттық кәсіпкерлер палатасы стандарты бүгінде қоғамдағы бизнес құқығын және мүдделерін қорғау, бизнестің қызметіне қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік қағидаларды қалыптастыру үрдісіне барлық кәсіпкерлердің кең көлемде қамтылуы мен осы үрдістерге кәсіпкерлердің қатысуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған [157]. Бұл құжаттар білім саласындағы мамандар дайындау мәселесіне де тікелей қызмет етеді деп күтілуде.

Білім саласындағы серіктестік қарым - қатынастар мектеп пен ата-ана, сондай-ақ басқа да білім беру үдерісінің субъектілерін қамту білімнің сапасын арттыру құралы ретінде тек соңғы уақыттарда қарастырыла бастады деуге болады. Бұл кездейсоқ болған жағдай емес. Білім беру ұйымдарының отбасы, сыртқы ұйымдармен әрекеттестігі бұрын да болғанымен, «серіктестік» ұғымы аясындағы қарым – қатынастардың мәні мен сипаты, мазмұны мен әдістері өзгеше екендігі анық. Себебі серіктестік әлеуметтік әрекеттесудің түрі ретінде белгілі бір процеске барлық жақтардың *жоспарлаудан бастап, нәтижені бағалауға дейінгі кезеңдерінде* белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Біз қарастырып отырған әлеуметтік серіктестік мемлекет, жұмыс беруші және жоғары оқу орыны арасындағы әлеуметтік, экономикалық түйткілдерді шешу және қарама - қайшылықтарды ретке келтірудің әдісі деуге болады. Бұл өз кезегінде негізгі субъектілердің қызығушылықтарының ортақ шешімге келуі және дамудың басты шартын көрсетеді [158].

Жоғары оқу орындарындағы серіктестікті екі тұрғыдан қарастыруға болады. Олар: бірнеше физикалық және құқықтық тұлғалардың кәсіби білім беруді ұйымдастыруға қатысты заңдық тұрғыдағы бірлескен әрекеті. Екінші жағынан құжаттармен заңдастырылмаған, өзара келісім-шарт негізінде жүргізілетін білім беру мекемелері, мен қоғамдық ұйымдардың ынтымақтасу формасы [159].

Білім беру саласындағы серіктестік кәсіби білімде өз мақсаттарына жету үшін мамандар мен әлеуметтік институттардың бірлесуі. Кең мағынада әлеуметтік серіктестік деп Үкімет, оның органдары арқылы әрекет етіп отырған мемлекет пен басқа субъектілердің: жеке тұлға, отбасы, мемлекеттік емес

ұйым, кәсіби білім беру мекемелері арасындағы қарым қатынас деп түсінген жөн. Серіктестік жоғары оқу орындары мен әртүрлі қоғамдық институттардың қызығушылықтарының бір арнаға тоғысуына негізделеді және сол мүдделердің кірігуінде көрініс береді. Мұндай бірлескен әрекеттестіктің нәтижелі болуы мақсаттың дұрыс қойылып, міндеттердің нақты айқындалуына, әр жақтың рөлдерінің дұрыс бөлініп, оларды жүзеге асырудағы жауапкершілікке тікелей тәуелді. Мемлекеттің тұрақты дамуы да осындай серіктестіктің нәтижелі қызметіне бағынышты.

Кәсіби білім саласына қатысты әлеуметтік серіктестіктің әртүрлі аспектілері бөліп көрсетіледі. Мысалы, И.П. Смирнов пен Е.В. Ткаченко, әлеуметтік серіктестік білім мекемелері үшін білім мамандықтарының құрылымы мен мамандарды дайындау көлемін, білім алушылардың тәжірибесі мен оқытушылардың жабдық пен технологиялық үрдістердің ең жаңа типтерімен танысу үшін машықтануын ұйымдастыруды және т.б. реттеуге мүмкіндік беретін еңбек нарығы туралы ақпаратқа үнемі қолжетімдік береді. Бұл жағдай өндірісті дамытуға да жағымды ықпал етеді, өйткені «әлеуметтік серіктестік тиімділігі жоғары білікті мамандарды дайындау бойынша шарттық міндеттемелерді жүзеге асыру деңгейімен, олардың еңбек нарығында талап етілуі және онда белгілі уақыт жұмыс істеуімен анықталады» [160, 28-б.].

Әлеуметтік серіктестік тетіктерін қалыптастыру – қазіргі кездегі кәсіби білім беруді жаңғыртудың басты міндеттерінің бірі болып саналады. Білім беру ұйымы ашық әлеуметтік педагогикалық жүйе ретінде сыртқы әлеммен тығыз байланыста. Бұл байланыстардың сипаты білім беру ұйымының әрекетінің тиімділігіне, басшылық құрылымына, дамуы, өз бетінше дамуы мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді.

И.П. Смирнов бойынша кәсіби білімге қатысты «әлеуметтік серіктестік» білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің, еңбекпен қамту мекемелерінің, кәсіподақтар мен ата аналардың еңбек нарығының талаптарына сай, сонымен қатар қажетті мамандарды даярлаудағы басымдылықтарға сәйкес келісім шарт негізіндегі қарым қатынасы ретінде қабылданады [161].

«Әлеуметтік серіктестік» ұғымы ғылыми зерттеулер мен педагогикалық қызмет практикасына барған сайын тұрақты еніп келе жатқаны сөзсіз. Соңғы 10 жылдардағы диссертацияларға жасалған талдау осы ұғым экономикалық-саяси саладан біртіндеп әлеуметтік салаға көшкенін көрсетеді. Бұл мәселе бүгінгі таңда жалпы әлеуметтік кеңістік субъектілері мен субъектіліктің, саналылықтың, дербестіктің, өзара әрекет ететін әр тараптың таңдау еркіндігінің өсу бағытындағы білім арасындағы қарым-қатынас сипатының түбегейлі өзгеруіне байланысты. Әлеуметтік серіктестік жағдайындағы білім мекемелері қызметтерінің ерекшеліктері талданады, заманауи білімдегі серіктестік қызметінің жағдайы мен оны зерттеу және дамыту бағыттары қарастырылады.

Тараптар мен білім саласы субъектілерінің қарым-қатынасындағы «серіктестік» деген серіктестік практикасы, серіктестік қарым-қатынастардың негізі теңдік, өзара әрекет еркіндігі, тараптардың шешім таңдау және қабылдау

барысындағы дербестігі, өзара пайдалы, диалогтық, ұғынушылық болып табылатынын көрсетеді.

Педагогикалық әдебиетте серіктестік ұғымы біраз бұрын ғана пайдалана бастағанына қарамастан, осы ұғымның өзін әртүрлі тұрғыдан қарау негізінде білім саласында оны түсіну үшін бірнеше тәсілдер қалыптаса бастады. Олар:

- *серіктестік отбасы мен білім мекемесі арасындағы белгілі бір өзара қарым-қатынастар жүйесі ретінде* – мектептің отбасымен серіктестігі ...балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытуда, сондай-ақ ұжымдық шарттар мен келісімдердің орындалуы үшін моральдік *жауапкершілігі, еріктілігі және ұғынықтылығымен* сипатталатын олардың социомәдени қоршаған ортасына екі тараптың да мүдделілігі қалыптасатын тең құқылы субъектілердің өзара әрекеті [162];

- *серіктестік ортақ міндеттерді шешу қызметі процесінде* пайда болатын белгілі бір *қатынастар формасын* көздейді; ол: жалпы және өзара пайдалы міндеттерді шешу жолдарын таңдауда *тараптардың тең құқылылығы; толықтырылулығы; еріктілігі; компромисс; сенім; теңдік* негізінде жолдарды таңдау; тараптардың өзара пайдалы *мүдделілігі; өзара әрекеттің құқықтық негізі* қағидалары негізінде құрылады [163];

- *серіктестік білім мекемесі мен сыртқы әлеуметтік құрылымдар арасындағы қатынастар деңгейі ретінде*, мысалы, әлеуметтік-педагогикалық серіктестік ... білім мекемесінің білім сапасын көтеру мақсатында білім саласында ...меншікті мүдделері бар әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерімен ...*арнайы ұйымдастырылған бірлескен қызмет* [164];

- *серіктестік – ол субъектілердің диалогтік қатынастарында* құрылған және «бірыңғай әрекеттер стратегиясын» қамтамасыз ететін әлеуметтік өзара әрекет түрі [165].

- *серіктестік пред-юнионистік мағынада* – *жұмыс берушілер, кәсіподақтар және қызметкерлер арасындағы белгілі нормативтік-құқықтық және экономикалық қатынастар*: әлеуметтік серіктестік – атқару билігі, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, білім саласындағы жұмыс берушілер, кәсіподақтар және қызметкерлер арасындағы қатынастарды бюджет саласы ретінде келісімдер мен ұжымдық шарттар құрылымдарын оңтайландыру арқылы реттеу үдерісі және құралы [166].

Біз жұмысымызда, білімдегі серіктестік қатынастардың зерттеуіміздің мақсатына ең сәйкес келетін, тек бірінші екі нұсқасына ғана тоқталамыз. Осы екі топ анықтамаларын жалпылай отырып, ортақ белгілерін анықтауға болады, олар:

- субъектілердің бірлескен, келісімді, саналы қызметі;
- әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің күштерін, кәсіби және жеке мүдделерін біріктіру;
- қатынастардың диалогтылығы, тең құқылылығы, өзара пайдалылығы;
- білім саласында нәтижелерге жету, өскелең ұрпақты тәрбиелеу және дамытуда өзара әрекетке бағытталу [167].

Практикалық жүзеге асыру тұрғысынан өте маңызды, сондай-ақ айтарлықтай күрделі және аз зерттелген мәселе – білімдегі әлеуметтік серіктестік

тетіктері мен қағидаларын іздеу мәселесі болып табылады. Мысалы, ресейлік Е.К.Кашленконың, Ю.В.Медованың, А.В.Корсунованың және т.б. жұмыстары арналған. Нақты серіктестік, серіктестік қатынастардың тараптары олардың өзара пайдалылығы мен өз мәселелерін басқалармен бірікпей шешу мүмкін еместігін түсінген кезде пайда болады деген пікірлер білдіріледі.

Мысалы Е.К.Кашленко өзінің зерттеуінде әлеуметтік серіктестіктің ұйымдастыру-педагогикалық талаптарын талдап, «білімдегі жағымды өзгерістерді көрсететін «әртүрлі әлеуметтік институттар әрекеттерін түйіндестіру» қажет деген қорытындыға келді. Білім мекемелерінде осы үдеріс «мақсатты бағытталған, саналы және кәсіби тексерілген сипатта» болған кезде, басқа институттарда ол, әдетте, кездейсоқтық, болжамсыздықтың үлкен элементтерімен байқалады, сонымен қатар шешім қабылдауда стандарттылық жойылады деп тұжырымдайды [168].

Жоғарыда айтқанымыздай серіктестік әлеуметтік өзара әрекеттің түрі ретінде бір іске әртүрлі тараптардың қосылуын және олардың қызметтің барлық сатыларында – жоспарлаудан нәтижені бағалағанға дейін қатысуын көздейтін болғандықтан, өзара әрекеттің деңгейінде осы бірлескен қызметті үйлестіретін орган қажет. Осы мәселе бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиетті және әлеуметтік-білім жобаларының сәйкес конкурстарының материалдарында берілген білім мекемелерінің практикасына талдау жасау, іс жүзінде білім саласында әлеуметтік серіктестіктің көбіне келесі ұйымдастыру-үйлестіру нысандары жасалып, жүзеге асырылатындығын көрсетеді.

Оларға:

- *қамқорлық кеңесі* – заңды тұлға статусы жоқ, жалпы білім беретін мекеменің Жарғысы негізінде әрекет ететін орган;

- *қамқорлық кеңесі* дербес заңды тұлға ретінде – коммерциялық емес серіктестік, қор түрінде;

- *жалпы білім беретін ұйымның қамқорлық кеңесі* – мекеменің білім қажеттілігін жүзеге асыруға мүдделі жеке және заңды тұлғаларды ерікті негізде біріктіретін қоғамдық, коммерциялық емес ұйым (мысалы, ардагерлер кеңесі, ғылыми-әдістемелік орталықтар, қоғамдық ұйымдар);

- *білім беру ұйымы базасындағы әлеуметтік серіктестіктің ресурс орталығы*;

- *аумақтық ведомствоаралық үйлестіру кеңесі* – бірлескен тәрбие бағдарламаларын жасау мен жүзеге асыруды басқаратын орган;

- *рефлексивті семинар* – серіктес субъектілік деңгейін көтеретін орган;

- *әлеуметтік серіктестіктегі ресурс орталығы* – социумның әлеуметтендіру мүмкіншіліктерін кіріктіретін орган және т.б. жатады [169].

Сонымен, талданған еңбектер негізінде біз, білімдегі әлеуметтік серіктестіктің мектеп позициясының «социуммен өзара әрекет» немесе «социумдағы жұмыс» позициясынан қандай айырмашылығы бар екендігі туралы төмендегідей қорытындылар жасай аламыз:

- мектеп әртүрлі серіктестер арасындағы *байланыстырушы буын* бола алады және болуы тиіс, өйткені сөз болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың сапасын


көтеру туралы болып отыр, бірақ бұл жағдайда өзара әрекеттің басқа тараптарына үстемдік жасаудан бас тарту;

- өзінен «басқарушы және бағыттаушы» рөлді алып тастап, оны *ұйымдастыру-үйлестіру* рөліне (бірінші кезеңде) ауыстырып, кейіннен оны толығымен үйлестіруші органдарға беру;

- педагогикалық ұжымның міндеті оқу-тәрбие міндеттерін шешу саласында қандай да бір себептермен өз көмегін ұсынуда да, жеке мақсаттарға қол жеткізуде *өзара келісуде* де белсенділік көрсететін *тараптарды іздеу* болып табылады;

- тараптардың бірінің бастапқы анық серіктестік позициясы болмаған жағдайда, әлеуетті серіктес өзара әрекет ету қажеттілігін түсінгенге дейін *алдымен оның субъектілігін көтеру* содан кейін онымен жоғарыда көрсетілген қағидалар негізінде қарым-қатынас құру керек [170].

Білім саласындағы әлеуметтік серіктестік қарым-қатынастың нақты жағдайы туралы бүгінгі таңда жаңа, толығымен әлі игерілмеген құбылыс, бірақ өте өзекті мәселе екендігін айтуға болады. Қазіргі уақытта білім практикасының көпшілігінде «әлеуметтік серіктестік» деп аталатын құбылыстар іс жүзінде қайырымдылық, демеушілік, ынтымақтастық пен инвестициялау элементтері кіретін аралас нысан болып табылады. Алайда ЖОО серіктес мекемелердің маман даярлауға қатыстылығы тәжірибе етолық енді деп айта алмаймыз. Сондықтан да нақты әлеуметтік серіктестіктің білімдік қызметі енді ғана түсініп, жаңа қалыптастырылып келеді. Қоғам қойып отырған талаптарға сай маман даярлауда практикада «серіктестік» деңгейіне дейін «өсу» үшін, жоғарыда көрсеткен алдыңғы деңгейлерден барлығынан (болмаса да, көбінен) өту керек [171].



Сурет-3. Педагогикалық ЖОО әлеуметтік серіктестік мекемелері

Ол үшін кәсіптік білім беретін орта оқу орындары мен жоғары білім беретін университеттер өздеріндегі мамандықтарға сай серіктес мекемелерді табу, олармен келісім - шарттар жасау, оқу бағдарламаларының мазмұнын құрастыру, студенттердің қатысатын жұмыс аумақтарын белгілеу сияқты бірлескен жұмыстардың бағдарламаларын жасап, жүзеге асырулары тиіс.

Бұл жағдай болашақ педагогтардың жұмысқа орналасу мәселесін де тиімді шешуге ықпал етері сөзсіз. Айталық педагогикалық мамандар даярлайтын оқу орындары үшін әлеуметтік серіктес ұйымдар мектепке дейінгі мекемелерден бастап, орта кәсіптік білім беретін оқу орындары бола алады. (Сурет-3)

Зерттеу барысында зерделенген еңбектердегі әлеуметтік серіктестік мәселесінің *бағыттылығын* тарқатар болсақ:

- болашақ педагогтарды практикалық жолмен оқыту (серіктес-мекемелер базасындағы оқу бағдарламасынан тыс тәжірибе);

- мамандық пәндері бойынша сабақтарды кәсіпорынның бас мамандарының өткізуі;

- әлеуметтік серіктес мекемелердегі бас мамандар болашақ педагогтардың қорытынды мемлекеттік аттестациясына қатысуы;

- жұмысқа алушылардың кәсіптік шеберлік байқауларына, болашақ педагогтардың ғылыми-практикалық конференцияларына, біліктілік емтихандарына қатысуы;

- ЖОО мамандықтар бойынша тәжірибенің жұмыс бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу;

- ЖОО түлектерінің жұмысқа тартылуы;

- жұмыс орындағы мамандардың кәсіптік дайындығы және қайта дайындығы.

- *мақсатты топ* - өзара әрекет оның мәселелерін шешуге бағытталған;

- өзара әрекет *субъектілері*;

- тараптардың *қатысу уәждері*, олардың пайдасы;

- өзара әрекетпен қамтамасыз етілетін *қызмет түрлері* (бағдарламалар, жобалар, жоспарлар және т.б.);

- тараптар күштерін, *үйлестірудің ұйымдастыру формалары* (кеңес, комитет, ресурс орталығы және т.б.);

- тараптардың мәселені шешуге *қатысуы* (қайырымдылық, демеушілік, тауар алмасу, инвестициялық, меншікті серіктестік);

- әр тараптан өзара әрекетке тартылатын *ресурстар* – мамандық, қаржы, материалдық, ұйымдастырушылық және т.б.;

- *қарым-қатынастар* – бір реттік, кезеңді, ұзақ;

- *өзара әрекет нәтижесінде болжанатын, өзгерістер* – жергілікті, модульді, жүйелі;

- *өзара әрекет сипаты* – ведомствоішілік (білім кеңістігінде); ведомствоаралық (білім, мәдениет, спорт, жастар саясаты, әлеуметтік қорғау және т.б. мекемелер арасындағы); сектораралық (мемлекеттік мекемелер және кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар мен бизнес-құрылымдар арасында);

- әлеуметтік-білім бойынша өзара әрекеттердің нормативтік-құқықтық базасы (шарттар, келісімдер, ережелер және т.б.);

- әлеуметтік серіктестіктің негізгі қағидалары: - *таралтар өкілдерінің уәкілеттілігі*; - *таралтар теңдігі*; - *талқыланатын мәселелерді еркін таңдау*; - *міндеттерді қабылдау еріктілігі*; - *таралтар мүдделерін құрметтеу*; - *ұжымдық шарттарды, келісімдерді міндетті орындау*; - *келісім бойынша таралтар қабылдаған міндеттемелердің орындалуы үшін олардың жауапкершілігі*; - *әлеуметтік серіктестіктің нығаюы мен дамуына мемлекеттің қолдау көрсетуі* болып табылады [172].

Біз көптеген зерттеушілердің әлеуметтік серіктестікті, ең алдымен, белгілі бір мақсаттары бар және белгілі бір процедуралармен жанамаланған белгілі бір принциптерге негізделген әлеуметтік субъектілер қатынастарының ерекше типі ретінде түсіндіретіндігін атап өткенбіз. Бұл жағдайда, біз үшін осы феноменнің екі тектік сипаттамасын – оның субъектілік және әрекеттік табиғатын түсіндіру маңызды болып табылады. Әлеуметтік серіктестіктің екі көріністік табиғатын түсіндіру бізге бірінші тезисті баяндауға мүмкіндік береді.

Ол, *«әлеуметтік серіктестік дегеніміз, әлеуметтік құрылыммен және осы құрылым субъектілерінің әрекетімен негізделген құрылымдық-әрекеттік феномен болып табылады»*, деген тұжырым. Әлеуметтік серіктестіктің кіріктірілімдігі осы тұрғыдан қарастырғанда, осы феномен нормативтік-құндылық сипаттамаларымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымы ретінде де, сондай-ақ осы құрылымды қалыптастыратын әрекет ретінде де көрсету болып табылады.



Сурет – 4. Кәсіби білім берудегі әлеуметтік серіктестіктің жұмысының бағыттары

Әлеуметтік серіктестіктің қысқаша талдамасын социомәдени феномен ретінде түйіндей отырып, біз келесі тезисті қалыптастыра аламыз. Бұл құрылымның социомәдени феномен ретіндегі кіріктірілімдігі оның екі жақты табиғатында болып отыр. Бір жағынан, әлеуметтік серіктестік – ол үнемі мәдениетаралық алмасу мен әлеуметтік өмірдің мәдениеттенуінің өнімі, нәтижесі. Әлеуметтік серіктестік қатынастары өзара әрекет ететін тараптар мәдениетімен анықталады, оған бағынышты. Екінші жағынан, нақ осы әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынас процесі мәдениетті қалыптастыру, оған қолдау көрсету және оны дамыту құралы болып табылады [173].

Кәсіби білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік қызметі 4-суреттегі бағыттар бойынша жүзеге асады.

Білімдегі әлеуметтік серіктестік оза даму үшін мына төмендегідей қосымша мүмкіндіктер береді: *еңбек нарығына қанша маман даярлау керектігіне қатысты ақпарат алуды жеңілдетеді; жұмыс берушілердің маман даярлау мазмұнына қоятын талаптарын қамтамасыз етеді; қолданыстағы оқу жоспарларының жұмыс берушілер талаптарына сәйкес түзетіліп, қосымша жаңа бағдарламалар жасау үдерісін жеңілдетеді; студенттердің тәжірибе жинақтауын ұйымдастырудың кең мүмкіндіктері ашылады; оқу орынын бітірушілердің жұмысқа орналасуының мүмкіндіктері артады* деген **тұжырымға** келеміз.

Қазіргі кезде жоғары педагогикалық білім беретін оқу орындарының міндеті ретінде – болашақ маманды әлеуметтік қатынастардың және өз тіршілік әрекетінің субъектісі болып, әлеуметтік педагогикалық қызметінің мәнін түсініп, тұлғалық және кәсіби дамудың басымдылықтарын айқындай алуға үйретудің өзектілігі артуда. Бұл ретте педагогикалық оқу орыны ғылым мен мәдениеттің және тәрбиенің орталығы қызметін атқарады. Дегенмен оқу орынының мұндай мүмкіндіктерін әлеуметтік серіктес мекемелер қызметімен ұштастыра жүргізу ортақ істе сапалы нәтижелерге жеткізеді деп санаймыз.

Қорыта келе айтарымыз, педагогикалық мамандарды даярлауда сапаға қол жеткізу үшін ғылым мен тәжірибенің ең озық тәжірибелерін пайдалану қажет болса, әлеуметтік серіктестік технологиясы осындай жаңашылдық қатарына жатады. Ал осы мәселенің шет елдік практикасы келесі параграфта сипатталады.

2.2 Әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілетті педагог даярлаудың шетелдік тәжірибесі

Қазіргі таңда шет елде кәсіби қоғамдар маңызды интегративті рөл атқарады. Олар оқу орындары мен өндірістік құрылымдар арасындағы байланыстыру буыны міндетін атқарып, өндіріс мамандарын, оқу орындарының оқытушылары мен студенттерін, сәйкес салада белгілі мамандықтарды дамыту мен мамандарды дайындауды жетілдіруге мүдделілерді біріктіреді.

Жұмысымыздың осы параграфында алдыңғы қатарлы мемлекеттердің әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілетті педагогтар даярлау тәжірибесін талдап, олардағы серіктестіктің қызметіне сараптамалық талдаулар

жасау, өз елімізде бұл практиканы кеңінен қолдануға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың ғылыми – практикалық негіздерін жасауда бұл феноменнің көш басшысы Германиядан бастап, АҚШ, Ирландия, Дания, Канада, Франция, Швеция, Швейцария, Австрия, Норвегия, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Түркия, Финляндия, Австралия және т.б. елдерінің практикасына жүгінуді жөн көрдік.

Бүгінде **Германиядағы** әлеуметтік серіктес - кәсіпорындардың кәсіптік білімге тікелей қатысуын көздейтін оқытудың дуалды жүйесі әлемдік деңгейде үлкен мәнге ие болып отыр [174].

Германиядағы білім беру жүйесінің негізгі үш бағыты бар:

1. *Дуалдық білім беру*: оқыту ішінәра кәсіптік-техникалық мектептерде және ішінара - компанияларда өтеді; қолжетімді мамандық саны - шамамен 350 (білім алушылардың 66%)

2. *Оқу орындарында білім беретін кәсіптік - техникалық мектептер*: өндірістік тәжірибе орындары мектептің өзі болып табылады. Сол сияқты мектептер білім беру, денсаулық және әлеуметтік қызметте тартылған (шамамен білім алушылардың 27%)

3. *Транзиттік жүйе*: кәсіптік – техникалық білім беру сыртқы тренинг орталықтарында өткізіледі (шамамен білім алушылардың 7%) *Оқу бағдарламасы*: бағдарламаның 1/3 бөлігін жалпы білім беретін пәндер, 2/3 бөлігін арнаулы пәндер құрайды.

Білім беру жүйесінің қатысушылары өзара төрт жақты бірлестікте:

- Германияның Федералдық Үкіметі - іс-әрекеттегі заңнамаға сәйкес оқыту бағытын анықтайды;

- жерлер, штаттар - кәсіптік - техникалық мектептер үшін критерийлерді әзірлейді;

- жұмыс берушілер мен кәсіподақ – білім беру жүйесіне өзгерістер енгізуді жүзеге асырады;

- палаталар - компаниядағы тағылымдаманы бақылайды, тағылымдама шартын тіркейді, емтихан тапсыруды бақылайды.

Аталған бірлестіктер кәсіптік білім беру және оқыту Федералды институты оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарлату және оқу - әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Мұнда білім алушылар 20%-40% оқу уақытын кәсіпорындарда өткізеді. Компания тағылымдаманы қаржылауға жауапты. Кейбір салаларда (мысалы құрылыста) қаржылау туралы шешім ұжым кеңесінде қабылданып, компания ортақ қорға жарна төлеп, соның есебінен келешекте компания үшін тағылымдамаға кеткен шығын жабылады. Дуалдық білім ошақтар жүйесі Жерлермен (штаттар) және жергілікті мемлекеттік органдардың қаражатымен қаржыландырылады. Қазіргі уақытта ұлттық инновациялық жүйені қолдаудың барлығы үш негізгі бағытын: инновациялық кәсіпкерлікті жүргізу жағдайын жақсартуды, білікті мамандарды дайындау үшін білім мен ғылымды дамыту және инновациялық кәсіпкерлікті

қаржыландыруды бөліп көрсетеді. Осы міндеттерді неміс мемлекеттік органдарының орындауы айтарлықтай табысты деп танылады

Бұл жүйенің бізді қызықтыратын ерекшелігі маман даярлайтын оқу орыны әлеуметтік серіктес болған мекемелердегі ең таңдаулы қызметкерлердің кәсіби білім бағдарламаларын жоспарлау мен жүзеге асыруға, өндірістік білім нұсқаушылары ретінде бірлесе жұмыс жасауға тартуында деп есептейміз. Осылайша өндірістегі ең тәжірибелі қызметкерлер өзінің кәсіби құзіреттіліктерін білім алушыларға беруіне жақсы жағдай жасайды. Тіпті бұл елдің дуалдық білім беру жүйесіне кірмейтін оқу орындарының өзінде білімгерлер жергілікті мемлекеттік органдардың қаражаты есебінен тегін оқытылып, оқыту формасы дуалдық жүйеде білім беру ошақтарымен бірге, оқушылар таңдаған мамандығын өндірісте игеру мүмкіндігіне ие бола алады. Аптаның 1-2-сі оқу орнында, 3-4 күні кәсіпорында өткізіледі. Бұл неміс мектептерінің контингенті шамамен түлектердің 65% білімін кәсіптік колледж бағдарламасы шеңберінде алады. Түлектердің 25% білімдерін жоғарғы оқу орындарында жалғастырса, шамамен 10% жұмыскерлер санын толықтырады. Білім алушылар игеретін мамандығы бойынша, теориялық білім алып, кәсіпорын шеберлерінен практикалық машықтарын қалыптастырады [175]. Бұл айтылғандардан Германиядағы білім беру мазмұнында әлеуметтік серіктес мекемелердің болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін дамыту мемлекеттік жүйесі дұрыс жолға қойылғандығын көреміз.

Ал, енді **АҚШ** мемлекетінің болашақ мамандарды бейінді дайындау мәселесі, Германиядан көп кейін қолға алына бастаған. АҚШ-тың осындай дайындық ерекшеліктерінің бірі әлеуметтік серіктестікте болашақ маманды өзіндік «жасау» болып табылады. Мұнда дамудың үш векторы байқалады:

1) инновациялық сала, негізгі институттарының технобақтар мен венчурлы қорларының пайда болуы;

2) кіші инновациялық компаниялардың жоғары белсенділігі. Бұл айтарлықтай деңгейде осындай фирмаларды қолдаудың арнайы мемлекеттік бағдарламаларының болуымен, сондай-ақ венчурлы капиталдың – қаражаттардың негізгі көзінің дамуы және қолжетімділігімен байланысты.

3) АҚШ университеттері іргелі және қолданбалы зерттеуші мамандарды дайындаумен тығыз байланысқан өзіндік зияткерлік орталықтар болып табылады.

АҚШ университеттерінің жекеменшік ғылыми-зерттеу қызметтеріне мемлекеттік қолдау көрсету мемлекеттік болғанына қарамастан басқа елдерге қарағанда айтарлықтай жоғары, ал АҚШ университеттері қызметкерлерінің зияткерлік қызметтерінің нәтижелерін «тиімді пайдалану» деңгейі – әлемде ең жоғары болып табылады. Университеттердің ғылыми-зерттеу жобалары гранттар, бірлескен қызметтер туралы келісімшарттар мен келісімдер формасында федералдық үкімет тарапынан қаржылық қолдау алады [176, 17-286.]. Мемлекеттегі оқу орнындарындағы берілетін біліктер мен дәрежелер және Қазақстандағы білікті кәсіби білім беру жүйесімен сәйкестігі мен

әлеуметтік серіктес мекемелерінде маман дайындау мәселесінің жоғары екенін көруге болады.

Ирландияда жоғары білім мен әлеуметтік серіктестер арасындағы байланысты дамыту бойынша бірқатар бастамаларға қолдау көрсетіледі. Осындай бастама мысалы инновациялар үшін мүмкіндіктерді құру және пайдалану, білім жинақтау және ауысу мақсатындағы ғылым, инженерия және технологиялар орталықтарын бекіту т.б.

Жоғары оқу орны жанындағы қолданбалы зерттеу орталықтары қандай да болмасын жобаның, әлеуметтік серіктестермен бекітілетін шарттардың, зияткерлік, жекеменшік құқықтарын қорғаудың коммерциялық мүмкіншіліктерін анықтау үшін зерттеушілермен жұмыс істейді. Бұдан басқа, академиялық зерттеулер мен әлеуметтік серіктестік арасындағы байланысқа қолдау көрсету негізінен био және компьютерлік технологияларға мамандандырылған стратегиялық зерттеу кластерлері ішінде жүзеге асырылады [177]. Аталған жағдайлар елдегі маман дайындау мәселесіне әлеуметтік серіктестіктердің айтарлықтай үлес қосатынын көрсетеді.

Практикасын талдайтын келесі мемлекет - **Дания**. Бұл елде университет және әлеуметтік серіктестер арасындағы өзара әрекет басқа көптеген елдермен салыстырғанда біршама дамыған. Даттық инновациялық жүйенің маңызды бөлігін салалық ғылыми-зерттеу институттары құрайды. Олар әртүрлі министрлікке бекітілген және зерттеулер сәйкес министрліктің қажеттіліктеріне сәйкес жүргізіледі. Институттар ұлттық бюджеттен базалық қаржы алады; сондай-ақ олар зерттеу кеңестері, министрліктер немесе басқа мекемелер арқылы ашық конкурс көмегімен таратылатын мемлекеттік құралдардан қаржы ала алады, сондай-ақ коммерциялық қызметтен де өздерін қаржыландырады.

Білім Министрлігі білім беру аймағында жалпы саясат үшін жауапты, және де мемлекеттік саясатпен сәйкес білім беру мекемелері бағдарламасымен қамтамасыз етеді, оқу орындарындағы дайындыққа жауап береді, ал әлеуметтік серіктестер өндірістерде және компанияларда өтетін тәжірибе бөлігіне жауапты.

Жұмыс беруші ретінде әлеуметтік серіктестер оқытудың әр деңгейінде белсенді қатысушы болып табылады, олар оқу бағдарламаларының мазмұнының еңбек нарығына сәйкес екенін, сонымен қатар кәсіпорын мен бизнес шеңберінде берілген біліктіліктің тануын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік серіктестер көптеген жергілікті, салалы және ұлттық деңгейдегі кеңестер мен ассоциациялар арқылы ұсынылады. Болашақ мамандар әлеуметтік серіктестер тарапынан білім алу барысында елде төленетін төлем ақыны ала алады. Сонымен қатар, Данияда мемлекет есебінен тегін кәсіптік - техникалық білім алу қарастырылған.

Данияда да «ауысып отыратын» оқу үрдісі ретінде сипатталатын дуалды оқыту жүйесі қалыптасқан: ол бойынша шамамен оқудың 75% кәсіпорындарда практикалық оқыту құрайды, қалған 25% - жалпы пәндер бойынша оқу орнында өтеді. Болашақ мамандардың 80% жұмысқа орналасады. Мектеп түлектері бірден кәсіптік оқу орнының базалық курсына түсе алады немесе шарт жасасу

негізінде компанияға көмекші ретінде бара алады [178]. Бұл келтірілген мәліметтерден дат елінде әлеуметтік серіктестердің маман дайындауға деген өзіндік ықпалын көрсетеді.

Францияның инновациялық саясаты жекеменшік инвестицияларды ғылымға тартуға, бәсекеге қабілеттілік полюсі аясында инновациялық процестың барлық негізгі қатысушылары арасындағы өзара әрекеттерді жақсартуға, кіші және орта кәсіпорындарды дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған, ол кәсіпорындарға, университеттер мен зерттеушілерге бірігіп, бір бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Францияда әлеуметтік серіктестікті ұжымдық шарттар аясында және мемлекет заңдары мен басқа да құқықтық актілерге сәйкес үкімет реттейді. Білім саласында техникалық немесе кәсіптік сертификат берумен аяқталатын оқытуға бағытталған «оқушылық» бағдарламасы үлкен рөл атқарады.

Француз білім беру жүйесі соңғы екі жүз жылдық қарсаңында қалыптасты және әлемдегі ең алдыңғылардың бірі болып саналады. Оның негізгі ерекшеліктері - мемлекеттік оқу мекемелерінің басымдылығы және шетелдіктерді қосқанда барлығы үшін оқудың тегін болуы. Білімді дамытуға мемлекеттік бюджеттен 25% -дай жұмсалады. Тағы бір ерекшелігі - астанасында да, басқа да ірі қалаларында, сондай-ақ шет аймақтарында да білім сапасы бірдей екенін байқатады.

Франциядағы кәсіби білім мен білім алу ұжымдық келісім шарт шеңберіндегі әлеуметтік серіктестік (ұлттық салалық келісім-шарттар және аймақтардағы салалық келісім шарт) заңға және басқа да құқықтық құжаттарға (Еңбек кодексі және бастауыш кәсіби білім туралы Заң) сәйкес Өкіметпен реттеледі. Сонымен қатар, елде оқу дәрежелерінің және дипломның, білім сатыларының кезеңдерінің өз жүйесі бар. Мемлекеттік оқу мекемелерінің дипломдары жекеменшік университеттер мен мектептердің дипломдарына қарағанда әлдеқайда жоғары бағаланады [179]. «Оқушылық» бағдарламасының аясындағы әлеуметтік серіктестіктер болашақ маман дайындау процесінде үлкен маңызға ие екенін көреміз.

Әлеуметтік серіктестікті ұйымдастырудың **швециялық** үлгісі де жоғары деңгейдегі мемлекеттік реттелуімен ерекшеленеді [180]. Онда халық өкілдерінен, кәсіпорын, кәсіподақ, оқу орындары басшылары құрамынан комитеттер құрылып, олар мамандарды дайындау, жаппай қайта оқыту жұмыстарына көмек көрсете отырып, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға ат салысады.

Швейцарияда 1950-ж. бастап мемлекеттің индустриялық экономикадан білімдерге негізделген экономикаға ауысуына бағытталған бағдарламалары жүзеге асырылуда. 1990 жылдан білімге, инновациялық экономикаға негізделген және қазіргі уақытқа дейін қызмет етіп отырған экономиканың қалыптасуына басшылық жасайтын мемлекеттік ведомстволар құрылымы құрыла бастады. 2007 жылдан бастап үкімет елді дамыту басымдықтарын анықтап, негізгі мемлекеттік ресурстар бөлінетін өнеркәсіптік енгізулер жетістігі көрсетілген басты инновациялық салалар белгіленген. Бұдан басқа, үкімет ғылыми

зерттеулер саласындағы құзыреттіліктердің ұлттық орталықтары жұмыстарының бағыттарын түзетті (National Centres of Competence in Research, NCCR): 2004 ж. шығарылған NCCR гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға көбірек бағыттала бастады. Үкімет сондай-ақ, NCCR басқа, ғылым мен экономиканы дамытудың: қолданбалы ғылымдар университеттерінің құрамындағы құзыреттіліктер жетілдіру; білім құндылықтарын көтеру; ғылым мен қоғам арасындағы сұхбат сияқты және т.б бірнеше басымды бағыттарын бөліп көрсетті.

Кәсіби - техникалық білім швейцариялық жастар арасында ең танымал оқу формасы болып табылады. Шамамен, 120 колледж жұмыс істейді. Швейцария колледжінің түлектері жоғары оқу орындарының түлектеріне қарағанда, жұмысқа сәтті орналасатыны байқалады. Соның ішінде, қонақ үй бизнес саласында білікті жұмыскерлерді дайындауда Швейцария әлемдік көшбасшы болып табылады.

Швейцариядағы техникалық және кәсіби білім беру (ТжКББ) жүйесі үш жақ арасының ынтымақтастығына негізделген. Олар:

- конфедерация (кәсіби білім федералды офисі, Швейцариялық кәсіби федералды институты);
- кәсіби ұйымдармен (сауда ассоциациялары, компаниялар және әлеуметтік серіктестер);
- кантондар (Швейцариялық білім беру министрлігі кантональды конференциясы, кәсіби кантональды офистеры, кәсіби мектептері және басқалар).

Жұмыс берушілердің қатысуымен Швейцарияның 30% компаниясы білім беру бағдарламасына жұмылдырылған. Студенттер үшін, компания тәжірибе бағдарламаларын жалпы модульдерге біріктірген. Онда компания білім беру жүйесіне тартылған басқару салалық бірлестіктерімен, тренинг орталығы базасында студенттерге салалық курстар ұсынады.

Оқыту формасы бойынша білім беруде көптеген бағдарлама екі жақты тәсілге негізделген: оқыту процесінің бір бөлігі білім беру мектептерінде өтеді, қалған жартысы болашақ мамандарды тағлымгер ретінде қабылдайтын компанияларда өтеді. Жүйенің қосымша құрамдас бөлігі салалық курстар болып табылады. Бұл курстарды әдетте болашақ мамандарға білім беру жүйесіне енгізілген салалық бірлестіктер басқаратын тренинг орталықтары береді.

Швейцарияның инновациялық даму табысының негізгі факторы білімге ұзақ мерзімді көлемді салымдар болып табылады, ол ғылымның дамуына ықпал етеді [181]. Бұл елдің өндіріс пен оқу орыны ынтымақтастығы арқылы сапалы маман даярлау практикасынан де басшылыққа алар мәселелер бар деп санаймыз.

Австрия жоғары кәсіби білім училищелері мен кіші және орта кәсіпорын-серіктестер арасында инновациялық дайындамаларды құру және енгізу саласында ынтымақтастық жақсы дамыған. Кіші және орта бизнес кәсіпорындарының, соның ішінде инновациялық кәсіпорындардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасайтын технобақтар желісі табысты дамып жатыр [182].

Бұның да өз кезегінде болашақ маманды сапалы дайындауға өз әсері бар екендігі түсінікті.

Норвегияның білім беру жүйесіндегі *салалық* (компания), *ұлттық және округтік* деңгейіндегі үшжақты ынтымақтастық жолға қойылған. Білім беру шеңберінде Ұлттық кеңес - жалпы ұлттық жүйе саласындағы ғылым және білім министрлігіне кеңес береді. Ал, кәсіби білім беру мекемелері - білім бағдарламасы мазмұны сұрақтары бойынша, еңбек нарығының болашақ қажеттілігі үшін, ұлттық басқару органына кеңес береді.

Округтық деңгейіндегі Техникалық және Кәсіби Білім Беру (ТЖКББ) жергілікті кеңесі:кәсіби тәлімгерлік;қамтамасыз ету; сапа; жергілікті ТЖКББ дамыту сұрақтары бойынша кеңес беруді жүзеге асырады.

Елдегі әлеуметтік серіктестер барлық әкімшілік деңгейде білім беру саласы шеңберіндегі мәселелерге белсенді түрде қатысады. Басқару компанияларының тренинг орталықтары тағылымдамадан өту үшін жаңа орындар ретінде білім беру жүйесі құрамына кіре алатын жаңа компанияларды табу мен оларды тартуда белсенді айналысады.

Білім беру бағдарламасы Үкіметтен жалпы грант ала алатын жергілікті басқару органдарымен қаржыландырылады. Білім алушыларға тағылымдама өту барысында келісілген еңбек ақы төленеді. Аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер және тағылымдамадан өтушілер білім алу үшін білім беруді кредиттей алатын Мемлекеттік қордан қарыз немесе грант ала алады. Қосымша гранттарды өз қаласынан жырақта білім алған студенттер иеленеді. Қолдау көрсетудің негізгі формасы - грант. Компания округтен 12 мың евро көлеміндегі көмекті тікелей ала алады, ол екі жыл бойы өтілетін тағылымдаманың және де колледжде оқыған бір жылдың төлемақысына пара-пар.

Оқытудың стандарттық моделі «2+2» болып табылады.Оның ішінде, болашақ маманды оқыту 2 жыл бойы колледжде өтеді. Бірінші жылы жалпы пәндер бойынша және кәсіби - техникалық білімге кіріспе оқытылса, екінші жылы білім алушыларға мамандану бағытында білім беріледі. Келесі екі жыл студенттер тағылымдаманы әлеуметтік серіктестік компанияларда өтеді. Білім алушы-тағылымгерлер алатын еңбек ақысынан, тағылымдама өту мерзіміне байланысты білікті жұмыскердің еңбек ақысының 30% дан 80% құрайды. Егер студент теориялық бөлімі біткенде тағылымдама өтетін әлеуметтік серіктес-компанияны таппаса, онда ол іс тәжірибені колледжде өте алады (шамамен30%). Бұл ретте, тағылымдаманы компанияда не оқу орнында өтсе де бірдей кәсіби - техникалық біліктілік беріледі. Оқу біткеннен кейін, университетке түсу мүмкіндігі бар, бірақ қосымша бір жыл оқу талап етіледі.

Елде білім мен ғылымның өзара әрекетіне үлкен назар аударылады: жекеменшік те, мемлекеттік те ғылыми-зерттеу институттары көп (оларда ғылыми-зерттеу қызметіне шығынның 23% жуығы және барлық ғылыми зерттеулердің 27% орындалады). Норвегияның барлық жоғары оқу орындары (ЖОО) болашақ мамандарының жұмысы мен докторанттар бағдарламаларын пайдалана отырып, іргелі зерттеулер жүргізу және ғылыми қызметкерлер

дайындауға міндетті болып есептеледі. Жоғары оқу орындары тек іргелі зерттеулер жүргізу және ғылыми қызметкерлер дайындау үшін ғана емес, сонымен қатар олардың қызметкерлері жасаған өнертабыстар нәтижелерін коммерциялық пайдалану үшін де жауап береді.

Норвегияда институттар мен университеттердегі іргелі зерттеулерге қолдау көрсету инновациялық саясаттың басымды бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, өмір бойы білім алу практикасы да қызметкерлердің өмір бойы біліктілігін көтеруге мүмкіндік береді. Мемлекетте ғылыми-зерттеу қызметінің шығындарын серіктес компаниялардан грант есебінде бөлінетін қаржының негізінде төленеді [183]. Бұл болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға түрткі болып табылады.

Әлеуметтік серіктестік мәселесінде шығыс елдерінің ішіндегі экономикасы ең жоғары мемлекеттің бірі – **Жапонияның** практикасы да өзгеріссіз қызықты. Кіші бизнеске мамандандырылатын 56 университет пен ғылыми-зерттеу орталықтары құрылған, бұл елде 524 жергілікті тауар-өнеркәсіп палаталары жұмыс істейді. Оқу қызметімен қатар, коммерциялық негіздегі басқа мүдделі ұйымдар мен мекемелердің жеке мүдделері мақсатында ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі. Іс жүзінде барлық дерлік ЖОО базасында құрылған жобаларды коммерцияландыру міндеті болып табылатын бөлімшелер кездеседі.

Кәсіпкерлер мамандарды дайындаудың мәселелерімен тікелей айналысады. Атап айтқанда, кәсіби-білім процесіне қаражаттарды құю ағындары өсті. Оларды ең жаңа техника тұрғысынан жекеменшік білім орталықтарын құру мен жабдықтауға, мамандарды дайындау бағдарламаларын әзірлеуге қаржы аударыла бастады. Яғни, әлеуметтік серіктес мекемелер өндірістік міндеттерді орындаумен қатар, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мен кәсіби дайындау мәселелерін шешуге айтарлықтай мән берілді [184]. Біздің пікірімізше, дамудың заманауи кезеңіндегі әлеуметтік серіктестіктің осындай тәсілін ұйымдастыру кәсіпорын үшін де, ЖОО үшін де бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Келесі **Оңтүстік Кореядағы** білім беру жүйесінде KRIVET-болашақ мамандарды дайындау және ұлттық кәсіптік білім беру аймағында зерттеуге арналған мемлекетпен қаржыландырылатын зерттеу ұйымы. Бұл кәсіптік техникалық білім беру мен оқыту бағдарламасын бағалау және үйлестіру әзірлемесімен айналысады. Сонымен қатар, KRIVET болашақ маманға өздерінің қабілетіне сай мамандық таңдауы, сол бойынша дайындалып және үзіліссіз жұмыс істеу үшін көмек көрсетеді. Мұнда басқару, мәліметті тарату, деректерді жинаумен айналысып, академиялық жетістіктерде тең дәрежеде құзыреттілігі мен біліктілігі танылатын ұйым құру үшін біліктілік саясаты бойынша зерттеулер жүргізеді.

Жұмыс беруші ретінде, Кореяда білім беру жүйесінің ұлттық деңгейдегі жоғары билік басқаруында орналасқан, нәтижесінде саны аз кәсіптік - техникалық училищелерге қатысты әлеуметтік серіктестермен өзара байланыста жүргізіледі. Мұндағы, қаржыландыру өз компаниялары аясында

оқыту үшін бағытталған және белгілі бір белгіленген еңбек шығыны, Корея әлеуметтік серіктестерінің пайдасынан алынатын қаржы Салық Заңнамасымен қарастырылған. Бүкіләлемдік банкінің деректері бойынша, Оңтүстік Кореяның ІЖӨ – нің 15% білім беру саласын қаржыландыруға бөлінеді.

Болашақ мамандарды жұмысқа орналастыру еңбек Министрлігі тарапынан қамтамасыз етіледі. Елде әлеуметтік серіктестер тарапынан іріктеу жұмыстары негізінде бәсекеге қабілетті болашақ мамандардан талап етіледі.

Кореяның оқыту формасы: дуалды, ІТЕ оқыту жүйесі Германияның дуалды оқыту жүйесіне ұқсайды. Болашақ маман білімінің нәтижесі қоғамдық тестілеу және ұлттық сертификаттау арқылы бағаланып, нақтыланады. Бұл тесттер қажетті кәсіби машықты алған қоғамдық кандидаттар мен бәсекеге қабілетті болашақ мамандар үшін қолжетімді болып табылады. [185]. Аталған мемлекеттегі әлеуметтік серіктестік практикасы Германиямен қатар болашақ мамандар дарлаудағы механизмдері мен ұстанымдарына сүйенуге болатындығын көрсетеді.

Сингапурдағы білім беру жүйесі Техникалық білім беру Институты бүтіндей кәсіптік-техникалық білім беруге жауап беретін ұлттық орган және үкіметтік агент болып табылады (ІТЕ, 1992 ж). Сингапурде техникалық білім беретін Институтының он колледжі бар. Институт орта мектеп түлектеріне техникалық көмек көрсетуді қамтамасыз етіп жәрдемдеседі.

Сингапурдың Білім Министрлігі білім беру орындарында оқи алатын мамандықтар тізімін анықтап, мемлекеттік тапсырысты қаржыландырады.

Әлеуметтік серіктестіктер, жұмыс берушілерінің қатысуымен келесі қызмет түрлерін ұсынады: сингапурлық біліктілікті дамыту қаржылық қоры жұмыс берушілердің аударылымы есебінен қаржыландырылады (The Singapore Skills Development Fund); оқыту бағдарламаларын жүргізеді; шағын және орта бизнес кәсіпорын жұмыскерлерін оқыту ваучерлік оқытуды қолдайды; компанияның оқыту жоспары; ересек жұмыскерлер үшін оқу демалыс кестесімен реттеліп, жұмыс орнында оқыту бойынша кеңес беруді қамтиды.

Білім беруге кететін шығын ұлттық бюджеттің шамамен 20% құрап, мемлекет және үкімет қолдайтын жекеменшік оқу орындары көмек көрсетеді. Аз қамтылған отбасынан шыққан студенттер мен нәтижесі 95% құрайтын студенттерге шәкіртақы алуға кепілдік береді.

Сингапурда болашақ педагог мамандарды таңдау және дайындау қиын және ұзақ процес. Мұнда оқытушыларды дайындау шеңберіне жауапты Монополист 1991 жылы құрылған Ұлттық білім беру институты болып табылады және Наньян технологиялық университеті базасында жұмыс жасайды [186]. Тек, сол ғана болашақ педагог мамандығын дайындауға құқылы Министрлік рұқсаты бойынша, оларды Сингапур мектептеріне жұмыс істеу үшін бағыттай алады.

Түркия елінде де әлеуметтік серіктестіктің қызметі мен білім беру мазмұнында, кәсіби маман дайындау барысында ірі компаниялар болашақ маманның келісім шарт негізінде білім алу қаражатын төлеп береді. Маман дайындауға қаржы бөлетін серіктестіктерге салықтан босатылу жеңілдігі

беріледі. Бұл өз кезегінде, маманның бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді. Ал жұмысқа орналасу - мемлекеттік бағдарламалық жүйе бойынша тесттік емтихан нәтижесінде жүзеге асады. Тесттен жоғары көрсеткішке жеткен жағдайда, болашақ маманның өз мамандық саласына байланысты: педагогика, медицина, зерттеу орталықтарына жұмысқа жолдама алады. Сондай-ақ, орта деңгейде тест тапсырғандар әкімшілік атқару мекемелеріне орналасуларына болады. Егер төмен деңгейде, нәтиже көрсетсе келер жылы тестті қайта тапсыру мүмкіндігі бар [187]. Осылайша, Түркия елінде болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі білім беру саласында басты назарда екенін байқауға болады.

Финляндиядағы білім беру жүйесінде кәсіптік-техникалық білім беру жергілікті муниципалитеттер және жеке меншік компаниялар-әлеуметтік серіктес мекемелермен бірге шешім қабылдау арқылы ұйымдастырылады. Кәсіптік білім беру саласындағы консультативті кеңес, кәсіптік білім беру, сонымен қатар ересектердің білім алуы, жұмыс берушімен бірге кәсіптік білім беруді ұйымдастыру бойынша жауап береді.

Білім беру жүйесіне әлеуметтік серіктестіктер болашақ маманның кәсіпорында практикалық тағылымдаманы қамтамасыз етуге мемлекеттен тікелей субсидия алады. Ал, болашақ мамандарға білім беру зайымдары немесе грант түрінде тегін беріледі. Оқу материалдарын алу үшін қаржылық көмек көрсетіледі. Бастапқы кәсіптік - техникалық білім беру білім орындарында тәжірибе түрінде оқыту формасымен орындалды. Тәжірибе оқу мерзімінің шамамен 80% алады, оның ішінде 25% кәсіпорында өтеді.

Кәсіптік-техникалық оқу орындары ересектерді оқытуды да қамтамасыз етеді. Кәсіби білім беру үшін болашақ педагогтарды оқыту жүйесі қолданбалы ғылыми университеттерімен тығыз байланыста оқытушы кадрларды дайындайтын институттармен қамтамасыз етіледі. Болашақ педагог мамандардан магистр немесе академиялық бакалавр деңгейі, сонымен бірге, оқытушылық шеберлік бойынша тренингті өту туралы сертификаты және өндірісте 3 жыл жұмыс жасауы талап етіледі.

Тағлымгерлер үшін практикалық тренинг өткізетін теориядан сабақ беретін оқытушылар жұмыс берушінің қол астында 2 айлық практикадан өтеді. Осылайша, оқытушы өзінің іскерлігін дамытып, жұмыскер педагогикалық дағдысын жетілдіреді [188].

Австралиядағы білім беру жүйесі екі стандарт тобынан тұрады: біреуі - басқаруды аккредиттеу және штаттар мен аймақтарды тіркеу үшін, ал екіншісі кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқу орындарына арналады.

Мемлекет қаржыландыратын білім беру пакетінің негізгі ерекшелігін, кәсіби-техникалық біліктілік мазмұнын мемлекет анықтайды. Үкіметтің негізгі рөлі – кәсіби білім беру секторын дамытуда, оқыту әдістерінің тиімді жолдарын пайдалану (мысалы жұмыс орнында оқыту), қажетті инфраструктураны дамыту және қаржыландыруды ұсыну сияқты өндірістің қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекет тарапынан грант түрінде қолдау көрсету бар. Шәкіртақы бөлінеді. Кейбір жағдайларда жекеленген бағдарламалар бойынша,

оқушыларға салықтық жеңілдік көрсетіледі. Кейбір студенттерге аванс төлеген жағдайда білім алуға 10% мемлекет тарапынан қаржылай көмек жеңілдік беріледі.

Кәсіптік білім беру орындарына оқытушы болу үшін, кем дегенде кәсіби-техникалық білім берудің IV дәрежелі Сертификаты немесе соның эквиваленті болуын қадағалайды. Нарықта жан-жақты болу үшін 50 практикалық сабақ, 150 сағат әлеуметтік серіктес мекемеде немесе өндірісте практикадан өту керек, сонымен қатар техникалық мамандықтар бойынша педагогикалық білімі болуы қажет. Сонымен, TAFE бойынша білімін аяқтағаннан кейін, болашақ мамандарға кәсіби біліктілігін растайтын диплом немесе кәсіби біліктілік берілгені туралы куәлік беріледі [189]. Бұл болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Білім мекемелері мен әлеуметтік серіктестер өзара әрекеттерінің халықаралық практикасының әдебиеттеріне талдаулар көрсеткендей: университет білімі; озық ғылым жетістіктері; кәсіпкерлік ынтымақтастық дәстүрі процеске қатысушылардың барлығы үшін жоғары нәтижелі деңгейге жетуге мүмкіндік беретінін байқатады. Өндіріс жағдайында жүргізілетін кәсіби қызмет жүйе құраушы кіріктіруші фактор болып табылады. Бұл білім қызметінің параметрлерін, оның мақсаттарын, құралдары мен формаларын анықтап, өндірістік-педагогикалық сипаттағы мәселелердің тұтас кешені болатын «өзек» қызметін атқарады, сондай-ақ, білім қызметі субъектілеріне өндірістік қызметтің өте маңызды параметрлеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Ол кәсіби қызметтің құрылымдық-мазмұндық компоненттерін жетілдіру бойынша тікелей ұсыныстар енгізу арқылы да, білім қызметін құрайтындар арқылы жанама түрде де болады.

Кәсіби білім мен кәсіпорындардың өзара әрекетіне педагогикалық инновацияларды енгізу бойынша бірқатар елдердегі практиканы талдау негізінде, *жекеменшік, зерттеу және білім секторлары арасында ынтымақтастықты реттеу және нығайту бойынша жүйелі жұмыс білімнің ұлттық жүйесінің табысты дамуына, сондай-ақ болашақ қызметкердің бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуына ықпал етеді*, деген тұжырым жасауға болады.

Қорыта келе, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда ЖОО мен әлеуметтік серіктестік институттарының еріктілік, өзара тиімділік, қолдау, өзара келісім мен жауапкершілікпен сипатталатын, өркениетті қарым – қатынасының бірлесуі жүйесінің тиімділігі зор деген тұжырым жасалады. Бұл жағдайда білім алушылардың таңдаған мамандықтары бойынша алған теориялық білімдерін практикаға терең пайдалану мүмкіндіктері молаяды, кәсіби шешімдер қабылдауға машықтану, кәсіби тұлғалық сапаларының дамуы мәселелері тиімді шешіледі. Бұл айтылғандар болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігінің жоғарыда келтірілген сипаттамасына орай аталмыш сапаны дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауда басшылыққа алынды.

2.3 Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі

Қарастырып отырған зерттеу жұмысымыздың алдына қойылған келесі міндеттердің бірі – болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың моделін жасау. Бұл ретте біз жалпы педагогикалық құбылыстарды модельдеуге қатысты еңбектерді зерделедік. Нәтижесінде олардың мақсатына қарай түрлерінің болатындығын, модель әртүрлі мақсатта, әртүрлі негізде жасалатындығын анықтадық.

Модельдеудің маңызды танымдық қызметі - жаңа теориялардың ашылуына серпін беріп, бастауы болу. Кейде теория алғашында құбылысқа түсініктеме беретін модель түрінде пайда болып, алғашқы жұмыс болжамы ретінде көрінеді. Модельдеу барысында эксперименттің жаңа идеялары мен формалары туындап, бұрын белгісіз фактілер ашылады. Әрекеттің типіне қарай модельдеуге берілетін сұраныс нақтыланып отырылады.

Модельдеу басқа да жалпығылыми және арнайы әдістермен бірге ең алдымен практикалық-экспериментте қолданылады. Практика барысында зерттеу нысанына алынған объект не құбылыстың моделі зерттеудің негізгі құралы қызметін де атқарады. Мұны Б.С.Гершунский болжау негізіндегі практикалық-эксперимент әдісінің мәні мына төмендегі үш кезенді кезекпен жүзеге асыру екенін атап өтеді: зерттеу объектісінің аса мәнді параметрлері бойынша прогностикалық моделін жасау, яғни «армандағы объектінің» бейнесін құру; объектінің нақты образдарын құру және оларды практикаға тексеру; теориялық модельді жетілдіру, жалпыға тарататын прогностикалық ұсыныстар жасау [190].


Модельдеу - нақты өмірдің құбылыстарын бейнелейтін құрал ғана емес, модель түрінде шығатын теориялардың жүзеге асуы арқылы алынған білімнің ақиқат екенін тексеретін критерий. Біздің жағдайымызда, болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың моделі – бұл болашақ педагогтың идеалды образы немесе тұлғалық-кәсіби дамуының эталоны мән-мағыналық қасиеттерін қайталайтын объектілер мен белгілердің жүйесі.

Осыған орай, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық компоненттері, осы мәселені нәтижелі ететін жолдар, қағидалары мен оларды жүзеге асыру кезеңдері, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға негіз болатын құралдар мен формалары нақтыланған құрылымдық-мазмұндық **моделі** 5-суретте көрсетілгендей дайындалды.

Жұмысымызды әрі қарай жоғарыда келтірілген модельдің құрылымын сипаттаумен жалғастырамыз.

Бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлауға әсер ететін сыртқы факторларға біз: *еңбек нарығы, қоғамның әлеуметтік сұранысы, ЖМББС талаптарын* жатқыздық.

Алдымен сөз ететініміз **еңбек нарығы** мәселесі. Еңбек нарығы – негізгі тауар – еңбек (жұмыс) күшін айналымға жіберуге байланысты экономикалық қатынастардың сипаттамасы.



Сурет - 5. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі

Жұмыс күші – адамның еңбек ету қабілеті, адам өз қызметінде пайдаланатын дене және рухани қабілеттіліктерінің жиынтығы. Еңбек – бұл оны иеленуші адамнан бөлінбейтін жалғыз тауар. Иеленуші-адам сату сатып-алу объектісі болып табылмайды, яғни жұмысшы емес, оның еңбекке қабілеттілігі сатылады және сатып алынады.

Осы тұрғыдан алғанда еңбек нарығы деп жұмыс күшін тауар ретінде сату – сатып алу деп түсінген жөн. Нарықтардың басқа да түрлері сияқты еңбек нарығында жұмыс күшіне деген ұсыныс сұраныстан туады. Еңбек нарығында: жұмыс күші иесі – еңбекті сатушы, жұмыс беруші – еңбекті сатып алушы арасында екі жақты байланыс болады. Жұмыс күшін сатушы мен сатып алушылар арасындағы қатынас заңды түрде – келісім-шарт арқылы және еңбек заңдарына сәйкес тіркеледі. Еңбек ұсынысы нақты жалақы өскен сайын өсіп отырады.

Еңбек нарығының субъектілері–қызметкер мен жұмыс беруші. Экономикалық түсінік ретінде еңбек нарығы бір мезгілде тауарды сатушылар болып табылатын оның иелері (жалдамалы қызметкерлер) мен сатып алушылар (жұмыс берушілер) арасындағы өзара қатынастарды бейнелейді. Қоғам үшін бұл өзара қатынастардың ерекшелігі мен маңыздылығына байланысты олар еңбек заңнамасында заң жүзінде рәсімделеді. Осылайша еңбек нарығының субъектілері кәсіпкерлер (ірі, орта, ұсақ фирмалар, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар), жалдамалы қызметкерлер, кәсіподақтар, сондай-ақ өзінің уәкілетті органдарымен бірге мемлекет болып табылады.

Еңбек нарығы басты екі қызмет атқарады. Оларға: әлуметтік қызметке адамдардың табыстары мен жақсы тұрмыс халының әдеттегідей дәрежесінің қамтамасыз етілуі және жұмыскерлердің өндірістік қабілетінің тиісті дәрежеде ұдайы өндіруінің қамтамасыз етілуі жатады. Бәсекелік еңбек нарығының классикалық үлгісінің негізін мынадай ұстанымдар құрайды: еңбекке сұраныс жасайтын жұмыс берушілердің көп болуы жұмысшы күшіне иелік ететін және оның ұсынысын жасайтын жұмыскерлердің көп болуы.

Жұмыс берушілер ұсынатын жұмыс орындары және жұмыскерлер ұсынатын жұмысшы күші біркелкі болады және жұмыспен қамтудың саны мен көлемі жұмыскерлер санымен өлшенеді.

Сөз етіліп отырған мәселелеге қатысты жалпы тұжырымдарды қазіргі педагогтар даярлау саласына қатысты талдар болсақ, ЖОО бітірген педагогтың нарық талаптарына сай болмай жатуы жиі кездеседі. Мысалы: жұмыс берушілердің алғашқы жұмысқа қабылдар кезіндегі сынақтарынан өте алмай жатуы, қарапайым педагогикалық жағдаяттарды шеше білмеуі, тіпті педагог ретінде қабылданған қызметкерлердің (психологтарда жиі кездеседі) жаттап алған бірлі-екілі тренингтері таусылып әрі қарай дағдарысқа ұшырап жатулары т.б.с.с.

Бұл ретте, ЖОО маман даярлауда өз мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, тек теориялық тұрғыда білім берумен емес, іс-тәжірибені қатар ұсынатын және студенттердің өз мамандықтары бойынша өндірістік іс-практикадан өтулеріне жағдай жасаулары кезек күттірмейтін мәселе. Сонда ғана педагогикалық оқу

орынын бітіруші болашақ мамандар еңбек нарығындағы сұранысқа сай біліктіліктерді игеріп шығады.

Бүгінде білім саясатының негізі - маманды кәсіби даярлаудың сапасын арттыру, біліммен қаруландырудың ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту мен қатар, оқу-тәрбие тәжірибелері мен қоғам сұраныстарының алшақтығын жою, болашақ педагог маманның бәсекеге қабілеттілігінің жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа сай болуының көрінісі қоғамның әлеуметтік тапсырысы болып табылады.

Болашақ педагогтарды даярлауға қатысты қоғамның сұраныстарына көшпес бұрын жалпы «қоғам» деген сөздің мағынасына тоқталған жөн. Бұл түсінік өте кең: алғашқы қауымдық қоғам, феодалдық қоғам, капиталистік қоғам, демократиялық қоғам т.б. деп тармақтауға болады. Бұл арада алдымен белгілі бір қауымның немесе жеке бір елдің тарихи даму кезеңдері еске түседі. Ал осы сөзді жалпы мағынада алсақ, онда бүкіл адамзат тарихы және оның болашағы туралы ойлаймыз. Бұл - әлемнің барлық халықтарының жиынтығы жөніндегі ұғым. Басқа сөзбен айтсақ, адамдардың өзара қатынас тәсілі және бірігу формаларынан тұратын, табиғаттан ерекшеленген дүниенің бір бөлігі.

Қоғам деп сонымен қатар, бірігіп еңбек ететін жеке адамдардың жиынтығын және олардың арасындағы екі жақты қатынасты да айтамыз. Біріншісі, қоғам - адамның өмір сүру тәсілі. Қоғамсыз адам жоқ, адамсыз қоғам жоқ. Екіншіден, қоғам жеке адамдардан ғана тұрмайды, ол сол жеке адамдардың өзара қатынасын көрсетеді. Жеке адам қоғамға ұжым арқылы енеді. Ол сонымен қатар бірнеше ұжымдардың мүшесі болады (еңбек, партия, кәсіподақ, т.б.). Демек, қоғам - ұжымдардың ұжымы, бірлігі болып көрінеді. Осы қоғам өзінің әрбір мүшесі, алдыңғы қатарлы азаматы, ел басқарушылары, әр саланың мамандарына қойылатын талаптарды реттейді. Қоғамның ілгерілеуі жеке адамдар мен ұжымдардың қоғамға деген көзқарасы мен оның дамуына жауапкершілікпен қарауында.

Болашақ педагогқа деген **қоғамның сұраныстарын:** мемлекеттік, аймақтық, білімдік ұйым сияқты бірнеше деңгейде қарастыруға болады. Осыларға жеке тоқталсақ, мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік сұранысқа сай болашақ педагог қоғам қажет етіп отырған білімді, дені сау, жаны сау, еркін ойлай алатын, ойын жеткізе, дәлелдей білетін, шығармашыл, өз елінің патриоты, өмірдегі болатын өзгерістерге дайын, өзін іске қоса білетін маман даярлау. Жоғары білім беру жүйесі осы талаптарға сәйкес мұғалімдерді даярлау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануы көзделеді.

Өңірлік деңгейдегі әлеуметтік сұранысты төмендегіше сипаттауға болады. Мемлекеттің білім саясатын жүзеге асыру, білім беру ұйымдарының дамуын, ұлттық этникалық, мәдени мәселелерді ескеру, тұлғаның дамуына қосымша жағдайлар жасау, сауатты, тәрбиелі, өз елінің барлық байлықтарын қорғайтын азаматтарды қалыптастыруға ат салысатын педагогтарға деген қажеттілік.

Білім беру ұйымдары деңгейіндегі қоғамның әлеуметтік сұранысы дәл осы оқу орынына (балалар бақшасы, мектеп, колледж) оның ішкі талаптарына (ұлты, жасы, кәсібилігі, шеберлігі, коммуникативтілігі, командада жұмыс жасай

алуы т.б.) сай болуы.

Келесі фактор ретінде болашақ педагогтарды даярлауға жоғары педагогикалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы талаптарды қарастырамыз. Бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білімді мамандарды даярлаудың «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР МЖМБС 6.08.012-2016 ҚР Үкіметінің 13.05.2016. №292 өзгертулерімен [191] білім алушыларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарында: Жоғары оқу орны бітірушісінің негізгі құзыреттері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады делінген. Сонымен қатар, Базалық және міндетті пәндердің оқытылуымен бірге, таңдау компонентінің жүргізілу реттілігі аталып көрсетілген. Аталған заңнамалық құжаттың 26-бөлімінде «Дуальді оқыту элементтерін енгізген жоғары оқу орындары білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асырады», деп атап көрсетілген. Зерттеу жұмысымыздың құралы болып табылатын әлеуметтік серіктестік - дуальді білім берудің негізі ретінде қарастырылады. Ал, дуальді білім беру, теорияны практикамен ұштастыра оқыту. Болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамытуда, әлеуметтік серіктес мекемелермен бірлесе ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру болып табылады.

Ұсынып отырған моделіміздің теориялық негізін біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы, үздіксіз білім және кәсіби педагогикалық білім, тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы жайлы теориялар құрайды.

Біртұтас педагогикалық процесс теориясы жөнінде, қойылған мақсатқа жетуде тұлға дамуын ұйымдасқан түрде жүргізу барысында белгілі бір нәтижеге жету үшін оқу-тәрбиеге педагогтар мен білім алушылардың өзара әсерлесуі біріктірілген, басқарылатын үдеріс сұлбасын берген дұрыс. Мұны оқу-тәрбие немесе педагогикалық үдеріс деп атайды [192]. Бұл үдеріс алдын ала анықталған мақсатқа қол жеткізуге және алдын ала белгіленген өзгерістерге, білім алушының қасиет-сапалары мен белгілерін түрлендіруге алып келеді. Педагогикалық үдеріс – педагогтардың әлеуметтік тәжірибесі мен білім алушы тұлғасының сапаларына айналатын өзара әсерлесуі.

Педагогикалық үдерістің ең басты ерекшелігі – оның тұтастығы, ал оны дамытуға Н.К.Крупская, С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко, А.П. Пинкевич көп үлес қосты. Бірақ 30-жылдары оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктерін тереңдете зерттеу үшін оларды бөліп қарастыру көзқарасы басым болды.

Біртұтас педагогикалық үдеріс мәселесіне 70-80 жылдар аралығында Ю.К.Бабанский, М.А.Данилов, В.С.Ильин, В.В.Краевский, Б.Т.Лихачев және т.б. көңіл бөлді. Олар тұлғаны дамытуға жан-жақты амал жасау тек педагогикалық үдеріс тұтастығы негізінде жүзеге асырылатындығын баса көрсетті.

Қазақстанда біртұтас педагогикалық үдеріс дамыту мәселесін кеңінен қарастырған ғалым-педагог Н.Д. Хмель және оның шәкірттері болып табылады.

Жоғарыда аталған ғалым-педагогтер еңбектерінде тұтас педагогикалық үдерістің барлық мүмкіндіктері зерттелген.

Келесі *үздіксіз білім және кәсіби педагогикалық* білімге қатысты - «үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы» деген қағида ретінде бүгінде өз жалғасын табуда. Үздіксіз білім беру бұл үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес немесе бекітілген оқу мерзімімен және ЖОО қабырғасындағы біліммен шектелмейді, ол – болашақ педагогқа білімнің белгілі бір көлемін беруге бағытталған білім түріне ауысу болып табылады. Тек жеке тұлғаға, субъектіге бағытталған кәсіби білім ғана болашақ маманның жылдам өзгеріп жатқан қоғамдық және экономикалық өмір талаптарына сай жауап бере алуын қамтамасыз ете алады.

Кәсіби-педагогикалық білім – бұл кәсіби білім беру қызметін толығымен орындауға қабілетті жеке болашақ педагогты дамыта отырып, жоғары педагогикалық-психологиялық кәсіби білім беру аймағын да сипаттайды. Білім берудің бұл түрі мазмұны, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі жағынан сәйкес мемлекеттік стандарттармен анықталатын оқу мекемелерінде жүзеге асырылады. Ал, *тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі дамытуын*, өзіндік реттеу, өзіндік басқару негізінде пайда болатын, жақын ортада өзінің әлеуметтік мәртебесін жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі көрсету және әлеуметтік тәжірибе субъектісі ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, арнайы ұйымдастырылған шығармашылық іс-әрекеті деп түсінгеніміз жөн.

Шығармашылық – бұл тұлғаның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін тұлға дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренгені абзал. Тұлға бойындағы қабілет-сапаларын дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады»-дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни тұлғаның шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады [193].

Заман талабына сай білім бере отырып, білім алушы бойында танымдық қабілетін дамыту бүгінгі таңда педагог үшін үлкен жауапкершілікті іс болып табылады. Бұл туралы Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру», – деп, тұжырымдаған [194]. Бұл қоғамның осындай шығармашыл тұлғаларға деген қажеттілігін қанағаттандыру талабы білім беру жүйесінің алдына тұлғаның жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық қабілеті

зор жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту міндетін қоюының көрінісі.

Диссертациялық зерттеу мәселесін шешуге арналған модель: **мотивациялық, іс әрекеттік, рефлексивтік** компоненттен тұрады. Енді солардың сипаттамасына тоқталамыз.

Педагогикалық түсіндірме сөздігінде (мотив; фран. *motif*, лат. *Moveo* - қозғаймын) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады [195]. Кез келген іске деген мотивация немесе түрткі жетістікке жетудің алғышарты болып табылады. Мотиві жоғары мамандар үнемі белсенді, бастамашыл, мақсатқа қарай бағыттылығы тұрақты, табандылық сияқты сапалармен көрінеді. Ондай мамандарға кедергілерден тайсалмайтын қайта оларды жеңуде өршелене түсетін қайсарлық қасиет тән. Мәселені шешуде олар өзіне жауапкершілік ала біледі. Өзіне деген сенімділігі мен ішкі түрткілердің тегеуріні оны жетістікке жетуге жігерлендіреді.

Мотивация білім алушы студенттердің белсенділігін, қызығушылығын арттырып, сұранысқа ие, бәсекеге лайық болуға деген талпынысын жоғарылатады. Болашақ педагог-психологтардың бәсекеге қабілетті болу мотивтері ең алдымен кәсіби білімге деген қызығушылықтан, содан кейін педагогикалық әрекетті меңгеруге қатысты әртүрлі іс шаралардағы ынталылығынан көрінеді. Мұндай қозғаушы күш олардың бәсекеге қабілетті болу мотивтерін арттырып, тануға қызығу; осы мақсатқа сай ұйымдастырылатын оқу әрекеттеріне қатысуға ұмтылыс; маман ретінде қажетті болуға талпыныс, мектепті, оқушыларды жақсы көруі, педагог болуға деген тұрақты қызығушылығының болуымен сипатталады. Ондай студент кәсіби білім алу барысында барлық жағынан өзінің белсенділігін көрсетеді. Біздің моделіміздегі мотивациялық компонент болашақ педагог-психологтардың маман ретінде бәсекеге қабілетті болуға даярлыққа деген ынта - ықыласын оятуға бағытталады.

Модельдің келесі компонентін негіздеу алдында **әрекет** теориясына қысқаша тоқталғанды жөн көрдік. Жеке адамның дамуында іс-әрекет жетекші рөл атқарады. Адам қажеттілігінен туған іс-әрекет оның санасын бейнелейді. Бұл ұғымға «қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» іс-әрекет – адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс жүзіндегі көрінісі. Ал адамның дамуында шешуші қызмет атқаратын іс-әрекет түріне еңбек жатады және онымен адамның өзге іс-әрекеттерінің барлығы (ойын, оқу, т.б.) тығыз байланысты деген түсінік беріледі [196].

Тұлға іс-әрекет арқылы тәжірибе жинақтайды, шындықты игереді, оның іскерлігі артады, дамиды. Іс-әрекет туралы психологиялық ілімнің нобайы мен негізі психология ғылымының көрнекті өкілдері Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия зерттеулерінде салынды. Л.С.Выготский іс-әрекетті ғылыми психологияның әдісі ретінде танып, оның барлық арнайы ерекшеліктерін сақтайтын бірліктер арқылы талдауды қарастырған [197]. Ал іс-әрекеттің тұлғалық бағытын зерттеген С.Л.Рубинштейн тұлға іс-әрекетте қалыптасады деген тұжырым жасады. Ол: «...жалпы алғанда адам іс-әрекеті – бұл бәрінен бұрын ақиқаттылықты өзгерту; ...бұл тек қана әсер

ету, әлемді өзгерту және қандай да бір объектілерді тудыру емес, сөздің ерекше мағынасындағы қоғамдық акт немесе қатынас. Сондықтан да іс-әрекет – ол қоғамға, адамдарға қатысты ұстаным», - деп жазды [198].

А.Н.Леонтьев адамның іс-әрекеті әрекет формасы немесе әрекеттер тізбегі ретінде болады, басқа түрде болмайды, мысалы: еңбек іс-әрекеті – еңбек әрекеттерінде, оқу іс-әрекеті – оқу әрекеттерінде, қарым-қатынас іс-әрекеті – қарым-қатынаста және т.б. болады - деп, әрекет ұғымын адам әрекетінің маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Іс-әрекет бірқатар нақты мақсаттарды көздейді, ол қатаң жүйелілікпен жүзеге асады. Басқаша айтқанда, іс-әрекет әдетте жалпы мақсаттан бөлінген жекеленген мақсаттарға тәуелді әрекеттердің кейбір жиынтығынан жүзеге асады. Осы жағдайда, дамудың жоғары деңгейіне тән нәрсе – жалпы мақсаттың рөлін саналы түрде меңгерген мотив атқарады, сол себепті оны жете түсінуден мақсат мотивке айналады деп тұжырымдайды [199].

Болашақ педагог-психологтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың іс әрекеттік компоненті студенттің теориялық материалдарды белсенділікпен үйренген білік дағдыларды, практикада саналы түрде орындауы, кәсіби әрекет түрлерін ұйымдастыру шеберлігі, ұтқырлығы, кәсіби мәселелерді жаңашылдық, шығармашылық тұрғыда шеше алуымен сипатталады.

Рефлексивтік компоненттің біздің моделіміздегі орыны ерекше. Қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында білім алушылардың өз құндылықтар жүйесін қайта қарауға, көп білетін, тіпті оны қолдана да білетін адам ғана емес, өз әрекетін бағдарлай, дұрыс ұйымдастыра, оны қайтадан ой елегінен өткізіп рефлексия жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатын көздейді. Кез келген күрделі жүйе дами, жетіле келе, ерте ме, кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді. Сол сияқты адам да өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен практикадан қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

Философиялық сөздікте рефлексия (лат. *reslexio* – кейінге оралу) – бейнелеуді, сондай-ақ таным актісін зерттеуді білдіретін термин ретінде сипатталып, оның үш түріне түсініктеме беріледі. Олар: қарапайым (әрекеттер рефлексиясы); ғылыми (жаңа білімді меңгеру әдістерінің рефлексиясы); философиялық (ойлау мен болмыстың шектелген қатынастарын және біртұтас адамзат мәдениетін қайта түсіндіру) [200].

Б.Г.Ананьевтің пайымдауынша рефлексия мен өз-өзіне жасалған рефлексия өмірлік және кәсіби мақсаттармен, өмірлік құндылықтармен, тұлға қалыптастырушы факторлармен тығыз байланысты. Бұл рефлексиялар адамның дамуын бақылайды және өзін-өзі бейімдеуші, өзін-өзі тәрбиелеуші қызметтерін атқарады [201]. Рефлексияға бейімделген адам мәдениетке жақын келеді, ондай адам әрекетті асыра орындауға, сол арқылы өзін-өзі тануға талпынып тұрады. Сондықтан рефлексия–бұл өзінің бойынан «рухани болмысты» іздеуге бағыттайтын жол, яғни өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға апаратын жол.

Біздің пікірімізше бұл сипаттамаларда рефлексия әрекеттің барлық түрлерінде қолдануға болатын әмбебаптығымен ерекшеленеді. Қазіргі білім беру жағдаяттарын оқытушыдан рефлексиялық қабілетті талап етеді, себебі, бұл

қабілет кәсіби сапаны жетілдіру үшін маңызды болып табылады. Болашақ педагогты да рефлексияға үйрету бәсекеге қабілетті болудың басты шарты деп санаймыз. Болашақ педагогтың өзінің алып жатқан білімінің мазмұнын, өзінің эмоционалдық жағдайын, жасаған әрекеттерін ой елегінен өткізіп қорытындылауды меңгеруі оның дербестік, бәсекеге қабілеттілік сияқты кәсіби маңызды сапаларын жетілдіруге көмектеседі.

Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың әдістері мен формаларын айқындау зерттеуге қатысты модель жасаудағы келесі қадам болды. Біздің жағдайымызда қолданылатын «әдіс» ұғымы нақты педагогикалық міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық немесе теориялық тұрғыдан игерудің тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы ретінде қарастырылады. Оларға ең алдымен арнайы құрастырылған тренингтерді, серіктес мекеме басшыларымен кездесу, дөңгелек үстел, және т.б. белсенді әдістерін жатқыздық. Бұл әдістерді өзіміз ұсынған «Кемел» ресурстық орталық аясында еріктілерге жүргізуде практикаға қолдандық. Олар жайлы жұмысымыздың эксперименттік бөлігінде кеңінен тоқталатын боламыз.

Ресурстық орталық жұмыстары жеке, топтық жағдайда: кейс стади, дөңгелек үстел, пікіралмасу, тренинг, миға шабуыл, психологиялық диагностика жасау, ұйымдастырушылық практикалық әрекеттер *формаларында* ұйымдастырылды. Біздің зерттеу жұмысымыз барысында жүргізілген сайыстар болашақ педагогтардың дүниетанымының кеңеюіне, ойлау жүйесінің креативтілігінің дамуына, теориялық және практикалық білімдерді шеберлікпен қолдана білуге, қалыптан тыс жағдаяттарды ұтымды шешуге жағдай жасайды деп білеміз. Бір жағынан бұл форма мамандық иелерінің кәсіби қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін арттырады. Кәсіби шығармашылық сайыстарға қатысу уақыты (шамамен екі апта уақыт) білім алушылардың арнайы ұйымдастырылған бәсекелестік ортада болуын қамтамасыз етеді. Бұлар жайында диссертациямыздың практикалық-эксперименттік бөлімінде толық баяндалатын болады.

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымы белгіленген соң оның көрсеткіштері мен өлшемдері және деңгейлерін айқындау міндеті тұрды. Ғылыми әдебиеттерде «өлшем» және «көрсеткіш» ұғымдарының анық, біркелкі анықтамасы көрсетілмеген. Психологияда «критерий» - стандарт, эталон деп түсіндіріледі [202]. Осыған ұқсас И.И.Монаховтың пікірі бойынша, «өлшем»-бұл белгі, оның негізінде шынайы педагогикалық құбылысты, сапаны немесе процесті эталонмен салыстыруға, бағалауға болады [203].

С.А. Алешина, өлшем – зерттеу объектісінің жағдайы, дамуы және қызмет ету деңгейі жайлы көрініс беретін оның сапалары, қасиеттері мен белгілері болып табылады. Көрсеткіштер - дегеніміз зерттеу объектісінің әрбір сапасы, қасиеті, белгісінің қалыптасу деңгейінің сандық және сапалық сипаттамалары, яғни критерийдің қалыптасу өлшемі [204]. Зерттеудің басты мәселесінің өлшемдері мен көрсеткіштері қатар ашылуы үшін, даму көрінісінің деңгейі жайлы түсінік алуға мүмкіндік туады. Зерттеу мәселесі бойынша талданған еңбектердегі түйінді ойларды жинақтай келе, ғалымдардың әртүрлі

көзқарастарын жинақтау негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің *мотивациялық, іс әрекеттік, рефлексиялық* компоненттерге сай төмендегі *көрсеткіштері* нақтыланды:

- кәсіби қызметке қызығушылық,
- рухани адамгершілік қасиеттерін дамытуға ұмтылыс педагогикалық мамандыққа оң қатынасы;
- мамандыққа қажетті рухани адамгершілік сапаларын жетілдіруі.
- кәсіби ұтқырлық
- инновациялық белсенділік,
- мамандыққа қатысты тәжірибе жинақтаудағы жылдамдық,
- инновациялық әдістерді меңгеруге құлшыныс
- мамандыққа қатысты тәжірибе жинақтаудағы жылдамдық,
- инновациялық әдістерді меңгеруге құлшыныс
- өз әрекетіне баға бере алу, өзгерте білу

ЖОО мен әлеуметтік серіктес мекемелердің бірлескен жұмысы жағдайында болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің дамуының деңгейлері:

- *жоғары деңгей*: білімділігі мен рухани адамгершілік қасиеті жоғары, кәсіби ұтқырлықты табысты меңгерген, инновациялық әрекетке дайын, стандартты емес идеялары мол, білімді игеруге құмарлық түрткісі мен, рефлексияға қабілеттілігі жоғары;

- *орта деңгей*: білімділігі мен рухани адамгершілік қасиеті қалыптасқан, кәсіби ұтқырлықты меңгеруі мен инновациялық әрекетке дайындығы орташа, стандартты емес идеялары төмен, білімді игеруге құмарлығы мен рефлексияға қабілеттілігі орташа;

- *төмен деңгей*: білімділігі мен рухани адамгершілік қасиетінің көрінісі төмен, кәсіби ұтқырлықты аз меңгерген, инновациялық әрекетке дайындығы нашар, стандартты емес идеялары жоқ, білімді игеруге құмарлығы мен, рефлексияға қабілеттілігі төмен .

Сонымен, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамытудың моделі олардың еңбек нарығы жағдайында табыстылығын қамтамасыз етіп, болашақ педагогтың жалпы практикалық, инструменталдық, әлеуметтік-тұлғалық сияқты әмбебап қасиеттерін және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды көздейді және жұмыс берушілердің талаптарына сай болуын нәтижелі етеді деп санаймыз.

ІІІ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Болашақ педагогтарды даярлау мазмұны мен бәсекеге қабілеттілігінің бастапқы жағдайы.

Заманауи жас педагогтар—бұл жоғары педагогикалық білім алған маман. Олар—өз пәндері бойынша терең әрі сапалы білім беруге, білімдік процесті педагогикалық және психологиялық тұрғыда ұйымдастыруға, тұлғаның дамуы мен тиімді әлеуметтенуін қамтамасыз етуге, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, олардың құқығын қорғауға, дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырушылар. Олардың кәсіби деңгейі педагогика мен психологияның ғылыми негіздерінен, түрлі психологиялық техникаларды меңгеруінен, өзінің кәсіби құзыреттілігінің шегін ұғынуы мен ұсынысы және оларды жүзеге асыру мен салдары үшін жауапкершілігін түсінуінен, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады.

Болашақ педагогтар теориялық білім қорымен ЖОО қабырғасында қаруланады. Теориялық білімдер негізі - жалпы педагогика мазмұнын құрылымдаудан басталып, оқу пәнінің мазмұнын жобалау рәсімі, яғни мақсатын тұжырымдау, курстың құрылымы мен мазмұнын анықтау, білімгерлердің іс-әрекетін ұйғарым мен шектеулердің шегінде жоспарлау, бұлардың барлығы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік бағдарлама, оқу және әдістемелік әдебиеттер секілді нормативтік құжаттармен реттеледі.

Білім «мазмұны» ұғымының мәніне тоқталар болсақ, ежелден-ақ, философиялық тұрғыда – «бүтін бөліктерінің жиынтығы», «барлық заттар материалды емес, бірақ барлық заттардың мазмұны болады»-деп қарастырылса [205], бұл ұғымның педагогикалық түсінігін П.Ф. Каптерев анықтап, оны жүйелі білім ретінде түсіндіреді [206].

В.В. Краевский мен И.Я. Лернер білім берудің мазмұнын әлеуметтік тәжірибе ретінде қарастырып, мазмұн келесі өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұратындығын айтады:

- табиғат, қоғам, техника, адам, іс-әрекет құралдары туралы білім;
- дағды және іскерлікпен танылған іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру практикасы;
- интеллектуалдық рәсімге айналған, әдеттегі іс-әрекет шегінен асатын шығармашылық іс-әрекетінің практикасы;
- іс-әрекеттің құралы немесе нысаны болған болмысқа деген эмоционалды-құндылық қатынас практикасы [207].

Бұдан, білім берудің мазмұнын құрылымдаудың басты амалдары қалыптасқан деуге болады. Біз қарастырып отырған педагогикалық пәндердің мазмұнын жасаудың екі амалы қалыптасқан: білімдік-бағдарлық (дәстүрлі) және құзіреттіліктік (инновациялық).

Біріншісі – білімдік-бағдарлық амал өткен ғасырда практикалық болып,

педагогиканың мазмұнын беруге бағытталған тәсіл. Бұл тәсіл негізгі талаптарды тек қана педагогикалық білімнің жинақталуына қойды, ал болашақ педагогтың іскерлігі, дағдысы және құзыреттілігінің қалыптастыруын практикаға жүктеді.

Екінші – құзыреттіліктік амал, бертін келе 2000-жылдардың басында қалыптасып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көрсетілген тізімдердегі басты құзыреттіліктер мен педагогикалық бейімделген білім мен іскерлік жүйесін студенттердің меңгеруін білдірді. Бүгінде екінші амал жетекші болып табылады.

Барлық педагогикалық мамандықтарды даярлауда оқытылатын педагогика курсының мазмұнын құрылымдау келесі *ұстанымдарға* сүйенеді:

- мақсатқа бағыттылық*, болашақ педагогті кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы мақсат пен міндеттерге педагогика мазмұнының сәйкес келуі;

- ғылымилық*, педагогика курсы мазмұнының қазіргі заманғы педагогикалық ғылым жетістіктеріне сәйкес болуы;

- негізділік* (фундаменталдық), педагогиканың әдіснамасын күшейту;

- тұтастылық*, оқылып отырған пәннің теориялық және практикалық жақтарының біркелкілігін сақтау;

- интеграция*, педагогикалық процестен (құбылыстан) тұтас көрініс беретін көптеген пәнаралық және ішкі пәндік байланыстар санын мүмкіндігінше көп бекіту;

- модульдік*, педагогиканың мазмұның инвариантты (міндетті) және вариативті (таңдау бойынша) компоненттерін модуль түрінде беру;

- іс-әрекеттік-модельдеуші*, болашақ педагогикалық іс-әрекеттің үзінділерін модельдеу, оның барысында кәсіби нормаларды меңгеру;

- жекешелендіру*, мазмұнның вариативтілігі және оны меңгеру тәсілдері болашақ педагогтардың негізгі дайындық деңгейіне және кәсіптік ерекшеліктеріне байланысты білім мен іскерліктер жүйесін меңгеруді қамтамасыз ету;

- прескриптивтілік* (нормалық), білім мазмұнының болашақ педагогтың біліктілік талаптарына сай болуы [208].

Зерттеу жұмысымыздың ерекшелігіне (арнайы пән мұғалімдері емес) сай, 5B010300 «Педагогика және психология», 5B010100-«Мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру», 5B010200-«Бастуышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 5B012300-«Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану» мамандықтарының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС 6.08.012-2016 ҚР Үкіметінің 13.05.2016. №292 өзгертулерімен) аясындағы пәндердің болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту әлеуетіне талдау жасау міндетін қойды.

Жоғары педагогикалық білім беру бағдарламаларындағы жалпы білім беру пәндерінің блогын оқытудың негізгі мақсаты: интеллектуалды, жеке және әлеуметтік түрде дамыған педагог-маманды дайындау болып табылады. Жалпы білім беру пәндері блогының құрамы кәсіптік білім беру бағдарламасының 25% құрайды немесе 30-32 кредиттен тұрады. Олардың 40% немесе 12-13 кредиті таңдау компоненттеріне бөлінеді.

Аталған мамандандырушы кәсіптік білім беру бағдарламасының құрылымында үш өзара байланысты блок бар, олар жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері деп аталады. Әрбір блок инвариантты (міндетті) және вариативті (таңдау) пәндерден тұрады. Базалық педагогикалық білім беру бағдарламасының құрылымы 4 - кестеде берілген.

Кесте-4. Базалық педагогикалық білім беру бағдарламасының құрылымы

№	Білім беру пәндері	Міндетті компонент	Таңдау компоненті
1	Жалпы білім беру пәндері	25%	30%-40%
2	Базалық пәндер	50%-70%	30%-40%
3	Кәсіптендіру пәндері	60%	30%-50%

Базалық пәндер блогын оқытудың мақсаты – білім алушыларды педагогика және психология ғылымдарының болашақ маманның өзін-өзі реттеудің, басқа адамдар мен топтарды басқарудың практикалық дағдыларының ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыру; онтогенездегі жеке тұлғаның ерекшеліктері жөніндегі психологиялық - педагогикалық біліммен қаруландыру; тұлғалық-бағдарлық білім берудің психологиялық негіздері, педагогика саласындағы зерттеулермен таныстыру.

Базалық пәндер блогының көлемі жалпы бағдарламаның 50%, яғни 60-64 кредитіне тең. Олардың 50% - 70% міндетті пәндер компонентіне, 30% - 40% таңдау пәндері компоненттеріне бөлінеді.

Кәсіптендіру пәндерін оқыту блогының мақсаты ғылыми-педагогикалық эксперименттік зерттеулерді ұйымдастырудағы, психологиялық-педагогикалық диагностикалаудағы іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру; ғылыми-әдіснамалық дүниетанымды және болашақ педагог-психологтың тұлғалық бағыттылығын дамыту; педагогика, психологияны оқыту әдістемесі, педагогика, психологияны оқу пәні ретінде құрылымдау ұстанымдары, педагогикалық және психологиялық пәндер мазмұнын меңгеруді ұйымдастыру тәсілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кәсіптендіру пәндер блогының көлемі кәсіптік білім беру бағдарламасынан 25% немесе 30-32 кредитті алады. Олардың 40%-60% міндетті пәндер компонентіне, 30%-50% таңдау пәндер компонентіне тиесілі.

Базалық пәндер мен кәсіптендіру пәндер блогы бойынша міндетті пәндер компоненті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының типтік оқу жоспарымен бекітіледі, ал аймақтың және жұмыс берушілердің қажеттіліктерін, әлеуметтік серіктестердің, ғылыми мектептердің және жоғары оқу орындарының дәстүрлерін ескере отырып, таңдау пәндер компонентін жоғары оқу орнының өзі дербес түрде анықтайды.

Мемлекеттік стандарттың құрылымы біліктілік сипаттарды анықтайды, ол педагог-психологтың негізгі және кәсіптік құзыреттіліктеріне арналған талаптардан тұрады. Ол бойынша, болашақ педагог бойында мынандай басты құзыреттіліктер қалыптасқан болуы керек:

- өзінің педагогикалық іс-әрекетті, педагогикалық қарым-қатынас пен

белгілі бір педагогикалық сана мен идеалдардың, құндылықтардың иесі ретіндегі тұлғалық қасиеттерінің қалыптасқандығын анықтайтын пәндік, психология-педагогикалық, әдістемелік білім, білік, дағдылар жүйесін меңгеруі;

-адамдармен қажетті қарым-қатынас орната білу;

-өзінің даму мүмкіндіктерін анықтау, өзін дене, рухани және интеллектуалдық жағынан дамыту, өзінің көңіл-күйін реттеу және өзін-өзі қолдау амалдарын меңгеруі;

-өзінің жұмыс нәтижелерін жақсартуға, жекелік-тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби психологиялық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде еңбек тиімділігін көтеруге даярлығының болуы;

-оқыту бейінділігіне байланысты білім беру мазмұнын таңдай білуі, оқыту бейінділігіне байланысты оқу үдерісін жобалай және ұйымдастыра білуі;

-қазіргі заманғы әдістемелер негізінде бейіналды және бейінді сынып оқушыларының өзбетімен және өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту, түзету бағдарламаларын жасау және жобалау, инновациялық әдістерді бейімдеу және модификациялау, таңдау туралы білімдерді меңгеруі қажет.

Бұл құзыреттіліктер қазақстандық мектептер мен қоғамның талаптарына жауап бере алатын педагогты даярлауға бағытталған.

Болашақ педагогтарды дайындауда жоғары оқу орындары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (жоғары кәсіптік) негізінде жүзеге асыратыны белгілі. «Білім» бағытындағы педагогикалық мамандықтарының бүгінге дейінгі стандартын, модульдік білім беру бағдарламасының кәсіби білім мазмұны педагогикалық-психологиялық білім беру сұранысына негізінен сәйкестігін айта кеткеніміз жөн.

Дегенмен, білім беру бағдарламасы аталған мамандықтың студенттерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға деген сұранысын толық қанағаттандырады деу қиын. Себебі оқу бағдарламаларын зерттеу, студенттермен жүргізілген сауалнамалар педагогикалық мамандарды даярлауда теориялық курстарға бөлінетін сағаттардың үлесінің көптігі мен практикалық сағаттардың жеткіліксіздігі, студенттердің өз бетінше және оқытушының көмегімен орындайтын өзіндік жұмыстарына тіптен сағат бөлінбейді деген қорытынды жасалады. Ал үстірт орындалатын осы жұмыстар болашақ педагогтардың практикалық тұрғыда дайындығына нұқсан келтіретіндігі сөзсіз. Оқытушының СӨЖ, СОӨЖ жұмыстарын әр студенттің қалай орындағанына тиісті дәрежеде бағалап, пікір алысуына мүмкіндігі аз, бұл жұмыста формальділікке жол беруге әкеледі.

Атап өтетін жағдай Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Білім» тобындағы педагогикалық мамандықтар бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына негізделіп, университеттің оқу әдістемелік бірлестігі (ОӘБ) (29.08.2015ж.) мен бекітілген: мамандандыратын міндетті жалпы теориялық және элективті пәндер мен педагогикалық практикадан бөлек оқытудың қосымша түрлеріндегі *«Жұмыс іздеу технологиясы және жұмыспен қамту жолдары»* пәні жүргізілетіндігі.

Пәннің болашақ педагогтың біліктілігіне қойылатын талаптарында:

- білім беру кеңістігіндегі аймақтық еңбек нарығының ерекшеліктерін; ұйымдағы жас маманның негізгі мінез-құлық заңдылықтарын түсінуі;
- кәсіби этиканың негіздерін; маманның қазіргі заманғы құзырлы үлгісін (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, дефектолог және т.б.) **білуі керек;**
- өз біліміне, тілегі мен құзырына сай, компанияны таңдау;
- түйіндеме құра білу, ілеспе хат даярлау;
- жұмысқа тұру барысында дау-дамай жағдаяттарды шешуді **менгеруі тиіс;**
- болашақ еңбек жолын жоспарлау; сұхбаттасу, телефонмен келіссөздерді жүргізу, жұмысқа орналасу кезінде жұмыс іздеу және өзін-өзі көрсете білу **іскерлік дағдыларын көрсете білуі қажет.**

Сонымен қатар, пәнді оқу **кәсіби құзіреттіліктерді** қалыптастыруға және дамытуға бағытталады.

- *Жалпы педагогикалық* - бағытталған іс-әрекеті бойынша теориялық білімді меңгеруі:

- *коммуникативтік* – жұмыспен қамту процесінің субъектілерімен өзара іс-әрекетке және педагогикалық қатынасқа түсу құзырын білуі; басқарушылық (ұйымдастырушы) - іс-әрекетті ұйымдастыру және жоспарлау, талдау, мақсат қоя алуы;

- *әлеуметтік-психологиялық* – тұлғаның дамуындағы қоғаммен өзара әрекеттестікте кәсіби міндеттерді құзырлы шеше алуы;

- *креативтілік* – іс-әрекетін инновациялық зерттеушілік деңгейге шығара алуы;

- *рефлексивті* – өзіндік іс-әрекетінің нәтижесі мен үдерісін көре алуы.

Ал, **пәндік құзіреттіліктерді** қалыптастыруға және дамытуға:

- *ақпараттық-сараптамалық* – еңбек нарығының жағдайы жайлы мәліметті талдай білуге;

- *мотивациялық-мақсатты* – мақсатқа жетуде өзіндік уәждемені ынталандыруға, мақсатты құрастыра білуге, стратегиялық және тактикалық міндеттерді анықтауға;

- *жоспарлау-болжау* – өзін-өзі дамытудың кешенді мақсатын жоспарлау, өз мақсатына жетудің бағдарламасын жасай алуға

- *ұйымдастырушылық-орындаушы* – тиімді мақсатқа жетуге қажетті субъектілердің өзара әрекетін ұйымдастыруда жұмыспен қамтудың әдістері мен құралдарын реттей алуға;

- *бақылау-диагностикалық* – жалпы мемлекеттік талаптар мен жұмыспен қамту жүйесінің көрсеткіш нормативтерін диагностикалық негізде құра білуге;

нормативтік-түзету - жұмыспен қамтуды ұйымдастыру деңгейін қолдау барысында жедел әдіс-тәсілдер көмегімен түзетулер енгізе алады. Мұндай пән енгізу бастамасын құптай отырып, сөзсіз болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына ықпал жасайды деп санаймыз.

Болашақ педагогтардың мамандыққа қатысты білік, дағдылары мен іскерліктерінің дамуына әсер етуші фактордың бірі – педагогикалық практика. міндетті стандартта көрсетілгендей «Білім» бағытындағы мамандықтардағы

білім алушылары өз тәжірибелерін алғашқы курстан бастайды. Педагогикалық практика барысында болашақ мұғалімдер әртүрлі мекемелердегі қызмет түрлерімен танысады, теорияда алған білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік алады, сонымен қатар, педагогикалық практика түрлері болашақ педагогтың алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жетудегі іс-әрекеттерді жоспарлау, оны жүзеге асыру қабілеттерін дамытады.

Оқу, зерттеу, өндірістік (педагогикалық), дипломалды тәжірибелері болашақ педагогтың дүниетанымы кеңейіп, кәсіби көзқарастарының қалыптасып-дамып, болашақ кәсіби мансап жолына жоспар түзуге елеулі ықпалын көрсетеді. Болашақ педагог қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктерін көрсетіп өз іс-әрекетін талдап, бағалайды, өзін-өзі жетілдірумен айналысуға түрткі болады. Ал бұл өз кезегінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді сараптай келе, бүгінгі таңдағы МЖМБС байланысты төмендегідей пікір білдіреміз:

- МЖМБС жалпы білім беретін пәндер циклының басымдық танытуы және олардың санының шектен тыс көптігі кәсіби пәндерді оқыту мүмкіндігін азайтады;

- білім беру бағдарламалары мазмұнының құзыреттілікпен байланысы әлсіз;

- еңбек саласымен байланыста құзыреттілікті қалыптастыруға ықпалы төмен, яғни МЖМБС негізгі ережелерінде болашақ маман даярлауда жұмыс берушінің орны, рөлі, міндеттері нақтыланып көрсетілмейді.

Параграфта болашақ педагогтарды даярлаудың жайы баяндалғандықтан осы тұста оқып жатқан студенттеріміздің бәсекеге қабілеттілігінің бастапқы деңгейін анықтауға қатысты жүргізілген диагностикалық жұмыс нәтижелерін келтіре кетуді де жөн санадық. Бұл мақсатта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық және Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеттерінің 2 - курс студенттері жұмылдырылып, 161 білім алушы қатысқан айқындаушы эксперименті жүргізілді. Олардың 80 бақылау тобында, эксперименттік топта 81 студент болды (кесте -5).

Кесте–5. Зерттеуге қатысқан болашақ педагог мамандықтарының саны

Мамандықтар	Абай ат. ҚазҰПУ	Қазақ ҰҚПУ
5B010100-Мектепке дейінгі білім мен тәрбие	9	18
5B010300 - Педагогика және психология	24	20
5B012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	23	20
5B010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	25	22
Барлығы - 161	81 ЭТ топ	80 БТ тобы

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін өлшеу үшін таңдап алынған диагностикалық әдістемелерді 6-кестеде және қосымшаларда – көрсетеміз.

Кесте-6. Бәсекеге қабілеттіліктің деңгейін айқындайтын әдістемелер.

№	Бәсекеге қабілеттілік деңгейінің өлшемдері	Диагностикалық әдістемелер
1	Болашақ педагогтың кәсіби қызметке қызығушылығы	Н.П. Фетискиннің «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау» әдістемесі
2	Рухани адамгершілік қасиеті	В.И.Андреевтің студенттердің рухани-адамгершілік деңгейін анықтау сауалнамасы
3	Инновациялық белсенділік	Е.Е. Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы»
4	Кәсіби ұтқырлық	А.Г. Зверьков, Е.В. Эйдеманның ерікті өзін өзі бақылау тесті
5	Рефлексияға қабілеттілік	М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылықтың пен көріну деңгейі» әдістемесі

Бұл әдістемелерден алынатын нәтижелер ұсынылған модельдің компоненттеріне сәйкес іріктелді. Атап айтсақ, мотивациялық компонент Н.П.Фетискиннің «*Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау*» [209] және В.И.Андреевтің «*Студенттердің рухани-адамгершілік деңгейін анықтау*» [210] сауалнамасы бойынша анықталады. Екінші сауалнаманың мотивациялық компонентке жатқызылу себебі, біздің ойымызша тек рухы биік, адамгершілігі жоғары студенттің (педагогтың) алдыңғы қатарда болуға, басқалармен таза бәсекелесте болуға, соған орай кәсіби қызметті табысты атқаруға деген мотиві жоғары болады. Іс әрекеттік компонент көрсеткіші Е.Е. Туниктің «*Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы*» [211] айқындайтын болса, кәсіби ұтқырлық компонентін А.Г. Зверьков, Е.В. Эйдеманның «*Ерікті өзін өзі бақылау*» [212] тесті, ал рефлексивтік компонентті М.Гранттың «*Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі*» [213] әдістемесі арқылы қорытындылау мүмкін болады деп шешілді.

Алғашқы айқындаушы экспериментінің мақсаты – болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, әрі қарай дамытудың тетіктерін анықтау, сонымен бірге, болашақ педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін әлеуметтік серіктестік негізінде дамыту моделінің: мотивациялық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттері бойынша зерттеліп отырған сапаның деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) айқындау болып табылады. Диагностика жүргізуге таңдап алынған әдістемелерді іріктеуде: әдіснамалық ұстанымға сәйкестігі, әдістемелердің нақтылығы мен түсініктілігі, өңдеуге ыңғайлылығы және өзара бірін-бірі толықтыратындығы алынған нәтижелердің шынайы және нақты болуына айтарлықтай септігін тигізді деуге болады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың алғашқы айқындаушы эксперимент кезеңі В.И.Андреевтің «*Бәсекеге қабілеттілік деңгейіңіз қандай?*» [214] сауалнамасын бейімдей пайдалану негізінде жүргізілді (Қосымша Ө). Сауалнамаға қатысушылар берілген сұрақтардың: «Ия», «Жоқ», «Жауап беруге қиналамын», жауаптарының біреуін ғана белгілеуі керек. Сауалнаманың сұрақтарына талдау жасай келе, бәсекеге қабілеттілік компоненттерін анықтауда, біз түрлі кәсіби дайындықтағы ЖОО болашақ педагогтардың зерттеліп отырған сапаларының


деңгейлерін объективті өлшеуге мүмкіндігіміз болатынына көз жеткіздік [215]. Алынған нәтижеде жоғары деңгейді- 15% көрсетсе; орташа деңгей - 24%; төменгі деңгейді – 61% көрсетті. Әрине, бұл жерде студенттердің өзіндік дағдыларының артық та кем де болу мүмкіндігін есепке алдық, дей тұрғанмен «жоғары» деңгей жеткіліксіз екендігі 6-суретте айқын көрініп тұр.



Сурет -6. Экспериментке қатысқан болашақ педагогтардан «Бәсекеге қабілеттілік деңгейіңіз қандай?» сауалнамасын жүргізудегі салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері (%)


Суреттен байқайтынымыз, экспериментке қатысатын болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің шама мөлшері төмендеу екенін аңғаруға болады. Болашақ педагогтардың басым бөлігінде бәсекеге қабілеттілікті сезінуінің көрінісін пайымдауға болады.

Ал, педагогтың бәсекеге қабілетті болуының басты қозғаушы күші оның осы мамандыққа деген қызығушылығы, сүйіспеншілігі. Сондықтан студенттердің осы сапасының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында Н.П.Фетискиннің «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау» әдістемесі таңдалып алынды. (Қосымша Б) Төмендегі 7-суретте бақылау тобының кәсіби педагогикалық мотивациясының көрсеткіштерінің мәні көрсетілген.



Сурет-7. Н.П. Фетискиннің «Кәсіби-педагогикалық мотивацияны өзіндік бағалау» әдістемесінің бастапқы нәтижесі

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, бақылау тобының жоғары деңгейі мотивациялық көрсеткіштердің 12,3%-дан 22,5%-ға дейінгі деңгейлерді көрсеткішінен болашақ педагогтарға жүйелі түрде жұмыс жүргізу қажеттілігінің бар екені аңғарылады. Бұдан соң бәсекеге қабілетті педагогтың өзіміз ұсынған модельдегі көрсеткіштерінің таңдаған әдістер жүйесі арқылы алғашқы деңгейлерін анықтау жұмысы жүргізілді.




Сурет -8. Болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік тұлғалық типтерінің бөлінуі (%)

Болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік қасиетінің деңгейі В.И.Андреев ұсынған сауалнама бойынша анықталды (Қосымша В). Сауалнама нәтижесінде тұлға типтерінің бөлінуінің орта мәні келесі 8-суреттегі нәтижені көрсетті.

Тұлға типтерінің рухани–адамгершілік сапаларыны әрқайсысы келесідей ерекшеліктермен: мінез-құлық және ақыл-ой, белгілі бір іс-әрекетке қабілеттерінің бейімділігіне, жүрек қалауларына, қызығушылықтарына, кәсіби және т.б. мүмкіндіктеріне байланысты сипатталды. Егер болашақ педагог өз тұлғалық типіне сәйкес келетін мамандықты тандаса, ол өз жұмысына қанағаттанып, айтарлықтай жетістікке жете алуы мүмкін. Жоғарыдағы суретке сәйкес бақылау тобындағы және эксперименттік топтардағы болашақ педагогтардың басым көпшілігі оптимист типіне жатқанын байқаймыз.

Сонымен қатар, Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы» әдістемесін. (қосымша Г) модификацияланған түрі болашақ педагогтардың инновацияға дайындығының деңгейін айқындау үшін пайдаланылды Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі сапалық көрсеткіші ретін біз «инновацияға қызығушылық», «педагогикалық технологияларды білуі, қолдана алуы», «шығармашылық әлеует» сияқты көрсеткіштерді алдық. Диагностика нәтижесі, студенттердің үш категория бойынша да жоғары деңгей 10 мен 20 пайыз аралығында, ал төменгі деңгей 38 бен 55 аралығындағы пайызды көрсетті. Байқағанымыз, студенттер жаңа іспен айналысқанды ұнататындары, педагогикалық технологиялар жайлы жалпы хабардар болғанымен практикалық тұрғыда қолдануға берген өзіндік бағалары төмендеу, шығармашылық ойлауының әлі де қалыптаспағандығы. Педагогикалық практикаға барып қайтқан 3 курс студенттері үшін бұл жеткілікті нәтиже дей алмаймыз. Бұл осы бағытта арнайы жұмыстардың жүргізілу қажеттілігін тудырады.


9-Суретте алынған диагностикалық жұмыстың графикалық бейнесі келтіріледі.



Сурет -9. Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» тестінің модификацияланған түрінің диаграммасы

Суреттен болашақ педагогтардың бақылау тобында жоғары деңгей - үш сапалық көрсеткіштен: 11,2% дан 20,5% аралықта, ал, эксперименттік топта 13,2% ден 26,6% ды көрсетіп, сапа көрсеткіштерінің өзара шамалас екенін көруге болады. Бұдан болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілін дамытудағы технологияларды меңгере отырып, инновациялық қызығушылықтарына түрткі болатын ресурстық орталық жұмысын жүйеледік.


Бұл болашақ педагогтың кәсіби ұтқырлығы оның ерік жігерімен және оны өзінің бақылай, басқара алушылығымен байланысты. Сондықтан бәсекеге қабілетті болашақ педагогтың негізгі сипаттамасының бірі ретіндегі бұл сапаны анықтау үшін А.Г. Зверьков, Е.В. Эйдманның *ерікті өзін өзі бақылау тесті* қолданылды. (Қосымша F) 30 сұрақтан тұратын бұл сынақта «табандылық», «сенімділік» шкалалары бойынша 10-суретте нәтижелер анықталды.



Сурет - 10. А.Г. Зверьков, Е.В. Эйдманның ерікті өзін-өзі бақылау тесті бойынша алынған алғашқы нәтижелер диаграммасы

Тестен алынған нәтижелер бойынша, бақылау тобы мен эксперименттік топтарының табандылық және сенімділік шкалаларының жоғары, орта, төмен көрсеткіштері өзара айырмашылықтарының аз екенін көрсетті. Бұдан сыналуды болашақ педагогтардың өз мамандықтарына деген көзқарасына айтарлықтай сенім мен оған деген ниет-ықыласының селқостығын айтуға болады.

Келесі бәсекеге қабілетті педагогты сипаттайтын тағы бір қыры оның рефлексияға қабілеттілігі болса, оны диагностикалау үшін М.Гранттың *«Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі»* атты әдістемесі қолданылды. (Қосымша Д) Алынған сауалнаманың бастапқы нәтижесі төмендегі суретте беріледі. Эксперимент барысында автоматты түрде шығарылған қорытынды негізінде сауалнамға қатысушылардың «жоғары» деңгейді - 10%; «жоғарыдан төмен» деңгейді - 15%, «орта» деңгейді - 40% , «ортадан төмен» деңгейді - 20%, «төмен» деңгейді - 15% көрсеткендері белгілі болды. Сауалнама нәтижесін 11-суреттен көруге болады.



Сурет – 11. «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейінің» диаграммасы (М.Грант бойынша)

Суреттен көріп отырғанымыздай студенттердің рефлексияға бағыттылығы орташа деңгейде. Жоғары және жоғарыдан төмен деңгей 25 пайызды құраса, орта, ортадан төмен, төменгі деңгейлердің жиынтығы 75 пайыз болып отыр. Бұл студенттердің көпшілігінің өз әрекетіне баға беруге дағдыланбағандығын көрсетеді.

Әдістемелер болашақ педагогтардың тұлғалық сапасы-бәсекеге қабілеттілігінің жиынтықтан тұратынын анықтауға мүмкіндік берді. Айқындаушы эксперимент барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтардағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі әлі де дамытуды қажет ететінін көрсетті.

Қорыта келгенде, болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейінің экспериментке дейінгі диагностикасы бұл бағытта мақсатты жұмыс жасау қажеттілігін көрсетті. Бұл зерттеу-жұмысымыздың алғашқы тараулары мен параграфтарындағы берілген мазмұн мен әдістемеге байланысты арнайы ұйымдастырылған «Кемел» ресурстық орталығының аясында жүзеге асырылды. Зерттеуде жүргізілген жұмыстардың сипаттамасы келесі параграфта беріледі.

3.2 Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы әлеуметтік серіктестік технологиясының әлеуеті

Маман даярлаудың сапасы мен оның біліктілігіне қойылатын талаптарға сай кәсіби білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыру болып табылады. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогикалық жүйе ретінде сыртқы ортамен тікелей байланысады. Ол байланыс оқу орынының әрекетінің тиімділігін арттыруға, басқару ісінің құрылымын жетілдіруге, даму болашағын бағдарлап, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік серіктестік құрудың тетіктерін қалыптастыру қазіргі кездегі кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыттарының бірі болып отыр [216].

Біздің зерттеу жұмысымыз болашақ педагогтардың кәсіби білім алу барысында бәсекеге қабілеттілігін дамытудың инновациялық формасы ретінде әлеуметтік серіктестік технологиясын (сурет-12) алып отырғандықтан, оны жүзеге асырудың жалпы шарттарын сипаттаймыз.

Әлеуметтік серіктестік технологиясының әдістемелік бағыттарына мыналар жатады: жоғары оқу орындарында мамандар даярлаудың мазмұнын жетілдіруге; оқу процесіне жаңа әдіс, технологияларды ендіру; студенттердің кәсіби практикасының тиімділігін арттыру; болашақ педагогтардың білім беру ұйымдарының педагогикалық әрекетіне араласуына жағдай жасау; олардың педагогикалық мамандық туралы жағымды пікірлерінің қалыптасып, сүйіспеншілігінің артуына ықпал ету; мұғалім мамандығы туралы жақсы қоғамдық пікір қалыптастыру.



Сурет-12. Әлеуметтік серіктестік технологиясын жүзеге асыру алгоритмі.

Аталмыш технология әріптестікті жобалауда қолданылатын әдістер мен тәсілдерді дамыту, әлеуметтік саладағы өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру ұстанымдарын және тәсілдерін түсінуге үлес қосады [217]. Технологияны ендірудің мақсаттары әлеуметтік әріптестік саласында болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, өзара бірлескен іс-қимыл саласында коммуникативті құзыреттілік, студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік өзара әрекеттесуді қалыптастыру дағдыларын дамыту және әлеуметтік әріптестіктегі практикалық мәселелерді шешу жолымен қол жеткізу болып табылады. Технология әлеуметтік әріптестік саласында тиімді қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді - әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі модельдерін құрастыру, әлеуметтік салада басқарушылық міндеттерді шешуде негізгі ұйымдастырушылық шараларды орындау дағдыларын дамытуды нәтижелі етеді.

Кәсіби білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті жүзеге асырудың негізгі түрі өнеркәсіптік оқыту, үздіксіз білім беру және т.б. туралы ережелерді қамтитын ұжымдық келісімдер болып табылады. Көптеген елдерде жұмыс берушілер ұйымдары мен кәсіподақтар өндірістік оқыту жүйесіне белсенді қатысады. Оған қоса, практикалық сабақтар, жұмыс орнында оқыту, анықтамалар бойынша, белгілі бір кәсіпорындар деңгейінде жұмыс берушілердің болашақ маман даярлауға белсенді араласуды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік оқытуды жүзеге асыру барысында әлеуметтік серіктестер тәуелсіз оқу орталықтарын және үздіксіз кәсіби білім беру мекемелерін ұйымдастырушылар ретінде жиі әрекет етеді.

Кәсіби білім беретін жоғары оқу орнында әлеуметтік серіктестік жүйесін құру үш кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең - **дайындық**. Дайындық кезеңінің басты мақсаты – оқу орнында шешілуге тиісті міндеттер қатарын анықтау. Оған мамандықтар бойынша білімді практикалық жолмен тиянақтап, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасап, ықпал ететін білім мекемелерін, оларды ұйымдастыратын тұлғаларды айқындау, бірлескен әрекеттің жоспарын құру жатады.

Екінші кезең - **ұйымдастырушылық**. Бұл кезеңнің мақсаты-әлеуметтік серіктес ұйымдармен тұрақты қарым-қатынас орнату. Оның аясында ынтымақтастық туралы келісімдер жасау, әлеуметтік серіктестердің әртүрлі санаттарымен өзара әрекеттесу технологиясын әзірлеу, яғни, болашақ әлеуметтік серіктестік жүйесінің элементтерін құрып, серіктестік нысандарын анықтап, білім беру ұйымдарының серіктестерін құру жұмыстары жүргізіледі. Екінші кезеңнің басты қорытындысы-әлеуметтік серіктестіктің болашақ жүйесінің негізгі құрылымдық элементтерін түзу.

Үшінші кезең – **жүйе құраушы**. Бұл кезеңнің мақсаты - әлеуметтік серіктестіктің қалыптасқан және пайда болатын элементтерін жүйеге біріктіру. Серіктестермен тұрақты ынтымақтастықта болып, байланысты үзбеу, орнының қызметкерлерінің ең маңызды қызметтік міндеттерінің санатына жатады. Бұл үшін лауазымдық нұсқаулықта түсіндірулер жасалады, әлеуметтік әріптестік

оқиғалары оқу орнының жұмыс жоспарына енгізіледі және т.б. Білім беру ұйымының маңызды іс-әрекеттерінің бірі - бұл процестің барлық қатысушыларын біріктіретін, олардың арасындағы қарым-қатынасты реттейтін әлеуметтік серіктестіктің ұйымдық құрылымын қалыптастыру.

Студенттер таңдаған пәндердің қосымша бөлігі жұмыс берушіге әртүрлі профильдер үшін бір бағытта топтарды тартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның талабы бойынша, қолданыстағы бағытта жаңа оқыту профилін құруға болады.

Әлеуметтік әріптестік технологиясы оқу орыны деңгейінде жасалып, жүзеге асады: *біріншіден*, оқу орынында әртүрлі қоғамдық кездесулер өткізу үшін түрлі ғимараттар жеткілікті. Оларда кәсіби мәселелерді, жолдар мен тәсілдерді талқылауға шешімдерді талқылап, өзара әрекеттесу жолдарын анықтауға мүмкіндіктер бар.

Екіншіден, жоғары оқу орны - бұл педагогикалық білімі бар және балалар мен ересектерге тең дәрежеде қолданылатын оқыту, мәдени, білім беру, тәрбиелік, ұйымдастырушылық іс-әрекеттердің практикалық дағдылары бар әуесқойлар тобы.

Үшіншіден, жоғары оқу орны күнделікті білім беру және тәрбиелеу іс-шараларында түрлі әлеуметтік іс-әрекеттер мен инновацияларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық ресурстарға, үлкен алаң мен жабдықтарға, кеңсе техникасына ие.

Ал әлеуметтік серіктестер ретінде таңдалатын мекемелер нақты және әлеуетті болуы ойластырылуы керек. Нақты әріптестер - білім беру мекемесі жұмыс істейтін субъектілер немесе ұйымдар, үнемі байланыстар мен өзара әрекеттесу бағдарламалары. Әлеуетті әріптестер - бұл оқу орнының тұрақты байланыстары жоқ адамдар, бірақ олармен ынтымақтастық бірлескен жұмыстарды ұйымдастыруда нәтижелі болуы мүмкін деп есептейді.

Енді зерттеу жүргізу барысында өз тәжірибемізде қолданылған әлеуметтік серіктестік технологиясының мысалында болашақ педагогтарды даярлау сапасына әсерін қарастырамыз.

Технологияны ендіру зерттеу жұмысына тартылған мамандыққа қатысты Педагогика және психология институтының серіктес ұйымдарын анықтап, олармен үш жақты келісім шарттар жасаудан басталды. Келісім шарттарда – университетте білім алушыларға қойылатын жаңа талаптарға сай бәсекеге қабілетті педагог-психологтарды сапалы дайындаудың жалпы ережелері сипатталды. Үш жақты келісім шарттарды Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, серіктес ұйымдардың: мектеп, психологиялық орталық жұмысына байланысты атқаратын міндеттері жан - жақты ашып көрсетілді. Оларда келісім шартқа отыратын барлық жақтардың жұмыстарының басты бағыттары нақтыланды.

Бұдан кейінгі қадам әлеуметтік серіктестік ұйымдарда практикалық әрекеттерге қатысатын студенттер анықталып, олардан еріктілерден құралған «КЕМЕЛ» ресурстық орталығы құрылып, жарғысы, бағдарламасы бекітілді.

Еріктілер (волонтер) – латынның «voluntarius» сөзінен шыққан, адамның өз еркімен, өзінің есебі арқылы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласушы деген

сөз. Ал, ерікті болу дегеніміз – қоғамға қажет екенінді сезініп, адамдарға пайданды тигізу. Біздің жағдайымызда болашақ педагогтардан құрылған еріктілер өз мамандығының қыры мен сырын сол іске араласа жүріп игеру, әлеуметтік серіктес мекемелердің қызметкерлерінің жұмыстарына көмекші бола жүріп практикалық біліктер мен дағдыларды меңгеруге тиісті болды. Ерікті болатын себебі, өз қалауы бойынша, ол үшін ешнәрсе талап етпей серіктес мекемелер жұмысына араласуында. Бұл әсіресе мектепте белгілі бір пәнді жүргізбейтін «педагогика және психология», «әлеуметтік педагогика», «психология» мамандықтарында оқитын студенттер үшін аса қажет.

Бағдарламаның негізгі идеясы: «Ұлттың келешегі - болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігінде».

«КЕМЕЛ» ресурстық орталығының негізгі мақсаты: *өзіндік азаматтық ұстанымы мен құндылық бағдары бар; еңбексүйгіш және шығармашыл; тәуекелшіл, үздіксіз өзін-өзі дамытуға қабілетті; өз кәсібінің мәнін терең ұғынатын; әрекеттің сапалы нәтижесіне ұмтылатын болашақ педагогтарды даярлауды жүзеге асыру.*


«КЕМЕЛ» ресурстық орталығының міндеттері:

- болашақ педагогтардың кәсіби әрекетке практикалық жолмен дайындауды ұйымдастыру;
- болашақ педагогтардың құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Ресурстық орталықтың толық жұмыс мазмұны қосымшада беріледі. (Қосымша Е)

Жоғарыдағы бірлескен әрекет жоспарында мамандар даярлау ісіне қатысты практикалық жұмыстарды бірлесіп жүргізу атап айтсақ: бір жағынан, түлектердің қорытынды мемлекеттік аттестациясына жұмыс берушілердің қатысуы; мектеп мұғалімдерінің университетте ұйымдастырылатын конференцияларға қатысуы, еңбектерін университет баслымдарында жариялау; университет ғалымдарының серіктес ұйымдарда дәрістер өткізуі, кеңес беруі сияқты шаралар болса, екінші жағынан болашақ педагогтардың олардың оқу білімдік, тәрбиелік, психологиялық, ұйымдастырушылық іс шараларына қатысулары қарастырылды. (Қосымша Ж)


Еріктілер орталығын құруда 5B010300-Педагогика және психология мамандығының 2 курс студенттері үшін арнайы сауалнама құрастырылып, олардан болашақ қызмет ететін мекемелерін таңдауға ерік берілді. (Қосымша З)



Сурет-13. Еріктілердің таңдауы бойынша серіктес мекемелерге бөлінуі

Сауалнама барысында болашақ мамандардың: қала мектебіне - 18%, педагогикалық колледжге - 14%, психологиялық орталыққа - 68% баруға өздерінің қалаулары бойынша бөлінді.

13-суреттен мектептің педагог-психолог мамандығын болашақ педагогтардың таңдауы психологиялық орталықтан едәуір төмен көрсеткіш көрсетуде. Себебі мамандыққа мотивацияның аздығы, мектептерде еңбекақының төмендігі және т.б. факторлар мен байланысты. 5B010300 – Педагогика және психология мамандығын бітірушілер негізінен жалпы білім беретін орта мектептерде, психологиялық қызмет көрсететін орталықтарда, колледждерде қызмет атқару мүмкіндігіне ие болғандықтан, суреттен көрініп тұрғандай соған қатысты білік дағдыларды (құзыреттіліктері) 14-суретте қарастырылды.



Сурет – 14. Еріктілердің «Кемел» орталығының жұмысы арқылы болашақ педагогтардың қалыптасатын құзыреттіліктері

Біздің ойымызша, ресурстық орталықтың жұмысы арқылы болашақ педагогтардың *практикалық* (арнайы) *құзыреттіліктері* (кәсіби еңбегінде қолданылатын техника мен технологияларды білуі, шығармашылық әлеуетін дамыту); *әлеуметтік құзыреттілік* (өзіне жауапкершілікті ала білу мен шешімді қабылдау қабілеті, топтасып бірлесе шешім қабылдау, дау - дамайды реттеу, білім субъектілерімен тиімді өзара әрекеттесу); *психологиялық құзыреттілік* (рефлексиялық мәдениеті, сыни ойлау, шешім қабылдау, эмпатия, т.б.); *ақпараттық құзыреттілік* (жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруі, практикалық әрекетте қолдана алуы); *коммуникативтік құзыреттілік* (қарым қатынасқа түсе алу, сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейде болуы, оқушылармен,

ұстаздармен, ата аналармен тіл табыса алу) құзыреттіліктері қалыптасып дамиды.

Бұдан кейін «Кемел» ресурстық орталығының жұмысы арқылы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуды қамтамасыз ететін әдістеме дайындалды. Енді болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін КЕМЕЛ ресурстық орталығы жұмысында пайдаланылған әдістердің кейбіріне тоқталып өтейік.

Тренинг – /training ағылш.- оқыту, тәрбиелеу/ білім, білік, дағды мен тұлғаның әлеуметтенуін дамытуға бағытталған белсенді әдіс. Болашақ педагогтың өзін барлық қырынан ашып көрсетуіне және өзіндік психологиялық мәселелерді шешу тәсілдерін іздеуіне әсер етеді. Біздің зерттеуімізде болашақ педагогтардың анықталған дағдыларын дамытуға арналған, өзіндік жол таба білуді айқындайтын үш модель дағдылық тренингтер пайдаланылды: мәселелерді шешу, қарым-қатынас, жігерлілік, өз-өзіне сенімділік, ойлаудың сыншылдығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі, жеке ерекшелікті дамыту, тәжірибе тұжырымдамалау және т.б.

Практикалық жұмыста студенттермен тренингтің кейбірінің сипаттамасы келесі параграфта, ал толық нұсқасы өзіміз дайындаған практикалық құралда беріледі.

Коучинг - / Coaching - сөзбе-сөз дайындау, жаттықтыру; әріптестердің құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үдерісі. *Коуч* - / Coach - әріптестеріне нақты тақырыптар тұрғысынан өзінің кәсіби білімін, білігін және дағдыларын жақсартып, жетілдіруге көмектесетін тренер, маман, сарапшы. Бұл үшін коуч білім алушы не істеу керектігін түсініп, қалаулы нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін интербелсенді тәсілдерді өз бетінше анықтауға жағдай жасайды.

Эксперимент барысында пайдаланылған коучинг әдісі қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексивтік диалогқа тарту негізінде серіктес мекеме қызметкерлері тәлімгерлік үдерісімен өз практикасын студенттермен бөлісуі ойластырылды. Коучинг нақты тақырып бойынша студенттердің болашақ мамандыққа деген қызығушылықтарын арттырып, олардың өздерінің белгілі бір педагогикалық әрекетті өз бетінше жасап көруіне кәсіби қолдау көрсетуді көздеді.

Консалтинг – білімнің анықталған аймағында кеңес беру. Кеңес беру барысында мәселелердің пайда болу себептері түсіндіріледі. Бүгінгі қоғамдық мәселелерге себепкер болып отырған оқиғалар контекстінде тұлғалық тәжірибелерді қарау іске асады, яғни, нақтыланған мәселе тақырыбы аясында эксперттік тұрғыда көзқарас ұсынылады.

Жалпы алғанда консалтинг болашақ педагог тұлғасындағы дамуды басқару мен ұйымдастыру процесіндегі мәселелерді шешуге байланысты интеллектуалдық қызмет түрі. Зерттеу жұмысымыздағы оның ерекшелігі серіктес мекемелердің педагогтарының болашақ педагогтың ұйымдасқан іс-әрекетіне кеңес беру, бақылау ретінде жоспарланып, жүргізілуінде.

Пікірталас әдісі – оқу материалының дау тудыратын тақырыбын

қарастыруға, талдауға бағытталған және білім алушылардың әр түрлі ұстанымдарын бір арнаға тоғыстыратын оқыту тәсілі. Бұл әдіс проблемалық жағдаятқа негізделген және семинар сабақтарында кеңінен қолданылады. Пікірталастың туындауына теорияны қорытулар мен ережелер, қағидалар, теорияны практикамен алмастыру, ғылым мәселелерін талқыға салу, проблеманың бүгінгі таңдағы көрінісі себеп бола алады.

Пікірталас түрлері:

-топ оқушыларының жалпылама түрде бір проблеманы шешу барысына аяқ астынан пайда болатын пікірталас;

-әр түрлі педагогикалық құбылыстарға өзіндік ұстанымын білдіру үшін сенімін қалыптастыруға бағытталған пікірталас;

-арнайы педагог туындатқан нақтылы ақпарат пен дәлелді дәйектерге сүйенген оқу пікірталас.

Пікірталас әдісін қолданып өткізген семинар сабағынан үзінді келтірейік.

1) Оқытушы сабақ тақырыбын хабарлап, өзі пікірталасты жүргізуі немесе көшбасшы-студентті тағайындауы мүмкін.

2) Студенттер проблеманы шешудің жолдарын, ойларын беделді дереккөздерге (теориялар, концепциялар, ілімдер) сүйене отырып білдіреді.

3) Оқытушы немесе көшбасшы-студент барлық ойларды тақтаға жазады әр нұсқаны талқыға салады, оларды маңыздылығына, мәніне қарай орналастырады.

4) Пікірталас соңында талқылау нәтижесінде соңғы шешімдер қабылданады.

«Іскерлік ойындар» әдісі – оқу-кәсіби міндеттердің ережелер бойынша ойын формасында шешілетін оқыту тәсілі. Білім алушылар кәсіби іс-әрекеттің үзінділерінен көрініс қоя отырып, түрлі рөлдер мен кәсіби іс-әрекет түрлерін орындайды.

Іскерлік ойынның міндетті бөліктері бар, олар:

-дидактикалық мақсаттың болуы: білімді жүйелеу мен нақтылау, іскерлік жүйесін қалыптастыруға ұмтылу, тұлғаның кәсіби деңгейдегі қасиеттерін қалыптастыру;

-оқу-кәсіптік ойын міндеттерінің болуы: ойынға қатысушы өзінің қандай міндетті шешу керектігін нақтылы білген дұрыс;

-ойын жағдаятының болуы: ойында қарама-қайшылық, тараптар «шекісуі», әр түрлі көзқарастар мен ойлар элементі болуы керек;

-ойынның бірлескен сипаты: ойынға қатысушылардың барлығы өздеріне бөлініп берілген рөлдері бойынша өзара қарым-қатынасқа түсулері керек;

-іскерлік ойынның бағытталушы жоспарының болуы: ойын барысын, қатысушылардың негізгі сөздері мен әрекеттерін оқытушы құрастыруы керек, алайда ойын барысында оған қатысушылардың суырып салма өнерлеріне шек қойылмайды;

-бірыңғай нәтижеге қол жеткізу: білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік жетістіктерге жету.

Ойынның негізгі шарттарына тоқталайық:

-ойынға қатысушылардың өзіне тиесілі рөлдерін өз еріктерімен таңдауы;

-ойыншылардың ортақ шешім қабылдаулары үшін диалогтік қарым-қатынасқа түсулері;

-ойынға мүмкін болар жағдайларға байланысты суырып салмалық өнер, модельдеу түрлерін енгізу;

-ойын ережесінің болуы («жазалау жолдары», шектеулер);

-ойынға сайыс, ынталандыру (мақтау, құп алу және т.б.) элементтерін енгізу;

-ойын іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау жүйесін қолдану;

-іскерлік ойынның жоғары серпінділігі, сабақтастығы, зор мәнге ие болуы маңызды.

«Іскерлік ойын» әдісін қолданып өткізілген семинар сабағының өткізу нұсқасын ұсынамыз. Сабақ алдын ала дайындықты қажет етеді және 5 түрлі кезеңді қамтиды.

Алдын-ала даярлық: ойынға қатысушылар дәрістің мазмұнын қайталайды, өз беттерімен әдебиеттерді қарастырып, мүмкін болар сұрақтарға жауаптар дайындайды.

I кезең – ұйымдастырушылық: ойын тақырыбы мен мақсатын түсіндіру, шағын топтар (4-5 адам) мен эксперттер тобын құру (2-3 адам), қатысушыларды ойын шарттарымен таныстыру (уақыты 10 минут).

II кезең – ойынға қатысушылар білімін өзектендіру: әр топ өздеріне қойылған екі сұраққа жауап береді, қалған шағын топтар оны толықтырады. Жауаптар мен толықтыруларды эксперттер үш деңгей бойынша бағалайды: іскерлік, шешендік және этикалық. Осының барлығы ойыншыларды өз рөліне енуіне, теориялық білімдерін еске түсірулеріне ынталандырады, жарыс рухын көтереді (уақыты 20-30 минут).

III кезең – топтардың өзіндік жұмыстары: кәсіби жағдаяттарды оқып, танысу, рөлдерді бөліп алу, сызбаларды құрастыру және т.б. (уақыты 20-30 минут).

IV кезең – ойындық: топтар әзірлеген тапсырмаларын ойнап көрсетеді. Басқа топтың мүшелері олардың іс-әрекеттерін мақұлдап, толықтырады немесе қарсы пікір білдіреді. Эксперттер жарыссөзге шығады, топтардың қойылымдарын бағалайды, тіркейді және осының барлығы аз уақыт ішінде жүзеге асуы керек.

V - аналитикалық кезең. Эксперттер ойын барысын талдайды, сараптама жасайды, ойынға қатысушылар белсенділіктеріне баға береді, қателіктерін, кемшіліктерін айтады.

Іскерлік ойындардың бір нұсқасы *«Мәселелендіру»* деген **блиц-ойыны**.

Блиц-ойының *мақсаты* – аналитикалық, жобалау, жоспарлау, құрылымдау, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, рефлексивтік іскерлік, дағдыларын және күзіндеттіліктерін қалыптастыру.

Блиц-ойынды ұйымдастырудың үлгісін қарастырайық:

I кезең – блиц-ойынға ену кезеңі: тақырыпты, мақсатты жариялау, ойын ережелерімен, бағалау көрсеткіштерімен таныстыру (5 минут).

II кезең – тақырып бойынша ұғымдармен жұмыс өткізу (5 минут):

-мәселе – белгілі бір жағдайдағы адамдардың қажеттілігі туралы білімдері мен оны шешу жолдарын анықтай алмау арасындағы қарама-қайшылықтар;

-мәселені шешу – қажетті альтернативалар ішінен нақтылы іс-әрекет түрін таңдау немесе пікірлерді өндіру үдерісі.

III кезең – білім алушылардың жеке немесе топтық жұмысы: тақырып бойынша мәселелерді белгілеп, оларды шешу жолдарын анықтау (40 минут).

IV кезең – көшбасшылар сөзі (10 минут)

V кезең – блиц-ойынды эксперттеу (10 минут)

VI кезең – блиц-ойынның қорытындысын шығару (5 минут).

Блиц-ойынға қатысушыларды төмендегі ережелермен таныстыру керек:

1) оқу регламентін сақтау (жеке жұмыс – 10 минут; топтық жұмыс – 30 минут);

2) ойынға қатысушылар тобы ойын кезінде бір-бірімен сұхбаттаспауы керек;

3) рөлдерде ойнау:

- көшбасшы – топ іс-әрекетін ұйымдастырады;

- баяндамашы – мәселелерді жүйелейді, ойын білдіреді және өз қорытындысын қорғап шығады;

- дизайнер – баяндаманың негізгі ойларын визуалдайды, баяндамашыға баяндама жасауға көмектеседі;

- оппоненттер – баяндамашы пікірімен келіспейді;

-эксперт – «көтерілген мәселенің» мазмұны мен іскерлік іс-әрекетке шынайы түрде санақ жүргізіп отырады.

«Дөңгелек үстел» әдісі – педагогика бойынша бұрын өтілген білімдерін бекітуге, оқу материалының жеткіліксіз тұстарын толықтыруға мүмкіндік беретін, педагогика бойынша проблемаларды өздігінен шешіп, талдау жасай алу қабілеттерін дамыта түсетін әрі пікірталас жүргізе білу мәдениетін қалыптастыратын оқыту тәсілі.

Бұл әдісті өзекті деп саналатын және әр түрлі көзқарас тудыратын тақырыптар бойынша семинар сабақтарында қолдануға болады. Әдістің ерекшелігі тақырыптық пікірталас пен топтық кеңес арасындағы үйлесімділік туғызып, «дөңгелек үстел» ұйымдастыру, яғни, «көзбе-көз» пікір алмасу. Қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы қарап отырады, ал оқытушы да осы топтың тең дәрежелі мүшесіндей үстелден орын алады.

Төменде осы әдісті қолданып өткізілетін сабақ үлгісі беріліп отыр. Сабақ төрт кезеңнен тұрады:

I кезең – дайындық: білім алушылар өз бетінше әдебиетпен танысады, қысқаша тезис құрастырады (сабаққа дейін 1-2 апта бұрын).

II кезең – мақсатты-ұйымдастырушылық: оқытушы тақырыпты, мақсатты, талқылауға шығарылған сұрақтарды хабарлайды, негізгі баяндамашылар, оппоненттер, эксперттер ретіндегі топтарды анықтайды, «дөңгелек үстелге» қатысушылардың ережелерімен таныстырады (уақыт 10-15 минут).

III кезең – «дөңгелек үстел»: сұрақтарды талқыға салу, өз шешімдерін, дәлелдерін келтіру; оппоненттердің ортаға салынған пікірлерді теріске шығаруы;

эксперттердің айтылған пікірлерін тіркеп отыруы және «дөңгелек үстелге» қатысушылардың белсенділік деңгейін анықтау (уақыт 30-40 минут).

IV кезең – қорытынды: оқытушы талдау жасап, жалпы қорытындысын шығарады, топтардың жұмысына жалпы баға береді, алдағы уақытта талқыға салынатын сұрақтарды, мәселелерді айтып өтеді, ортақ келісімге келерлік шешімдер мен ұсыныстарды шығарады (уақыт 20 минут).

«*Кейс әдісі*» әдісі отандық жоғары оқу орындарында АҚШ, Канада бизнес-мектептерінің практикасынан алынып, қолданысқа еніп отыр. Бұл әдіс аналитикалық іскерліктерді, проблемалық міндеттерді шешудегі практикалық іс-әрекеттерді, ауызша және жазбаша дағдыларды қалыптастырады.

«Кейс» сөзі (ағылш. case – жағдаят) білім беруде екі мағынада қолданылады: оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы және кейбір жағдаяттарды сипаттау. Жағдаят – белгілі бір проблемамен біріккен жағдайлар үйлесімділігі.

«Кейс-стади» әдісі оқытудың нақтылы жағдаяттарды қолдану және зерттеу тәсілі. Әдіс студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне, белсенділігі мен бастамашылығын арттыруға және ақпаратты үйрену мен талдап қорытуға, аудитория алдында өз көзқарасын дәлелдеуге бағытталған.

Кейстер көлеміне қарай классикалық «үлкен» (20 беттен артық), орташа (5-15 бет) және мини-кейстер (1-5 бет) деп ажыратылады. Осылардың ішінде ең тиімді қолданылатыны мини-кейстер, өйткені оларда тек қажет деп табылатын ақпараттар ғана жинақталады, шешім қабылдауға тиіс сұрақтар саны да көп болмайды.

Мазмұнына қарай «иллюстративті» (сипаттамалы) кейс, «жағдаяттық есеп» кейс, «мәселе», «шешім», «баға» кейстері болады.

«Иллюстративті» кейсте кәсіби қырынан толық, практикалық мысалдары жақсы таңдалған, теориялық ережелері жеке көрсетілген, сәтті, сәтсіз шешімдер, ғылымда анықталмаған, дәлелденбеген мәселелер сақталады. Мұндай кейс көлемі жағынан үлкен емес. Мысалы, «иллюстративті» кейсті педагогика пәні бойынша «Тәрбие әдістері», «Оқыту әдістері», «Мектеп жетекшісінің басқарушылық мәдениеті» және т.б. тақырыптар бойынша жинақтауға болады.

«Жағдаяттық есеп» кейсі бір ғана дұрыс жауабы бар бір есепті шешуге ұсынады және жалпылама нұсқаулық береді. Мысалы, оқу сабағын қалай жобалауға болады т.б. Кейбір «жағдаяттық есептерді» орындау барысында нормативті құжаттарды (ҚР МЖМБС, бағдарламалар, оқу әдебиеті және т.б.) басшылыққа алуға тура келеді.

«Мәселе» кейсі мәселені анықтау мен талдаудан тұрады, өйткені кейсте нақтылы мәселе көрсетілмейді. Оны талдау барысында мәселенің шығу себептерін анықтауға мүмкіндік туғызылады.

«Шешім» кейсі мәселені шешудің нақты жолдарын ұсынады. Білім алушылардың міндеті ұсынылған шешімді қабылдап, дәлелдеу немесе өз шешімінің нұсқасын ұсыну және оның тиімділігін көрсету.

«Баға» кейсі жұмыстың тиімділігін, іс-әрекетті және белгілі бір көрсеткіштерге лайық нәтижені бағалаудан тұрады.

«Кейс-стади» әдісін іскерлік ойынның құрамдас бөлігі деп қарауға болады және оны семинар сабақтарында қолданған дұрыс.

«Кейс-стади» әдісінің құрылымдық элементтері болып презентация, дидактикалық жетекшілік жасау жатады. Әрбір элементке жеке тоқталайық.

Тарих қатысушы тұлғалардан, ақпарат жинастырудан, кәсіпорындарға, мекемелерге барудан, зерттеу нәтижелерін рәсімдеуден тұрады.

Жағдаят презентациясы студенттер жұмысының шиеленіскен тұсынан хабарлар етеді: қосымша материалдар көмегімен жағдайды сипаттау, оқиғалар хронологиясын жазу және т.б. Эпилогта мәселені шешудің нұсқасы беріледі. Студенттер бойында оқиғаны, жағдайды зерттей түсу қажеттілігі, мәселені шешудің жаңа жолдарын іздестіру секілді сезімдерді тудыру оқу презентациясының басты құндылығы болып табылады.

Оқытушы дидактикалық жетекшілікті дайындайды: мақсатты айқындайды, жағдаят түрін ұсынады (ойдан шығарылған немесе шынайы), студенттерге сұрақтар әзірлейді, «жады картасын» өңдейді: а) студент нені біледі; б) студент нені білмейді; в) нені шешу керек; г) тапсырмалар мен оны өткізу мерзімін белгілейді.

Осындай сипаттамалардан соң «мәселе» кейсі әдісімен өткізілетін сабақ үлгісін ұсынамыз.

I кезең – студенттер сабақ тақырыбымен танысады, жағдаят не оқиғаны ойдан құрастырады, мекемелерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға барады, осы мәселемен айналысатын мамандармен кездеседі, презентация әзірлейді, пікірталас үшін сұрақтар құрастырады, үлестірмелі және иллюстративті материалдар дайындайды.

II кезең – студенттер өздерінің презентацияларын көрсетіп, өз ойларын, пікірлерін дәлелдейді.

III кезең – шағын топтардағы жұмыс: студенттер ұсынылған мәселені өзара талқылап, ортақ мәмілеге келеді.

IV кезең – оқытушы жетекшілігімен жалпы топтық талқылау жүргізіледі. Талқылаудың ерекшелігі оқытушының ешбір студенттің ойын талдамауы, бағаламауымен сипатталады. Кез келген ой дұрыс деп саналады, қабылданады.

Әдістің «мықты» жақтары: студенттердің сабақта және одан тыс уақыттардағы белсенділіктері мен өз-өздерін дамытуларына себеп болады. Олардың шығармашылық, талдау жасау, ұйымдастыру қабілеттерінің арта түсуіне негіз болады. Әдістің «әлсіз» тұстары: студенттердің де, оқытушының да дайындығы үшін қосымша уақытты қажет етеді.

«Кейс-стади» әдісін қолданып өткізген іс-шаралар білім алушыларға өте ұнайды және оларды қызықтырады.

Оқытудың белсенді әдістері болашақ педагогтардың оқу іс-әрекетін ынталандыру тәсілдерімен күшейе түседі. Ары қарай жекелеген әдістемелік тәсілдерге тоқталайық.

«Таза үстел». Студенттер семинар сабағында оқулықсыз, конспектісіз жұмыс істеу керек деген сөз. Бұл тәсіл студенттердің сабаққа мұқият дайындалуын талап етеді және студент те жауапты еш жерден көре алмайтынын,

келесі сұрақ жауабын оқи алмайтынын анық білетін болады. Бұл тәсілді қолдану барысында студенттердің ес, жады, ойлау қабілеттері артып, коммуникативтік, өзін-өзі бағалау қасиеттері мен білім сапасы арта түседі.

«Ойлы (ақылды) сұрақ». Студент баяндамашы рөлінде сөз сөйлейді, қалғандары оны тыңдай отыра, «ойлы (ақылды)» сұрақтар әзірлейді. Үздік сұрақтар ретінде себеп-салдарлық, проблемалық сұрақтар қабылданады.

«Жаңғырық». Проблеманы талқылау шеңбер бойымен жүреді: бір студент проблеманы туындатады, қалғандары оны жан-жақты қарастырады, тереңдетеді, бірақ, ең алғашқы тезисті ғана толықтырады. Оқытушы талқыланған проблеманың қорытындысын шығарады. Бұл әдістемелік тәсіл студенттердің ойлау жүйелерін дамытып, назарларын жинақтап, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.

«Тек фактілер». Белгілі бір тақырып бойынша студенттер «фактілер» карточкасын жасайды. Әрбір карточкада студенттің басқа қатысушылармен бөліскісі келетін ақпаратының не фактісінің бір үзігі болуы керек. Қатысушыларға бір карточкадан (мөлшері 3x5) таратылып беріледі. Әрбір студент жекелеген немесе таңдалынып алған фактіні алады (сонда екі не үш студент бір ақпаратты алуы тиіс). Студент карточкадағы ақпаратты оқып шығу үшін бірнеше минут уақыт алады. Әрқайсысында карточкада жазылған ақпаратпен танысуға, оны қалғандарына, мүмкіндігінше, шағын топқа түгелдей таныстыруға және олардың карточкасында жазылған фактілермен танысу үшін он минут уақыт жеткілікті.

Осы тәсілді қолдану барысында студенттер педагогикалық практикаға еріктілер ретінде қатысқан жұмыстары барысында байқаған, кездескен қиыншылықтарды талдауға мүмкіндік алды. Оларды тиімді шешудің жолдарын бірлесе талқылау ойластырылды.

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін зерттеуде шығармашылық тапсырмаларды орындау білім алушылардың кәсіби қызығушылығын, мотивациясын арттырады. Өзін-өзі жетілдіру, дамытуды жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп, болашақ педагогтар өздерінің қалаулары бойынша, болашақ кәсібінің профессиограммасын түзіп, кәсіби міндеттерін анықтау, мақсат қою, алдағы іс-әрекетін жоспарлау арқылы бәсекеге қабілетті маманға лайық шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Соған қарай, практикалық-эксперименттік жұмыстың осы кезеңінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың нақтыланған деңгейі көрініс берді. Бағдарлама аясындағы түрлі технологиялардың негізінде дамыту деңгейін біртіндеп күрделендіруге себеп болды.

Болашақ педагог-психологтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға арналған практикалық жұмыс бұл бағытта университетпен бірлесе жұмыс жасайтын әлеуметтік серіктестік мекемелері анықталып, онда студенттердің алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруына мүмкіндіктер жасалды. (Қосымша К). Серіктес мекемелер ретінде Алматы қаласы №92 М.Ганди атындағы мамандандырылған лицей, «Нұр бағдар» мемлекеттік психологиялық орталығы, №1 педагогикалық колледж алынып, олармен ЖОО, болашақ педагог,

жұмыс берушілердің міндеттерін нақтылай көрсетілген екі жақты келісімшарттар жасалынды. (Қосымша Қ, Л, М). Экспериментке қатысушы студенттермен сауалнама жүргізіліп, педагогика және психология институты жанынан «Кемел» ресурстық еріктілер орталығы құрылды. Практикалық – эксперименттік жұмыстың барлық құжаттары институт басшылығымен бекітілді. Болашақ педагог-еріктілерден құралған ресурстық орталық бағдарламасының аясында мақсатты түрдегі жұмыс оқу жылы ішінде бекітілген келісім - шарттарда көрсетілген міндеттер бойынша орындалды. Оларда жұмыс берушілердің талаптары мен болашақ педагогтардың ерікті түрде орындайтын міндеттері нақтыланды. Келісім шарттар болашақ педагогтардың өздерінің ерікті түрде таңдауына орай, мектеп, колледж, психологиялық орталықтарға арнайы құрастырылды .

Сонымен, біз әзірлеген әдістемелер еріктілермен жұмыстың барлық кезеңдердің әрқайсысына әсер етуді көздейді, сондай – ақ олар болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға елеулі үлес қосады деп санаймыз.

Педагогтарды көп деңгейлі дайындауға көшу жағдайында еңбек нарығына қажетті бәсекеге қабілетті маман даярлау Қазақстанның білім саласын реформалаудың негізгі мақсаттарының бірі болғандықтан, әлеуметтік серіктестік мамандарды кәсіби даярлауда ЖОО мен әлеуметтік институттардың еріктілік, өзара тиімділік, өзара қолдау, өзара келісім, өзара жауапкершілікпен сипатталатын, өркениетті қарым – қатынасының, бірлесуінің жүйесі. Бұл жағдайда білім алушылардың таңдаған мамандықтары бойынша алған теориялық білімдерінің практикаға терең пайдалану мүмкіндіктері молаяды, кәсіби шешімдер қабылдауға машықтану, кәсіби тұлғалық сапаларының дамуы мәселелері тиімді шешіледі.

3.3 Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға арналған тәжірибелік - эксперименттік жұмыс және оның қорытындылары

Зерттеу жұмысымыз бойынша қалыптастыру эксперименті 2017-2018 оқу жылында жүргізілді.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты - болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілік сапаларын практикалық жолмен дамытуға мүмкіндіктер жасау болып табылады.

Алдымен эксперименттік топтарда болашақ педагогтармен жалпы педагог мамандығы, оның мәртебесі туралы түсіндіру, талқылау жұмыстар жүргізілді. Бұл мақсатта *«Шағын топтар»* әдісі таңдап алынды. **«Педагогикалық мамандықтың мәні»** тақырыбында студенттер топтарда мамандықтың қоғамдағы мәні, қазіргі кездегі жағдайы, мұғалім мәртебесі туралы пікірлерін ортаға салды. Олар айтқан пікірлердің басым көпшілігі бұл мамандық барлық мамандықтың бастауы, ешкім мұғалімсіз, оның қызметінсіз ешқандай биіктерді бағындыра алмайды дегенге келіп саяды. Дегенмен де араларында «аз жалақы», «ата аналардың мұғалімдерді қолдамауы», «жас мамандардың әлеуметтік қорғалмауы» сияқты түйткілдер де ортада талқыға түсті.

Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің өз ойларын еркін айту, дәлелдемелер, дәйектер келтіру, шешім қабылдау сияқты қабілеттерін де жетілдіре түседі деп санаймыз. Мұндай сапалар бәсекеге қабілетті әр педагог бойында болуы тиіс. Сонымен қатар, топтық жұмыс алдағы жүргізілетін іс шараларға кіріспе қызметін де атқарды.

Бұдан соң болашақ педагогтарға «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» ұғымдарының мәнін ашу үшін «Миға шабуыл» әдісімен осындай педагогтың портретін жасау тапсырылды. Студенттер топтарға бөлініп, өз үлгілерін жасап, қорғады. Бірлескен талқылау барысында жасалған ортақ шешімде бәсекеге қабілетті педагог: өз таңдаған мамандығын сүйетін, кәсібіне адал, адамгершілігі жоғары, инновациялық белсенділігі жоғары, шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, өз білімін көтеруге деген қажеттілігі тұрақты, кез келген жағдайға жылдам бейімделе алатын ұтқыр, рефлексияға қабілетті ұстаз деген сипаттамаға сай болуы керек деген тұжырым жасалды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында ресурстық орталық жұмысының жоспарына сәйкес болашақ педагогтар жасалған келісім – шарттар негізінде өздері таңдаған білім мекемелері әлеуметтік серіктес мекемелерге экскурсия жүргізілді. Оның мақсаты – студенттердің педагогикалық қызметке қызығушылығын арттыруға, білім беру мекемелерінің жұмысы туралы білімді кеңейтуге ықпал ететін білім беру мекемелерімен байланыстыру. Эксперименттік топ студенттерімен Алматы қаласының М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейі, Б.Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицейлерінде, № 1,2 педагогикалық колледждерде, «Нұрбағдар» мемлекеттік психологиялық орталығында болған кездесулер естерінде қалды деп ойлаймыз. Студенттердің білім беру мекемелері практикасымен өзара байланысы кәсіби мамандықты қалыптастыруға және таңдалған мамандыққа деген қызығушылықты қалыптастыруға оң әсерін тигізді деп санаймыз.

Болашақ педагогтарға кәсіби педагогикалық іс-әрекетте бәсекеге қабілеттілікті дамытудың маңыздылығын ұғындыру үшін ресурстық орталықтың жоспарына сай әртүрлі жұмыстар ұйымдастырылды. Мысалы «Өмірі-өнеге» тақырыбындағы кездесу.

Осы мақсатта Алматы қаласының №159 мектебін ұзақ жыл басқарған Еңбек ері А.Т.Миразованың еңбек жолымен таныстыру жұмысы жүргізілді. «Балаға жүрек жылуы» деп аталатын презентациялық материал көрсетіліп, батыр-педагогтың педагогикалық практикасы жан-жақты талданды. Студенттер осы жұмыс арқылы өз мамандығын дұрыс таңдап, оны шын сүйген адамның сөзсіз жетістіктерге жететіндіктеріне көз жеткізді деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысымыздың практикалық бөлімі бойынша келісім шарт жасасқан әлеуметтік серіктес-білім беру мекемесі Алматы қаласы, М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицей директоры Е.Ә. Жиенбаевпен, және «Нұрбағдар» мемлекеттік психологиялық орталығы директоры Г.Сабуровамен эксперименттік топ ретінде алынған Абай атындағы Қаз ҰПУ, «Педагогика және психология» институтының 5В010300-Педагогика және психология мамандығының 3 курс білім алушыларымен «Бәсекеге қабілетті педагог даярлау

- басты міндет» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел қонақтарының бірі Е.Ә.Жиенбаев өз мектебіндегі жаңашылдық бастамалар, қазіргі заман оқушыларының жас ерекшеліктері психологиясы, мектептегі шығармашыл ұстаздарға қолдау көрсету, олардың жалақысы қалай түзіледі, еңбек ақыны қалай көбейтуге болады, студенттердің педагогикалық практикасының ұйымдастырылу жағдайы сияқты мәселелерді презентация арқылы айтып берді. (Қосымша Н,Н.).

Ал, психологиялық орталық директоры Г.Сабурова қоғамдағы заманауи психологиялық мамандарға арналған құрылғылар жайында көрнекі түрде баяндады.

Студенттер өз кезегінде мектеп директорына сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейге ерікті болып тіркелген студенттер ондағы психологтар, сынып жетекшілері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірге мынадай (кесте-7) жұмыстарды атқарды.

Кесте-7. «Кемел» ресурстық орталығы жұмысының бағыттары

Жұмыс бағыттары	Жұмыс мазмұны	Кіммен бірге
<i>Ағартушылық-білімдік:</i>	- бәсекеге қабілеттілікке түрткі болатын ЖОО мен әлеуметтік серіктестер бірлестігінен тұратын ортада теориялық білімдерін толықтыру мақсатында шеберлік сыныптарға, коучингтер мен кейс стади, пікірталастар, онлайн конференция және тағы басқа іс шараларға қатысу.	Оқу ісінің меңгерушісі, әдіскер мұғалімдер, ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасар
<i>Процессуал-дық іс-әрекеттік</i>	-мектеп, психологиялық орталықтар, колледждердегі оқу-тәрбие процесіне педагогтар мен психологтардың кәсіби әрекеттеріне еріктілер ретінде араласу арқылы тәжірибе жинақтау; - педагог-психолог қызметінің нәтижелерін өңдеу біліктілігі, мәселені қалыптан тыс шешуге даяр болу;	Педагогтар, психолог, сынып жетекшілері,
<i>Рефлексивтік-нәтижелік</i>	- өз кәсіби іс-әрекеттерін өзіндік бағалау, нәтижесін жинақтау, түзетулер енгізу, қорытындылар жасау.	Практикаға жауапты тұлға, өз бетінше

«Педагогикалық идеялар аукционы» түрінде өткізілген жұмыста студенттер өз беттерінше іздену арқылы озық педагогикалық идеяларды, инновациялық тәжірибені талдады (презентация, тәрбие жұмысының жоспары, оқушыларды зерттеу бағдарламалары т.б.). Серіктес ұйымдар мамандары, жұмыс берушілер оларды тындап, ақыл кеңестерін қосып болашақ педагогтың танымдық белсенділігіне, сыни, рационалды ойлауына қолдау көрсетті, оқуды бітіріп нәтижелі жұмыс жасап кететіндіктеріне сенім ұялатты.

Эксперимент барысында М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейдің тәжірибелі ұстаздары: С.А.Жоламанованың математика,

Г.Б.Юлдашеваның қазақ тілі, Т.Б.Мықтыбектің химия пәндері бойынша жүргізілген сабақтарының бейне нұсқасына тәрбиелік-психологиялық жағынан талдаулар ұйымдастырылды:

1. Сабақтың басталуының алдындағы эмоционалдық сәтке психологиялық бағаңыз қандай?

2. Сабақтағы оқушылардың өзара қарым-қатынас әрекетін бағалаңыз?

3. Сабақтағы мұғалімнің оқушымен қатынасын бағалаңыз?

4. Сабақ тақырыбына қарай оқушы қандай құндылықтарды таныды?

5. Сабақта оқушы алған білімін өз бойына сіңіре ала ма? Дәлелдеңіз.

Студенттер сұрақтар бойынша, ойларын білдіріп, нақты мысалдармен дәйектеуге машықтанды. Кейде көзқарас қайшылықтары да кездесіп жатты. Мұндай сәттерде өзіміз тікелей араласып, пікірлер әр алуандығының болуы заңдылық екеніне назар аудардық.

Болашақ педагог-психологтар эксперименттік-практикалық жұмыс барысында мектеп мұғалімдеріне оқушылардың білімдік әрекетін ұйымдастыруға қатысты кеңес беру, сабақ процесін эмоционалдық тұрғыда қанықтыра алу, мұғалімнің имиджі мен қарым-қатынас этикасы жайлы теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға мүмкіндік алды.

«Нұрбағдар» мемлекеттік психологиялық орталығына еріктілер ретінде жазылған студенттер ондағы алдыңғы қатарлы диагностикалық құралдармен, олардың жұмыс жасау мүмкіндіктерімен танысты. Орталықтың жауапты қызметкері Сайыпжамал Ниязова психологтармен бірлесе диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыруға ұйытқы болып, өз практикасымен бөлісті. Орталық директоры Гүлмира Сабурова студенттерді жылы қабылдап, ондағы жаңа қондырғылар, жаңа психологиялық, диагностикалық әдістер, психологиядағы консалтинг жайлы келелі ойларымен практикасымен көрнекі түрде бөлісті. Мысалы студенттер психологиялық консалтинг туралы оның ең алдымен жүйелі түрде жасалатын жағдайды зерттеу, болжау, мәселені шешу жолдарын айқындауға қатысты талдаулар мен жеке қызмет көрсетуден тұратынын түсінді.

